

## **СЕКЦИЯ 8. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРОИЗВОДСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ**

**Абзалбек Ж.С.**, ТПП-32к тобы, ҚКЭУ  
Ғылыми жетекші: «BAYAZIT GROUP» ЖШС  
бас технологы Далибаева Л.Ж.

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі әлемнің сипатты ерекшелігіне интеграциялану мен жаһандану, өзара әркет пен өзара тәуелділік үрдістері жатады. Ешбір мемлекет жеке дара өзге елдермен байланыссыз, әлемдік шаруашылық бірліктерінен оқшауланған күйде дами алмайды.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік шаруашылық жүйесінде халықаралық сауда алдыңғы қатарлы маңыздылыққа ие болып отыр. Елдің халықаралық саудаға қатысуы, сыртқы сауда операцияларын және дербес сыртқы сауда саясатын жүргізуі – елдер арасындағы халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды бөлігі болып табылады.

Кеден одағы мүше болуға байланысты ауыл шаруашылық нарығына ену мен отандық өнімдерді қорғау мәселелері Қазақстан үшін анағұрлым өзекті болып табылады. Қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі мен сапасы төмен, ал елдің ауыл шаруашылығы көртеген себептерге байланысты дағдарысты жағдайды бастан кешуде: ауыл шаруашылығына жеткілікті көлемде инвестициялар тартылмайды, материалдық-техникалық базаның ескіруі, отын-жанармай өнімдерінің қымбаттылығы.

Кеден одағының артықшылықтарын атап өтетін болсақ, біріншіден, бірыңғай кедендік аумақ құру арқылы түрлі бағыттағы ынтымақтастыққа жол ашылады, ең бастысы бірлескен өндіріс орындарын ашу арқылы одаққа мүше елдердің индустрияландыру саясатына ықпал етуге болады. Сыртқы тауарлар экспанциясынан бірлесіп қорғануға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, Кеден одағына мүше елдер бір-бірімен сауда-саттық жасасқанда шекарадан кесіп өтер кезде төленетін кедендік алым-төлемдерден босатылып, қағазбастылықтан құтылады. Үш елдің бүгінгі таңда 2 трлн. долларға бағаланып отырған бірыңғай нарығы бұдан да кеңейе түседі. Бұл өз кезегінде инвестициялық тартымдылығымызды арттыратын көрінеді. Ең бастысы, үш елдің халқы үшін тұтынатын өнімдер ассортименті кеңейеді. Үш елдің арасында бәсекелестік орнайды, бұл өз кезегінде сапаның артуына, тауар мен өнімнің қолжетімділігіне жол ашады. Үш мемлекеттің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік туып, кірісімізді арттырады. Ал кәсіпкерлеріміз өз өнімдерін халықаралық нарыққа шығаруда жаңа мүмкіндіктер мен жеңілдіктерге ие болады [1].

Ұлттық экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен елдің азық-түлік тәуелсіздігін сақтау өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мәселелерді шешу тек азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкін болатындай АӨК-нің даму деңгейіне қол жеткізу қажет.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жүйесіне үнемі оның жалпы тұрақтылығын төмендететін әр түрлі факторлар әсер етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігінің қауіп-қатерлері дегеніміз – өмірдің ең басты ресурстары болып табылатын тамақ өнімдерінің төмендеуі, болмауы немесе бұзылуы, сондай-ақ оның сапасының яғни оның энергетикалық қасиеттерінің нашарлауын білдіреді.

Аграрлық нарықтың қазіргі жай-күйін бағалай келе Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне ішкі және сыртқы қауіптердің әсер ететінін анықтауға болады [2].

Осыған сәйкес, әлеуетті мүмкіндіктер мен ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдаудың артуына қарамастан, елдің азық-түлік тәуелсіздігі күрделі және әлеуметтік қысымдағы сипаттағы мәселе болуы мүмкін.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қазіргі орын алған экономикалық дағдарыс кезінде одан әрі шиеленісе түсуі мүмкін. Сондықтан да алда шешуін күтіп тұрған ең күрделі мәселе – бұл агроөнеркәсіп кешенінің бүгінгі даму деңгейін төмендетпей, одан әрі тұрақты даму үдерісін қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қолдауды күшейту.

Кесте 1. Азық-түлік қауіпсіздігінің ішкі және сыртқы қауіп қатерлері

Қауіп-қатерледі тудырушы факторлар	Мүмкін болатын салдары
<b><i>Ішкі факторлар</i></b>	
Ел халқының көпшілік бөлігінің өмір сүру минимумынан төмен деңгейде өмір сүруі;	Адам әлеуетінің дамуын тежейді, елде әлеуметтік қысым тудырады;
Тағам өнімдеріне сұранысқа халықтың төлем қабілетінің жоғары болмауы;	Азық-түлік нарығының толуына алып келеді және өндірістің дамуын тежейді;
Жеке құрамы бойынша (ақуыз, майлар, көмірсулар, дәремендер) тағам өнімдерінің баланстылығының сақталмауы;	Адам әлеуетінің дамуын тежейді.
Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасының жеткілікті дәрежеде бақыланбауы;	Ұлттың немесе халықтың жекелеген топтарының денсаулығына қауіп тудырады;
Отандық өндірістің жеткілікті жәрежеде дамымауы, оның төмен техникалық және технологиялық жабдықталуы;	Сыртқы нарыққа тәуелділікті арттырады, тәуелсіздікті жоғалту қауіпі туады;
Табиғи және өнеркәсіп ресурстарының тиімсіз қолданылуы;	Ұлттық нарықтың импорттық тауарлармен толуына және ішкі нарықтан отандық тауарлардың шығып қалуына алып келеді;
Экономиканың аграрлық секторында бағалық пропорциялардың бұзылуы;	Азық-түлік тауарларының бағасының өсуі қарқынының жоғарылауы, салаларалық баға диспаритеті орын алуы және ауыл шаруашылығында кеңейтілген ұдайы өндіріс қарқынының төмендеуі;
Азық-түлік нарығы конъюктурасының мүмкін өзгерістерінің мониторингісі мен оларды болжау жүйесінің жеткіліксіз дамуы;	Сұраныс пен ұсыныс балансының сәйкессіздігі, шаруалардың шығынғымүшффрауы, нарықта бағаның өсуі;
Заңнамалық, құқықтық және нормативтік базаның жетілмеуі;	Азық-түлік тауарларын өндіру мен тұтыну құрылымының бұзылуын күшейтеді;
<b><i>Сыртқы факторлар</i></b>	
Әлемдік нарық конъюктурасының қолайсыз өзгеруі;	Шикізат пен азық-түліктің елден шамадан тыс сыртқа шығарылуын тудырады және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қаупін тудырады;
Ипортталатын азық-түлік тауарларының сапасының нашарлауы, гендік-модификацияланған өнім көлемінің артуы;	Экологиялық қысымды күшейтеді және ел халқының денсаулығына қауіп туғызады;

<p>Дамыған елдердің экспортты дамыту мақсатында әртүрлі бағдарламалар мен субсидияларды қолдануы және олардың агрессивті экспорттық саясатты құруы;</p>	<p>Әділетсіз бәсекелестік жағдайын қалыптастырады, отандық тауар өндірушілердің нарықта бәсекелесу мүмкіндігін төмендетеді, импорттық өсуін туғызады;</p>
<p>Азық-түлікті сыртқы экономикалық және саяси қысым құралы ретінде пайдалану;</p>	<p>Ұлттық нарықтың импорттық тауарлармен толуының жоғары деңгейіне алып келеді және ұлттық тәуелсіздігін жоғалту қаупі туады;</p>
<p>Мемлекетаралық қарым-қатынастағы саяси тәуекелдер.</p>	<p>Отандық өнімдердің экспортына қолдан жасалған кедергілерді қалыптастыру, бұл өз кезегінде республиканың имиджін төмендетеді және азық-түлік балансының сәйкессіздігінне алып келеді.</p>

Соңғы жылдары Қазақстанға құрамында ГМО бар азық-түлік пен азық-түліктік шикізаттар келе бастады. Қолданыстағы заңнамаға сай біздің еліміздегі саудаға құрамында ГМО бар азық-түліктерді реттейтін нормалардың барлығына қарамай, ГМО айналысына бүгінгі күнге дейін ешқандай бақылау жасалмай келеді.

Қазақстанда ел аумағында гендік модификацияға ұшыраған азық-түлікті бақылайтын «Гендік инженерия қызметін мемлекеттік бақылау» жөнінде заң жобасы құрылды және қазіргі таңда бұл заң жобасын қабылдау қарастырылу үстінде. Заң жобасын Білім және ғылым министрлігі құрды. Мемлекеттік реттеу, қауіпке сараптама жасау, ГМО-ның мемлекеттік тізілімін құру, гендік-инженерлік жұмысқа және мемлекеттік бақылауға рұқсат беру арқылы жүргізіледі [3].

Заңнама аясында үйлестіру орталығын құру қарастырылған. Оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен ғылыми мекемелер кіреді. Үйлестіру орталығы ГМО-ны тіркегенде тәуекелді сараптамадан өткізіп отырады. Генетикалық модификацияланған нысандардың экспорты, импорты, тасымалдануы, зертханалық сынақтары гендік-инженерлік зерттеулері мемлекеттік бақылауға алынады.

Азық-түлік қорабында ГМО қоспасы жөнінде ақпарат берілмегендіктен қазақстандықтар гендік өзгеріске ұшыраған өнімді шамадан тыс пайдаланады. Бұған елімізде трансгендік организмдерді анықтайтын арнайы лабораторияның жоқтығы сеп болып отыр.

Егер жоғарыда аталған заң жобасы қабылданса, елімізде құрамында ГМО-сы бар балалар тағамы, өндіріске қажетті қоспаларды дайындауға, импорт пен экспортқа түбгейлі тыйым салынады. Қазақстанға тек мемлекеттік тіркеуден өткен ГМО-сы бар азық-түліктер ғана кіргізіледі. Мемлекеттік тіркеуден өту үшін ғылыми дәйегі бар дәлелдемелер келтіріліп, ГМО қауіптілігі жан-жақты сарапқа салынуы тиіс. Дәлелдемелер мен арнайы сараптамалық құжатты импорттаушы немесе өндіруші ұсынуы тиіс.

Сыртқы азық-түлік нарығымен байланысты реттеу мәселесіне келетін болсақ, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда ұлттық азық-түлік нарығын тиімді қоғаудың маңызы жоғары, себебі, қазіргі таңда импорттық жеткізулердің өсуі байқалып отыр.

Сондықтан, отандық АӨК жан-жақты дамуы үшін қолайлы сыртқы жағдайларын құру мен қоладу ел саясатының негізгі мақсаты болуы тиіс. Бұл мәселе әсіресе республиканың алдағы уақытта БСҰ-ға кіруіне байланысты ерекше өзекті болып отыр. Осының салдарынан елдің азық-түлік қауіпсіздігі үшін осы қадамның зияндарын минималдандыру және экспорттық әлеуеттің өсуін ынталандыру, халықаралық еңбек бөлінісінің мүмкіндіктерін ұтымды қолдану қажет.

Алайда қалыптасқан жағдайда импорттық өнімдерден толық бас тартуға боламайды – бұл кейбір тауарлар бойынша нарық тапшылығын тудырады және бағалардың өсуіне алып келеді.

Сондай-ақ, ескере кететін жайт, экономиканың, соның ішінде, ауыл шаруашылық және азық-түлік нарығының жаһандық сипатқа ие болуы объективті дамуға беталыс болып табылады. Сыртқы нарықпен қатынаста отандық ауыл шаруашылығының ерекшеліктері, сондай-ақ азық-түлік нарығының ашықтығының қауіпсіз шегі ескерілуі қажет. Бұл жерде әңгіме сыртқы экономикалық қызметті қысқарту емес, төмендегі факторларды есепке ала отырып оны қайта құрылымдау мәселесі туралы болуы қажет. Қазақстанның ауыл шаруашылығының көпшілік саласы алдыңғы қатарлы экспорттер елдермен салыстырғанда табиғи жағдайы анағұрлым төмен жерлерге ие. Ауыл шаруашылық өндірісінің техникалық қамтамасыз етілуі төмен. Нарықтық инфрақұрылым және отандық тауарлардың тұтынушыға дейін сатылу және жеткізілу жүйесі жеткілікті дәрежеде дамымаған [4].

Сондықтан, азық-түліктің негізгі стратегиялық түрлері бойынша оның ұсыныс көлеміне, қоры мен бағаға жиі (ай сайын) маркетингтік талдау жүргізу және азық-түлік таурларының экспорты мен импорты бойынша шаралар әзірлеу ұсынылады. Қажет болған жағдайда азық-түлік импортын үлестеуді қолдану қажет.

Шеттен әкелінетін тауарлардың орнын басу мен отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру бағдарламаларын қолдану қажет, әсіресе жеміс-жидек өнімдері мен өсімдік майы өндірісіне қатысты.

Экспорттер елдердің субсидияларын қолдану арқылы тауарды импорттау кезінде өтеу баждарын ендіру қажет және түскен қаражатты отандық өндірістің дамуына жұмсау керек. Бірінші кезекте, аталмыш шара құс еті мен жұмсақ сортты майларды импорттауда қолдауға болады.

Импорттық операцияларды жүргізетін субъектілер өздерінің қызметіне еш жауапкершілікпен қарамайды, сондықтан нарық төмен сортты жалған, кей жағдайларда денсаулыққа зиянды тауарлармен толығып отыр.

Азық-түліктің сапалылығын сақтау үшін отандық тағам өнімдері мен азық-түлік шикізаттарын өндірушілер мен өзге де жеткізушілердің орындауы міндетті болатын мемлекеттік қауіпсіздік стандарттары түрінде қазақстан нарығына сапасыз импорттардың әкелінуіне тосқауылдар қою қажет.

Базарларда бақылау жүргізу үшін санитарлы-экологиялық пунктер мен әрбір кеден пунктерінде импорттық азық-түлікті тескеру үшін экспресс-лабораториялар ұйымдастыру арқылы азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесін құру қажет. Сатушыға тек бақылау зерттеуінен және тауардың әрбір партиясына сәйкес сертификаттар алғаннан кейін ғана импорттық өнімді сатуға құқық беріледі.

Осылайша, импорттың орнын басу және нарық сыйымдылығының отандық өнімдерге толуының өсуіне жағдай туады және отандық тауар өндірушілер дамуға қосымша серпін алады.

Ауыл шаруашылық өнімінің экспортын ынталандыру мақсатында экспорттық субсидияларды қолдану қажет. Экспорттық субсидияларды оған әлемдік бағаның құбылу жиілігі мен деңгейіне және транспорттық қызметтің құнына байланысты кезең-кезеңмен белгілену тиіс. Олар тауарды жөнелткеннен кейін және барлық кедендік нысандарды (экспортта қолданылады, бірінші кезекті бидай және бидай өнімдеріне ) орындағаннан кейін төленеді. Бұл өткізу нарығын кеңейтуге мүмкіндік береді және қазақстандық бидайдың бәсекеге қабілеттілігін көтереді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдахметов А. Азық-түлік қауіпсіздігі де бір асқар бел// Егемен Қазақстан 27 мамыр, 2009.
2. Молдашев А.Б., Никиина Г.А., Луецкий Л.И., Гусева Г.Я. Концептуальные основы продовольственной безопасности Казахстана. Алматы, 2009. – 28 б.

3. Әлем ГМО-ға қарсы - Әйгерім БАҚЫТҚЫЗЫ – Айқын Республикалық қоғамдық-саяси газеті / 25.08.11.

4. Мырзахметова А.М. ВТО и внешняя торговля Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті. 2009

**Алтайқызы А.,** С-41к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: ТОО «Нәтиже» Сүт фабрикасы»  
директорының орынбасары Алиева Г.С.

## **ЕЛІМІЗДЕГІ СҮТ ӨНДІРІСІНІҢ АКТУАЛДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы басымды бағыттарының бірі - «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясында - әлемдік азық-түлік нарығында жетекші орынға жету және ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту болып табылады [1].

Еліміздің өндірісінің артуына сыртқы ортадағы өзгерістер - Кедендік одаққа кіру және ДСҰ-на кіруіміз, сондай-ақ ішкі ортадағы өзгерістер - елдегі халық санының артуы, азық-түлік тұтынуының артуы және сапалы және әр түрлі өнімдерге сұраныстың артуы әсер етіп отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда азық-түлік өндірісін дамытуға кедергі келтіретін факторлардың бірі азық-түлік өнеркәсібінің техникалық және технологиялық қамтамасыз ету деңгейі мен шикізат жеткізілімінің сапасына байланысты ауылшаруашылық шикізатын өнеркәсіптік өндеудің төмен деңгейі болып қалып отыр.

Өндірістік процестердің , шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылаудың және қауіпсіздігінің бірыңғай жүйесін дамытудың жеткіліксіз деңгейі Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің даму деңгейіне теріс әсер етеді.

Азық-түлік нарығының маңызды бөлігі сүт және сүт өнімдері нарығы болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, сүт - негізгі азық-түлік өнімдерінің бірі болып табылады, бүкіл әлемдегі барлық жастағы адамдардың сау тамақтануының маңызды құрамдас бөлігі екенін және , аталған өнім түрін қолдану денсаулығымызға оң әсері зор екенін атап кетуде. Қосып кетер болсақ, сүт - тағамдардың ішіндегі ең құнарлы, әрі таңдаулы түрі. Оның құрамында жүзден астам дәрумендер, қант, минералдық тұздар, т.б. түрлі элементтер бар. Мұның бір ерекшелігі – сол элементтердің бәрі адам ағзасы үшін өте пайдалы. Сондықтан да одан түрлі тағамдар, шипалы сусындар жасауға болады, демек, сүттің адамға сіңімділігі, коректілігі және оның диеталық қасиеттері өте күшті.

Сүт өнеркәсібі - агроөнеркәсіп кешенінің ең негізгі бір бөлігі болып табылады. Сүт өнеркәсібінің тиімді қалыптасуы халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына және тұтынушылардың сүт өнімімен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Сүт өнеркәсібі өнімі - кәсіпорынның өндірістік қызметіндегі сүт өнімі түріндегі пайдалы нәтижесі. Сүт өнімдері – адам денсаулығына ең қажетті пайдалы заттармен қамтамасыз етілген тамақ өнімдерінің бірі.

Сүт және сүт өнімдері нарығы күрделі экономикалық жүйе бола отырып, әр түрлі үш нарық түрінен тұрады: сүт өнімдері нарығы, өндеуге арналған шикізат түріндегі сүт нарығы және жаңа сауылып тұтынуға арналған сүт нарығы. Сүт және сүт өнімдері нарығын реттеу жүйесін қалыптастыруда әрбір сектор үшін де нарықтық ортаны, өнімнің ерекшелігін, бағасы мен нарық инфрақұрылымды ескеру қажет. Сүт және сүт өнімдері нарығының ең негізгі сипатты ерекшелігі тұтынушылармен тікелей байланыста болатын бөлшек сауда нарығы болып табылады. Бөлшек сауда кәсіпорындары сүт өнімдерінің көлемі, құрылымы және бағасын қалыптастырып қана қоймай, сұраныс пен агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігіне де тікелей әсер етеді.

Қазіргі уақытта ішкі нарықта сүт пен сүт өндірісінің орнықты өсуі байқалады. Сүтті қайта өндеу сүт өнімдерін өндірудің бірнеше саласына бөлінеді: толық сүт және балмұздақ,

ашытылған сүт, ірімшік және сүзбе өнімдері, май дайындау, ірімшік өндіру, консервіленген сүтті өндіру, қайталама сүт шикізатын өңдеу.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін жоғары табиғи-климаттық әлеует болса да, сүт өнімдерін өндіру өндірісі және сүт өнімдері өнеркәсіптік қайта өңдеу деңгейі төмен, сондай-ақ отандық сүт өнімдерінің бәсекелестігінің өсуі және импортқа тәуелділікті азайту мәселе болып отыр. Саладағы қалыптасқан күрделі жағдайды негізгі және өндірістік параметрлердің теріс ауытқуы, өндіріс дамуының тұрақсыздығы, шығындардың артуы, шикізатты өнеркәсіптік өңдеу деңгейінің төмендігі, сырттан келетін терең өңделген сүт өнімдері үлесінің жоғары болуы және бағалардың үнемі қымбаттауы сипаттайды.

Қазақстанның барлық сүт және қышыл сүт өнеркәсібі негізінен негізінен ауыз сүті, кілегей, балмұздақ және түрлі қышқыл сүт өнімдері мен ұлттық қышқыл сүт т.б өндірісінен тұрады. Сондай-ақ, сүзбе мен сүзбе өнімдері кең ауқымда ұсынылған. Май өнеркәсібі негізінен әртүрлі қуаттылықтағы барлық сүт өңдеу кәсіпорындарында бар. Қазақстандағы ірімшік өнеркәсібі негізінен шағын кәсіпорындарда өндірілген жұмсақ және ерітілген сорттардан тұрады. Республикадағы қатты сортты ірімшіктерді өндіру үшін сүттің ірімшікке арналған шикізат талаптарына сай еместігі көбіне зиян келтіреді. Консервіленген сүт пен кептірілген сүтті өндіруге арналған қуаттар іс жүзінде жоқ. Ал қайталама сүт өнімдері (майсыздандырылған сүт, сарысу) тағамдық мақсаттарда пайдаланылмайды. Техникалық регламенттермен реттелетін сүт өнімдерінің сапасы нарық талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстанның сүт кәсіпорындарының өндірістік қуаты тек ішкі нарықтың ғана емес, сондай-ақ жақын шетел нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті. Дегенмен, бұл сала өндірістік қуаттылықпен аз жарақталғандылықтан бұл да бір мәселе деп кетуге болады. Қазақстанның сүт өнеркәсібіндегі осы жағдайдың себептерінің бірі импорттың, ең алдымен, ресейлік өндірушілердің жоғары бәсекелестігі болып табылады.

Сүт өнімдерін жеткізудегі импорт үлесі жоғары болып қалуда. Импорт құрылымында сары май, ірімшік, конденсирленген, құрғақ, тұтас және майсыз сүт, сүзбе үлесі жоғары [2].

Әрине, сүт нарығында шетелдік ойыншылардың бар болуы пайдалы әсер етеді. Отандық өндірушілер өз өнімдерінің сапасын жақсартуға, заманауи қаптама материалдарына көшуге, технологияларды жақсартуға, жаңа өндірістік желілерді, заманауи жабдықтарды енгізуге, жаңа өнім формулаларын әзірлеп, оларға сұраныс туғызуға мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, импорттық өнімдер қазақстандық сүт өнеркәсібін дамытуды және жетілдіруді ынталандырады.

Қазақстанда сүт өндірудің басым бөлігі - 90% -дан астамы үй шаруашылықтары мен қожалықтарында өндіріледі. Қазіргі таңда елімізге жылына шамамен 5 млн. Тонна сүт құйылады, оның жартысынан көбі жеке үй шаруашылығына түседі. Ірі кәсіпорындарға өңдеуге арналған сүтті жеткізу кезінде шаруашылықтар мен кәсіпорындар арасындағы үлкен аумақтық территория есебінен, жол және жол объектілерінің жағдайы сүт сапасының нашарлауына әкеледі. Жоғары сапалы шикізат алу үшін ең алдымен санитарлы-гигиеналық талаптарды орындауымыз қажет, бірақ кіші қожалықтарда сиырды сауғанда және бірінші өңдеуде бұл талаптардың орындала бермеуі үлкен шығынға әкеледі. Сонымен қатар сүттің сапасын сақтаудың негізгі шарты - жаңа сүтті тікелей 10 ° C-қа дейін салқындату, бұл оның балғындығын 12 сағаттан артық сақтауға мүмкіндік береді. Қожалықтарда сиырлардың санына байланысты барлық сиыр санын сауып біткенше сүтті салқындатылу бірнеше сағатқа шегерілетін кездер болады. Осы уақыт ішінде бактериялардың жылдам дамуы басталады, бұл сүттің қышқылдығын арттырады, яғни белгіленген нормадан жоғары асып кетеді. Жаңа сүтті дереу салқындату кез-келген импровизацияланған құралдармен (ағынды суларға ыдыстардың салынуы, мұз бассейндерін және тұрмыстық тоңазытқыштарды және т.б.) қол жеткізуге болады. Кейбір аумақтық мәселелерге байланысты көп жағдайда сүт өндіретін өндіріске аз мөлшерде сүт әкелінеді, бұл елімізде сүттің өндірістің қайта өңделуіне және өндірістердің барлық қуатын толық көлемде қолданылмауына әсерін тигізеді[3]. Ірі сүт өңдейтін кәсіпорындар сапалы табиғи сүттің жетіспеушілігінен сүт ұнтағын сатып алуға

мәжбүр болады, оны қайта қалпына келтіру арқылы сүт өнімдерін өндіру үшін негізгі сүт шикізаты ретінде пайдаланады.

Қазақстанның сүт мал өсіру және сүт өңдеу саласы дамыту мынадай факторлар шектейді:

- мал ұстайтын қожалықтардың техникалық артта қалуы мен нашар күйі;
- жоғары шығындар мен өндірістің еңбек қарқындылығы;
- ірі қара малының төмен өнімділігінен;
- қолайсыз өндірістік климат;
- шетелден келетін құрғақ сүт пен сүт өнімдерінің арзан бағада қолжетімділігі, яғни өзіміздің өндірушілеріміздің өнімділігінің бағасына қарағанда төмен бағада болуы;
- көптеген өңдеуші кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының төмен деңгейі. Сүт шикізатын терең өңдеу үшін озық жабдықтармен жабдықталған жабдықтардың болмауы ;
- сүт өндірісіндегі басты мәселердің бірі – жоғары және орта білімді мамандардың жетіспеуі ;
- жеке меншік қожалықтардың жайылымға қол жеткізбеуі, сапалы азықтың болмауы;
- сүт өндітін өндіріс пен қожалықтардың жол көлемінің көптігі, жол сапасының төмендігі;
- қожалықтарды тексеретін жергілікті мамандардың жетіспеушілігі болып табылады: агрономдар, ветеринарлар, іріктеу мамандары, фермерлік менеджерлер және т.б.

Сонымен, сүт өндірісінің тиімділігін арттырудың негізгі жолдарын қарастырып өтсек:

- Сүтті сиырлардың генетикалық әлеуетін көтеру, тұқымды асылдадыру жұмыстары;
- Сиырлардың қысыр қалу деңгейін төмендету;
- Жем-шөп қорын жетілдіру , пайдалылығына назар аудару;
- Өнім сапасын жақсарту;
- Сүт өндірісі технологиясын жақсарту;
- Ауылшаруашылық қызметкерлердің еңбегін ынталандыру;
- Кадрлар дайындау;
- Сүт өңдейтін кәсіпорындарға өз фермаларын ашу;
- Құрғақ сүт сапасын қадағалау;

Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімделген және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығару жолымен арттыруға болады. Қазіргі нарықтық экономика өндірістің тұтынуға бейімделген икемді жүйесі. Сонымен қатар, бұл бәсекелестікті және әлеуметтік қорғау қағидаларын сақтауды мемлекеттік реттеу жүйесі [4]. Қайсыбір нарық түрі болмасын, олардың барлығы да мемлекеттік реттеу объектілері болып табылады, ал болашақтағы дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлігі ретінде анықталады. Қазіргі уақытта зерттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету, ал болашақта – тұтынушылар нарығындағы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Сүт және сүт өнімдері нарығының одан әрі қалыптасуы мен дамуы тағы да мемлекет тарапынан реттелуге тиіс инфрақұрылымның жағдайына, маңызына және жетілгендігіне байланысты. Тұрғын халықтың төмен төлемқабілеттілігін жағдайында, импортталған шетелдік сүт өнімдері отандық өнімдерге айтарлықтай бәсеке тудыратынын ескеру керек. Сондықтан, Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімделген және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығару жолымен арттыруға болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясы.
2. Каменова М.Ж., Ахметова К.А., Накипова Г.Н. Конкурентоспособность аграрного сектора Республики Казахстан: теория, практика и перспективы в посткризисный период. - Астана: ИП Ботабеков, 2012. - 232 с.

3. Бітікова Д. Отандық өнімнің орны бөлек // Егемен Қазақстан. -2013, 23 сәуір.-5б.

4. Байдақов А.Қ. Ауыл шаруашылығында тәуекелді бағалаудың әдістері және оны басқарудың принциптері. – Астана, 2007. – 107-111б.

**Асылхан Ж.**, ТПП-32к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жар Ж.Ж.

## **БАЛМҰЗДАҚ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ШИКІЗАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Балмұздақ - тәтті сергіткіш өнім, бұл өнім қант және тұрақтандырғышпен сүтті немесе жеміс-жидек қоспаларды мұздату және қосыту арқылы алынады, ал кейбір түрлері - дәмді және хош иісті толықтырғыштарын қосумен алынады. Балмұздаққа жоғары тағамдық құндылығы және жақсы адам ағзасында сіңірілу қабілеті тән. Бұл сүтті негізді алынған өнім құрамында, сүт майы, ақуыздар, көмірсулар, минералды заттар, В, D, E, P тобындағы А дәрумені бар. Балмұздақ құрамында, С дәруменіне бай, жемістер немесе жидектер болады және осы дәруменнің маңызды мөлшерінен тұрады. Сүт майы, белгілі болғандай, өзге тағамдық майлармен салыстырғанда құнды болып табылады. Ол жағымды дәмімен, жоғары сіңімділікпен, құрамы бойынша ерекше, бірнеше ондаған май қышқылдарынан тұратын, сонымен қатар алмастырылмайтын заттарымен ерекшеленеді. Балмұздақтың кейбір түрлерінің рецептурасына адам ағзасы үшін пайдалы өсімдік майы (өзігімен, сондай-ақ сүт майымен үйлесімдігімен қоса) құрамына кіреді. Балмұздақта сүт майы липопротеинді қабықшамен қоршаланған майдаланған майлы түйіршіктер түрінде болады. Балмұздақтағы сүт негізіндегі ақуыздар казеинмен ұсынылған.

Қазіргі таңда балмұздақты әртүрлі түрлерге топтастырады. Төменде олардың кейбіреулері келтірілген:

-сүтті, қаймақ және пломбир сүт қоспасы негізінде сәйкесінше 2,8-3,5%, 8-10%, 12-15% май құрамы бар;

-жеміс-жидекті және хош иістендірілген (сүт шикізатын қосуынсыз) шәрбәтқа эссенцияны, органикалық және бояушы заттарды қосу;

-әуесқойлық түрлерін әртүрлі толтырғыштарды қолдана отырып аздаған көлемде өндіреді.

Дайындалу ерекшеліктеріне байланысты балмұздақты келесідей топтастырады:

-жұмсақ. Қоспаны фризерлеу (мұздатусыз) жолы арқылы алады;

-аса мұздатылған. Ол негізгі және әуесқойлық түрлерге бөлінеді;

-үйде жасалған.

Қаптау түрі бойынша балмұздақ келесідей болады:

-салмақты;

-майда қапталған (кесекшелік, вафельді немесе қағаз стақаншалар, түйіршектелген балмұздақтар және басқа да );

-ірі қапталғандар (торттар, кекстер, қораптарда және полиэтиленді қапшықтарда).

Балмұздақтың келесі топтары:

1. Қолданатын шикізат құрамы бойынша балмұздақты келесі топтарға бөледі:

- сүт негізінде балмұздақ: сүт, қаймақ, пломбир, қышқыл сүтті, іріткі;

- жеміс-жидекті (көкөністі) негіздегі балмұздақ: жеміс–жидекті, көкөністі;

- қант негізіндегі балмұздақ, қантты заттар, қант алмастырғыштар: хош иістендіргіш;

- сүтті және жеміс-жидек негізіндегі балмұздақ: шәрбәт, сорбет;

- сүт құрамды балмұздақ: сүтті-өсімдік, қаймақты - сүтті, өсімдікті-сүтті, өсімдікті-қаймақты, сондай-ақ өсімдік майымен шәрбәт;

- фризерлеусіз дайындалатын балмұздақ: тағамдық (хош иістендірілген) мұз, жемістен жасалған мұз.



2. Балмұздақ қалыпты майдың массалық үлесіне байланысты топтастырады:

- майсыз
- майлылығы аз
- классикалық (майлылығы орташа)
- майлы
- өте майлы

3. Дәмдік қоспаларды пайдаланылуына байланысты келесідей топтастырады:

- біртекті масса түрінде қосылған толтырғыштары бар балмұздақ түрі: шоколад (какао ұнтағы қосылған); кофейлік (кофе қоспасының қосылуымен); цикориймен (цикорий тамырының қоспасын қосумен);

- қоспалары бар балмұздақ түрлері, толықтау немесе бөлшектеп қосылған немесе «қабат-қабат», «қатпар», «желі», «шиыршық» түрінде енгізілген балмұздақ түрлері: мейізбен балмұздақ, цукатпен, джемменғ жұмсақ карамельбен, жемістермен, шоколадпен;

4. Балмұздақтың температурасына және консистенциясына байланысты топтастырады:

- жұмсақ
- мұздатылған

5. Балмұздақты қаптаудың массасы мен түріне байланысты топтастырады:

- салмақты
- қапталған, сондай-ақ ірі-қапталған және майда қапталған

6. Дайындау тәсіліне байланысты балмұздақты топтастырады:

- бірқабатты
- көпқабатты
- тағамдық жабынды (бөлшекті тағамдық жабындысымен) және эскимо
- безендірілген

Балмұздақ технологиясы екі негізгі процесінен тұрады: бірінші – қоспаны өндіріп шығару процесі және екінші – дайын қоспадан балмұздақты дайындау сатысы.

Балмұздақты өндіріп шығару сызбасы келесі операциялардан тұрады: өнімді қабылдау → өнімнің сапасын бақылау → өнімді даярлау → қоспаны (араластыруға) дайындау → қоспаны пастерлеу → сүзу → гомогенизация (жемісті-жидекті және хош иісті қоспаларды есептемегенде) → суыту → қоспаны сақтау [1].

Балмұздақты өндірудің технологиялық процесі махенизмделген өндіріс түрінде болады, яғни зауыт ішінде рационалды автоматиканы және жартылай фабрикатты және дайын өнімді тасымалдауға пайдалану. Сондай-ақ жартылай механизмделген өндіріс те қолданылады, ол дегеніміз – қоспаны және балмұздақты өндіру процесі механизмделген, ал балмұздақты қаптау жартылай механизмделген немесе кол күшін пайдалану арқылы жүзеге асырылатын кезіндегі өндіріс.

Балмұздақ - тоңазытылып жасалған тағам. Балмұздақты сүт, қаймақ, қант, сары май, жеміс-жидек, сондай-ақ, дәмді, хош иісті тамақтық заттар қоспаларынан жасайды. Құрғақ қоспаға карамель сірнесі, қышқылдар, жұмыртқа ұнтағы, бал, хош иісті шәрбат, шырындар және агар, альгинат, желатин, крахмал, пектин сияқты тұрақтандырғыштар қосады.

Балмұздақ құрамының ең негізгі шикізаты – сүт. Сүттен дайындалған балмұздақта А, В, Д, Е, ал жеміс-жидектен жасалған балмұздақта С витаминдері мол.

Сүт органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері бойынша сұрыпты (жоғары, бірінші және екінші) және сұрыпсыз болып бөлінеді.

Кесте 1. Сүт шикізатының органолептикалық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар. ГОСТ 52054-2003

Көрсеткіш атаулары	Сүттің нормасы		
	Жоғары және бірінші сұрып	Екінші сұрып	Сұрыпсыз
Консистенциясы	Тұнбасыз біртекті сұйықтық. Қатыру рұқсат етілмейді		Ақуыздың тұнбасы мен механикалық қоспалардың

		болуы рұқсат етіледі.
Дәмі мен иісі	Балғын сүтке тән иіс пен дәм болуы қажет. Бөгде иіс пен дәм болуы рұқсат етілмейді.	Көктем-қыс айларында азықтың дәмі мен иіс болуы рұқсат етіледі.
Түсі	Ақтан кремдік ақшыл түске дейін.	Кремдік, ақшыл-сұрдан сұрға дейін.

Сыртқы түрі мен консистенциясы бойынша сұрыпты сүт біртекті тұнбасыз, ақ немесе ақшыл крем түсті; дәмі мен иісі таза балғын сүтке тән бөгде иіс пен дәм болмау қажет. Сұрыпсыз сүтке құрамында ақуыздың тұнбасы мен механикалық қоспалар және азықтың дәмі мен иісі рұқсат етіледі.

Физико-химиялық көрсеткіштер бойынша келесідей сұрыптарға бөлінеді және келесідей талаптар қойылады. Олар 1,2-кесетелерінде көрсетілген.

Кесте 2. Сүт шикізатына физика-химиялық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар. ГОСТ 52054-2003

Көрсеткіштер	Норма			
	жоғары	бірінші	екінші	сұрыпсыз
Қышқылдық, °Т	16...18	16...18	16...21	16...21
Бактериалдық ластану дәрежесі	I	I	II	III
Тығыздығы, кг/м <sup>3</sup>	1028	1027	1027	1027
Қату температурасы	-0,52-ден жоғары емес	-0,52-ден жоғары емес	-0,52-ден жоғары емес	0,52-ден жоғары

Сүтті қабылдау кезінде күнде әрбір партиядан органолептикалық көрсеткіштерді, температурасы, майдың массалық үлесі, тығыздығы, тазалығын, термотұрақтылығы, қату температурасы және 10 күндік бір рет бактериялармен ластануы, құрамында соматикалық жасушаларды, ингибируленетин заттарды; айына екі реттен кем есмес ақуыздың массалық үлесі жылумен өңделу туралы күмән болса - фосфатазаның активтілігі тексеріледі.

Кесте 3. Сүт шикізатының микробиологиялық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар. ГОСТ 52054-2003

Көрсеткіштер	Сүт сұрыптары үшін нормасы			
	жоғары	бірінші	екінші	сұрыпсыз
Мезофильді аэробты және факультативті анаэробы микроорганизмдер, КОЕ/см <sup>3</sup>	3x10 <sup>5</sup>	5x10 <sup>5</sup>	4x10 <sup>6</sup>	анықталмайды
Соматикалық жасушалардың мөлшері, см <sup>3</sup> артық емес	5x10 <sup>5</sup>	5x10 <sup>6</sup>	1x10 <sup>6</sup>	анықталмайды
Патогенді микроорганизмдер, соның ішінде сальмонелла мына мөлшерде рұқсат етілмейді	25	25	25	анықталмайды

Балмұздақ дайындау үшін қолданылатын өнім отандық өндірістердегі өнім үшін НҚ талаптарына және/немесе шетелдік өнім үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінен қолдануға рұқсат етілуі қажет, қауіпсіз көрсеткіші бойынша СанПин 11-63 ҚР, СанПин 10-124 ҚР, СанПин 13-10 ҚР талаптарына сай болуы қажет. Өнім құрамында

радионуклидтер іс жүзіндегі республикалық шекті деңгейден, ГН 10-117-99 көрсеткішінен аспауы тиіс [2].

Балмұздақты дайындау үшін келесі өнім түрлері мен топтарын қолданады:

1. сүттен жасалған сүт және оның өнімдері:

- тұтас сиыр сүті, тұрақтандырылған, майсыздандырылғана, қышқылдығы 19°Т кем емес, құнарландырылған, қант қосылған қою сүт, құрғақ;

- сиыр сүтінен қаймақ, қоюландырылған қантпен құрғақ қаймақ;

- тұзсыз сиыр сүті, шаруа, әуесқойлық, бутербродтық қаймақ майы;

- тұзсыз сүтті іріткі, сүтті кептірілген іріткі, сүтті;

- ультрасүзу әдісімен алынған, тағамдық құрылымдаушы концентрат, ақуызды іріткіш концентрат;

- тағамдық казеиндер және копреципитат;

- жаңа пахта қышқылдылығы 19°Т артық емес, тұзсыз тәтті-қаймақ майының өндірісінен алынған, қоюланған, қантпен бірге қоюландырылған сүт, құрғақ;

- қоюланған сүтпен какао және қант, қоюланған сүтпен табиғи кофе және қант;

- қышқылдысүтті өнімдер (йогурт, ұйыған сүт, ацидофилин, тәтті айран, айран, қымыз, ірімшек);

2. өсімдік майы (май): сиыр майы;

3. тауық жұмыртқасы, жұмыртқа өнімі және жартылайфабрикаттар және оны алмастырғыштар;

4. бактериялық ашытқы, таза сүттіқышқыл микроағзалардың мәдениетінде дайындалған, бактериялық симбиотикалық ашытқы;

5. балмұздақ үшін сұйық және қою қоспалар;

6. жемістер, жидектер, азық - түлікті қайта өңдеу:

- жемістер, жидектер, жаңа піскен жемістер;

- жеделмұздатылған жеміс - жидектер;

- жеміс - жидектерден жасалынған тосап;

- жеміс шырындары, жидекті, табиғи көкөністер, жұмсағымсен (езбе), қантпен;

- құнарландырылған жеміс, жидек, көкөніс шырындары;

- құрғақ жемістер, кептірілген жүзім;

- жоғарғы сұрыпты жемістер және жидектердің сығындысы;

- жеміс - жидекті, ароматталған шәрбәт;

- джем, алма езбесі, цукат, жеміс - жидекті конфитюр;

- қантпен бірге сүрілген немесе майдаланған жеміс - жидектер, жеміс және жидек пасталары, жеміс-жидекті, көкөніс-жидекті толтырғыштар;

- жеміс - жидекті ұнтақтар;

7 жаңғақтар: грек, фундук, бадам;

8. Ірі бұршақтар: арахис;

9. ұрықтар: тазартылған күнбағыс, көкнәр, күнжіт;

10. дәмдік және хош иісті заттар;

- ұнтақты қант, зарарсыздандырылған қант, шақпақ қантты ұнтақ;

- бал: табиғи, жасанды;

- қантты заттар: фруктоза, глюкоза және жемісті шәрбәті,

- декстроза, крахмалды сірне;

- қант алмастырғыштар: сорбит, ксилит және т.б.;

- какао - ұнтағы, сүрілген какао, табиғи кофе, цикорий, шәй;

- ванилин, ваниль, арованилон;

- лимон қышқылы (Е 330), виннотасты (Е 334), алма (Е 296);

- хош иісті тағамдық эссенции;

- табиғи тағамдық және табиғи түрге ұқсас хош иістендіргіштер;

- тәтті заттар: дін қабығы, қалампыр, сенек, жұпар ағашты жаңғақ, кардамон;

11. тағамдық бояғыштар: мүк жидегі, қарақат, қызылша, қызылша массасынан бояғыш (E 162), жұмыс сыққыштарынан бояғыш (E 163), каротин (E 160a), аннато экстракт (E 160b) және өзге бояғыштар, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі қолдануға рұқсат етілген.

12. тұрақтандырғыштар, эмульгаторлар:

- жоғарғы сұрыпты нан пісіретін ұны;

- картоп, жүгері крахмалы;

- тағамдық агар (E 406), агароид, тағамдық альгинат натрия (E 401), тағамдық желім, натрий казинаты, суда еритін метилцеллюлоза (E 461), карбоксиметилцеллюлоза (E 466), пектин (E 440), каррагенат (E 407), гуаралық камед (E 412), дерева камеді (E 410), ксантановая камедь (E 415), моно және майлы қышқылдардың диглицериді (E 471);

13. дәрумендер: аскорбин қышқылы, каротин, жартылай дәріменді кешендер және премикстер;

14. минералды заттар және микроэлементтер;

15. дәруменді-минералды кешендерінің белсенді биологиялық тағамдық қоспалар;

16. қуырылған дән немесе оның дайындау үшін өнім;

17. вафелді өнім немесе вафелді өнімді дайындау үшін өнім;

18. жабайы элементтер, жартылай фабрикаттар немесе жабай элементтерді дайындау үшін өнім: крем, сілікпе, мармелад, кондитерлік өнім, шоколад, вафлилік қалдықтар, кептірілген жемістер мен жидектер;

19. натрий двууглекислый;

20. тағамдық қайнатылған ас тұзі;

21. ауыз суы.

Балмұздақ дайындау үшін қолданылатын нақты өнім тізімі НҚ сілтемесінде рецептурасында әр нақты балмұздақ түріне арнайылап, қойылған келісімдер мен талаптарда көрсетілуі тиіс.

Сүт өнімдері. Балмұздақты өндіру кезіндегі негізгі қолданылатын өнім түріне сүн өнім түрлері бойып табылады. Оған тұтас және майсыздандырылған сүт, сондай-ақ құрғатылған және құрғақ сүт (қантпен қоюланған тұтас және майсыз, майсыздандырылған қоюланған сүт, тұтас және майсыздандырылған сүт, құрғақ қаймақ), қоюланған сүт және майсыздандырылған какао, қоюланған сүт және қантпен кофе, балмұздақтың құрғақ қоспалары, сүт іріткісі, тұзсыз май тәтті қаймақпен және әуесқойлық жоғарғы сұрыпты, 19°C артық емес пахта.

Қантты заттар. Балмұздақты өндіру кезінде қант, шекер, қантты - шәрбәт, қант ұнтағы, бал арасы, крахмал ұнтағы (карамелді), жүгері шәрбәті, кристалдық глюкоза, тағамдық сорбит және ксилит. Сорбит және ксилит дәмді иіске ие, ағза үшін зиянсыз және қант диабетімен ақуыратын науқастар үшін балмұздақ өндірісі кезінде қолданылады.

Тұрақтандырғыштар. Сүйікті балмұздақ түріне қолданылатын қоспа тұрақтандырғыштардың құрамына міндетті түрде кіреді. Бұл заттар гидрофилді коллоидты және ісіну қасиетіне ие, олар бос тұрған суды байланыстырды және қоспаның тұтқырлығын жоғарылатады. Қоспаға тұрақтандырғышты қосу балмұздақтың қажетті құрылымын қамтамасыз етеді, және мұздату кезінде өнімде үлкен мұз кристалдарының пайда болмауын қамтамасыз етеді. Балмұздақ еруге деген жоғары қарсылық көрсету қабілетіне ие болады және сақтау кезінде жақсы өзіндік құрылымын сақтайды. Өндірісте тұрақтандырғыштардың толық қатарлы қолдануын тапты: тағамдық сарыуыз, агар, агароид, натрий альгинаті, натрий казеинаты, өзгертілген сілікпе түріндегі крахмал, метилцеллюлоза, алма және қызылша пектині, қарапайым картоп және жүгері крахмалы, жоғары сұрыпты бидай ұны.

Жеміс - жидекті балмұздақ үшін қоспа сүт қоспаларына қарағанда төмен жабысқақтық қасиетіне ие.

Сондай-ақ жеміс-жидек қоспаларының жоғары қышқылдылығы тұрақтандырғыштарға кері әсерін береді. Осыған байланысты жеміс-жидекті балмұздақтарды өндіру кезінде оның

көпіршектігін жақсарту үшін қосылатын тұрақтандырғыштардың массасы сүт негізіндегі балмұздақты өндіру кезіндегі массасына қарағанда көп болу қажет.

Жемісті - жидекті өнім. Балмұздақты дайындау үшін жемістер мен жидектердің әртүрлісін, мәдени (ал қара өрік, өрік, қарақат және т.б.), сондай-ақ жабайы (қара бүлдірген, мүк жидегі және т.б. ) түрлерін қолданады. Оларды жаңа және мұздатылған, езбе, шырын, шәрбәт, тосап, джем, повидла және пульпа түрінде қолданады. Соңғы жылы балмұздақты өндіру үшін бау және бақша мәдени жеміс түрлерін қолдану кең таралуда олар: сәбіз, қызанақ, қауын және рауғаш. Оларды жаңа сығылған түрде, сондай-ақ жеміс шырын, езбе және паста түрінде қолданады. Жемістер, жидектер, көкөністер және бақшалық мәдени өсімдіктерде маңызды көлемде көмірсулар, минералды тұздар, органикалық қышқылдар және дәрумендер бар [3].

Дәмдік және хош иістендіргіш заттар. Балмұздақтың дәмі мен иісін жақсарту үшін дәмдік және хош иістендірілген заттар қосады, олар әртүрлі болып келеді. Оларға какао ұнтағы, табиғи кофе, шәй, шоколад, әртүрлі жаңғақтар және т.б. кіреді. Бұл топқа қосымша: кондитерлік өнімдер (вафли, цукаттар, мармелад, карамель және т.б.), дәмдеуіштер (ваниль, ванилин, қалампыр, дін қабық, жұпар ағашының жаңғағы және т.б.), органикалық тағам қышқылдары (лимон, алма және т.б.), эфир майлары (апельсин, мандарин және т.б.), тағамдық хош иістендірілген эссенцилер (лимон, апельсин және т.б.) жатады.

Жұмыртқа өнімдері. Кейбір балмұздақ өнімдерін өндіру кезінде тауықтұқымын немесе жұмыртқа ұнтағын қосады. Бұл оның дәмдік сапасын жоғарылатады, өнімнің көпіргіштігін және құрылымын жақсартады.

Тағамдық бояғыштар, Балмұздақтың көптеген түрлері үшін қажет болған жағдайда қошқыл түсті жүзім сұрыптарынан сығылып алынған, тағамдық құнарлындырылған бояғыштарды, сондай-ақ қызылша, мүк жидегі, қарақат және т.б. шырындарын қолданады. Хош иістендірілген балмұздақ үшін, сондай-ақ қаймақ кремін бояу үшін қантпен бірге көпіршіктелген қаймақ және сілікпе, торттар мен кекстерді безендіру үшін кармин өолданады (ашық қызыл түс), тартразин (сары түс) және индиго (көк түс).

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Нуржанова «Сүт және сүтөнімдерінөндеутехнологиясы»«Фолиант» баспасы, 2010ж.
2. Күзембаев Қ. Күзембаев Г. Тамақ өнімдерін тану. Астана. 2010. – 416 б.
3. Оленов Ю.А., Фильчакова Н.Н. Мягкое мороженое. М.: Пищевая промышленность, 2002. – Б. 41.

**Ауезхан С.А.**, студент Эко-21к, КЭУК

Научный руководитель: к.х.н., доцент Оспанова Г.К.

## **ПЕРЕРАБОТКА ИЗНОШЕННЫХ АВТОМОБИЛЬНЫХ ШИН В РЕЗИНОВУЮ КРОШКУ**

В Казахстане утилизация шин является серьезной экологической и экономической проблемой. Так по данным научно-исследовательского института шинной промышленности в стране ежегодно выходит из эксплуатации около 1 млн. тонн шин.

Изношенные шины образуются и накапливаются в автохозяйствах, промышленных предприятиях, предприятиях шиномонтажа и автосервиса, а также в частном секторе. Во многих индустриальных странах имеются методы и программы, нацеленные на поддержку сбора и переработки отработанных покрышек. В большинстве случаев оплачивается сам факт утилизации автомобильных шин из расчёта 50 - 400 EUR за тонну.

Проблема утилизации изношенных шин в Казахстане усугубляется отсутствием организованного сбора их. Подавляющее большинство отработанных шин вывозится на свалки, часто на неорганизованные. Вывозимые на свалки или рассеянные на окружающих территориях шины длительное время загрязняют окружающую среду вследствие высокой

стойкости к воздействию внешних факторов (солнечного света, кислорода, озона, микробиологических воздействий). Места их скопления, особенно в регионах с жарким климатом, служат благоприятной средой обитания и размножения ряда грызунов и насекомых, являющихся разносчиками различных заболеваний [1].

Шины обладают высокой пожароопасностью, а продукты их неконтролируемого сжигания оказывают вредное влияние на окружающую среду (почвы, воды, воздушный бассейн), так, как даже краткий список продуктов, образующихся при сжигании шин и попадающих в атмосферу, впечатляет: бифенил, антрацен, флуорантен, пирен - этот список можно продолжать.

Рациональное использование изношенных шин имеет существенное экономическое значение, поскольку потребности хозяйства в природных ресурсах непрерывно растут, а их стоимость постоянно повышается. Нельзя не отметить, что амортизированная шина представляет собой ценное вторичное сырье, содержащее резину, технический углерод и высококачественный металл и является источником экономии природных ресурсов.

Экономически эффективная переработка автошин позволит не только решить экологические проблемы, но и обеспечить высокую рентабельность перерабатывающих производств. А ликвидация свалок изношенных шин позволит освободить для использования по назначению значительные площади занимаемых ими земель.

Проблема переработки изношенных автомобильных шин и вышедших из эксплуатации резинотехнических изделий имеет большое экологическое и экономическое значение для всех развитых стран мира, а невосполнимость природного нефтяного сырья диктует необходимость использования вторичных ресурсов с максимальной эффективностью.

В развитых странах в настоящее время предпринимаются попытки создать технологии по переработке изношенных шин, которые позволили бы повторно использовать резину в различных товарах и материалах.

В настоящее время в мире применяется целый ряд технологий по переработке и утилизации отходов резины и изношенных автомобильных шин. Эти технологии предполагают захоронение целых или измельченных шин, использование целых шин для различных целей, применение шин и резиновых отходов для получения энергии, измельчение шин и с целью получения резиновой крошки и порошка. Рассмотрим подробнее эти технологии[2].

#### Захоронение шин

Американские фирмы, занимающиеся утилизацией отходов, рассматривают захоронение как склад, поскольку изношенные шины могут использоваться в будущем. Необходимость в массовых хранилищах изношенных шин обусловлена тем, что в ряде стран их запрещено вывозить их на обычные свалки. Поскольку шины не разлагаются, они не представляют опасности для окружающей среды. После закладки куски шин покрываются слоем земли 15 см, что уменьшает опасность возникновения пожара. Однако, попадающая на захоронение резина - это потерянные ресурсы, и предпочтительно использовать изношенные шины в качестве топлива, для производства резиновой крошки и для других целей. В связи с этим, Европейским Союзом принято решение запретить захоронение целых шин с 2006 года.

#### Использование целых шин

Целесообразность такого метода утилизации шин, как с экологической, так и с экономической точки зрения, не нуждается в комментариях. Шины утилизируют, используя их для защиты склонов от эрозии, создавая из них звукоизолирующие ограждения вдоль автострад. Изношенные шины применяются для устройства искусственных рифов, служащих местом обитания рыб и устриц. Фирмой «Гудьир» в 1970 г. у берегов Австралии был создан искусственный риф из 15 тыс. шин. Рифы созданы у берегов Флориды из 215 тыс. шин; Новой Зеландии, Ямайки, Греции, Японии и др. Загрязнение морской воды при этом не происходит. Около 200 искусственных нерестилищ из изношенных шин создано в Германии.

Согласно разработке фирмы «Органикой» (Германия), при создании звукоизолирующих ограждений вдоль автострад у шин удаляют одну боковину, после чего

их соединяют и заполняют землей. В результате образуется наклонный спуск, который можно озеленить. Такая конструкция поглощает звук и одновременно служит барьером безопасности. Для изготовления такого барьера требуется 5 тыс. шин на 100 погонных метров.

#### Физические методы переработки шин

В настоящее время все большее значение приобретает направление использования отходов в виде дисперсных материалов. Наиболее полно первоначальная структура и свойства каучука и других полимеров, содержащихся в отходах, сохраняются при механическом измельчении.

Ниже представлена классификация имеющихся в настоящее время способов измельчения вторичных шин.

#### Способы измельчения шин:

- По температуре измельчения: при положительных температурах, при отрицательных температурах.
- По механическому воздействию: ударом, истиранием, сжатием, сжатием со сдвигом, резанием.

Согласно данной классификации рассмотрим следующие технологии наиболее применимые в мировой практике:

#### Механическая переработка шин

В настоящее время этот метод переработки шин наиболее распространён – в мире насчитывается несколько десятков производителей подобного оборудования. Переработка автопокрышек на таком оборудовании обычно состоит из вырезания бортовых колец, грубого дробления шин на фрагменты, отслоения корда и тонкого измельчения резины. В основу технологии переработки заложено механическое измельчение шин до небольших кусков с последующим механическим отделением металлического и текстильного корда, основанном на принципе "повышения хрупкости" резины при высоких скоростях соударений, и получение тонкодисперсных резиновых порошков размером до 0,2 мм путем экструзионного измельчения полученной резиновой крошки. Полученная крошка применяется при строительстве дорог и добавляется в неотчетственные резиновые изделия, но ввиду того, что она имеет посторонние включения, особым спросом не пользуется. Сам процесс получения крошки очень энергоёмкий, а оборудование подвержено быстрому износу и имеет высокую стоимость.

#### Бародеструкционная технология переработки шин

Технология основана на явлении «псевдосжижения» резины при высоких давлениях и истечении её через отверстия специальной камеры. Резина и текстильный корд при этом отделяются от металлического корда и бортовых колец, измельчаются и выходят из отверстий в виде первичной резино-тканевой крошки, которая подвергается дальнейшей переработке: доизмельчению и сепарации. Металл корд извлекается из камеры в виде спрессованного брикета. Опыт эксплуатации различных типов оборудования показывает, что измельчение при положительных температурах является наименее энергоёмким процессом. Переработка целых шин при положительных температурах требует применения оборудования с износостойкими режущими элементами и многостадийной очистки резиновой крошки от металла и текстильного корда. Опыт эксплуатации различных типов оборудования показывает, что измельчение при положительных температурах является на менее энергоёмким процессом [3].

Несмотря на множество запатентованных решений, наличие в промышленности различных агрегатов для измельчения резин в стекловидном состоянии и при положительных температурах, эффективного, экономичного и надежного оборудования для получения тонкодисперсных порошков из изношенных шин до настоящего времени не создано ни в Казахстане, ни за рубежом.

#### Возможные направления использования резиновой крошки

Порошковая резина с размерами частиц от 0,2 до 0,45 мм используется в качестве добавки (5...20%) в резиновые смеси для изготовления новых автомобильных покрышек, массивных шин и других резинотехнических изделий. Применение резинового порошка с высокоразвитой удельной поверхностью частиц (2500-3500 см. кв. /г), получаемой при его механическом измельчении, повышает стойкость шин к изгибающим воздействиям и удару, увеличивая срок их эксплуатации. Порошковая резина с размерами частиц до 0,6 мм используется в резинотехнических изделий. При этом свойства таких резин (прочность, деформируемость) практически не отличаются от свойств обычной резины, изготовленной из сырых каучуков.

С экономической точки зрения наиболее целесообразным кажется использование резиновой крошки в рецептуре резиновых смесей. Однако, при самом оптимистическом прогнозе в смесях для шин и резинотехнических изделиях можно использовать не более 20% резиновой крошки, полученной при переработке всех шин, выходящих из эксплуатации. Поэтому важны другие области использования дробленой резины, особенно в связи с прогнозируемым увеличением объемов переработки изношенных шин.

Порошковую резину с размерами частиц до 1,0 мм можно применять для изготовления композиционных кровельных материалов (рулонной кровли и резинового шифера), подкладок под рельсы, резинобитумных мастик, вулканизованных и не вулканизованных рулонных гидроизоляционных материалов. Порошковая резина с размерами частиц от 0,5 до 1,0 мм применяется в качестве добавки для модификации нефтяного битума в асфальтобетонных смесях. При небольших размерах частиц резиновая крошка распределяется по массе асфальтобетонной смеси более равномерно повышая упругую деформацию при отрицательных температурах. Объем дробленой резины в составе таких усовершенствованных покрытий должен составлять около 2% от массы минерального материала, т.е. 60...70 тонн на 1 км дорожного полотна. При этом срок эксплуатации дорожного полотна увеличивается в 1,5 -2 раза. Порошки размерами частиц от 0,5 до 1,0 мм используются также в качестве сорбента для сбора сырой нефти и жидких нефтепродуктов с поверхности воды и почвы, для тампонирувания нефтяных скважин, гидроизоляции зеленых пластов и т.д. Резиновая крошка с размерами частиц от 2 до 10 мм используется при изготовлении массивных резиновых плит для комплектования трамвайных и железнодорожных переездов, отличающихся длительностью эксплуатации, хорошей атмосфер стойкостью, пониженным уровнем шума и современным дизайном; спортивных площадок с удобным и безопасным покрытием; животноводческих помещений.

#### Химические методы переработки шин

Сжигание шин с целью получения энергии. С точки зрения экологии использование изношенных шин для получения энергии оценивается неоднозначно. При сгорании резины покрышек генерируется широкая гамма чрезвычайно токсичных соединений, кроме того, образуются гидроксильные окислы серы, углерода, и азота, которые являются инициаторами кислотных дождей, а также сажа, которая, хотя и не является токсичным элементом, но из-за высокой сорбционной способности, поглощает вредные соединения, и становится весьма токсичной. Отмечается в то же время, что продукты сжигания шин в печах могут не загрязнять атмосферу и, что в техническом отношении нет проблем в организации полного и безопасного сгорания шин в существующих печах, оборудованных соответствующими фильтрами очистки выбросов. Однако создание печей и очистительных установок для улавливания вредных газов и соединений тяжелых металлов требуют больших затрат. Применение шин в качестве топлива требует затрат порядка 20 - 35 или долларов на тонну. Метод сжигания шин не перспективен также с энергетической точки зрения: с учетом КПД при сжигании легковой шины количество энергии примерно равно получаемой от сжигания 3 л. нефти, а энергия, накопленная в шине, равна энергии, получаемой при сжигании 27-30 литров нефти (21 литр расходуется на изготовление сырья и 6 литров на процесс переработки). Кроме того сжигание шин в печах осложняется тем, что в состав шин входят металлические элементы - бортовые кольца, металл корд, шипы противоскольжения.



### Озонная переработка шин

Озон, контактируя с поверхностью резины, приводит к быстрому ее окислению, т.е. к разрушению межмолекулярных и внутримолекулярных связей. Особенно интенсивно разрушаются напряженные связи. Поэтому, при появлении или наличии на поверхности резины микротрещин, прежде всего начинается атака озоном тех молекул, которые расположены в вершинах трещин. Это приводит к быстрому разрастанию трещин и распаду материала на куски со сравнительно гладкими поверхностями. Ситуация напоминает низкотемпературное криогенное разрушение. Однако, в случае озонной атаки, поверхность образовавшихся кусков окислена, т.е. на поверхностях снижается молекулярная масса и появляются кислородсодержащие продукты окисления резины. На развитие реакции озонного разрушения очень сильное влияние оказывает напряженность резины, поэтому напрягаемые куски распадаются гораздо быстрее. Реакция протекает при очень низких энергозатратах. Можно сказать, что, озонное разрушение на частицы определенного размера требует энергозатрат в 5-10 раз меньше, чем криогенное разрушение. Когда разрушение идет до очень малых частиц (меньше 0,5-1 мм), то эффект окисления в среднем выражен достаточно сильно. Если же разрушение завершается образованием частиц 2-10 мм, то окисление в среднем можно рассматривать как слабое. Озон действует как рассекающий нож, измельчение сопровождается окислением приповерхностного слоя, требует низких энергозатрат и существенно ускоряется при деформациях кусков шин.

Из проведенного обзора следует, что при всем многообразии предложенных технологических и технических решений проблему утилизации изношенных автомобильных шин нельзя считать решенной, так как большинство из них по-прежнему попросту выбрасываются, загрязняя территории, а объем их ежегодно возрастает.

### Список литературы:

1. Звонов В.А., Козлов А.В., Кутенев Ф.В. Экологическая безопасность автомобиля в полном жизненном цикле//Автомобильная промышленность 2010 №11.
2. Звонов В.А., Кутенев Ф.В. и др. Утилизация автомобильной техники//Стандарты и качество, 2014, № 8.
3. Луканин В.Н, Трофименко Ю.В. Промышленно-транспортная экология – М: Высшая школа, 2001.

**Әбдіғалпар А.**, СТ-33қ тобының студенті, ҚҚЭУ ЭБҚ колледжі  
Ғылыми жетекші: арнайы пәндер оқытушысы Абдигазиева Н.Ж.

### ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРДІҢ СӘЙКЕСТІГІН РАСТАУ

Мақсаты – жемістер мен көкөністердің сапасын анықтау, олардың адам ағзасына келтіретін зиянын зерттеу; келтірілген зияндармен күресу жолын іздеу.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы жолдауында: «Білім беру жүйесін, коммуникация мен стандарттау салаларын жаңа индустрияландыру талаптарына бейімдеу қажет болады», - деп заманауи жағдайда өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін айтып өткен болатын [1].

Жаз шығысымен-ақ бақша дақылдары кез-келген жерде емін-еркін сатыла бастайтындығы баршамызға мәлім. Алайда олардың пайдалануға жарамдылығы күмәнділеу. Жемістер мен көкөністерге нитрат, пестицид секілді химиялық тыңайтқыштарды көптеп пайдаланатын бақша өсірушілердің де саны артуда. Жалпы, өңірімізге келетін, ЕЭО нарығына шығарылған бау-бақша мен жеміс-жидек, басқа да азық-түлік өнімдері қай тараптардан, қаншалықты бақылауға алынып отыр? Олардың сапасы Кеден одағының

техникалық регламенттері талаптарына сай ма? Бұл тұрғыда тұрғындар құқықтары мен денсаулығының қорғалуы қандай деңгейде?-деген сұрақтар пайда болғандықтан жемістер мен көкөністердің сапасын зерттеу өзекті мәселе болып отыр.

Зерттелетін объектілер – «Kinnow» атты Пәкістандық және «Клементина» атты Марокканды мандариндері және «Невский» сұрыпты картоп.

Адам жылына ағзаға зиянды 2-3 килограмм химиялық заттарды жеп тауысады екен. Олар күнделікті әдеттегі және Химикаттар саңырауқұлақтар мен зеңнен қорғау, топырақты тыңайту, арамшөп, құрт-құмырсқа, кеміргіштермен күресу үшін қолданылады. Сонымен қатар олардың көмегімен жемістер мен көкөністердің өнімділігін арттырады, сақтау мерзімін көбейтеді, жемістер, көкөністер, дәндердің сыртқы түрін жақсартады. Алайда бұл өнімдердің нәрлік құндылығы төмендейді [2, 111-112 б.].

Техникалық өрлеудің кері жағы қышқылды жаңбыр болып табылады, өндіріс кәсіпорындарымен ауаға шығарылған улы заттар, шығарынды газдар топыраққа сіңіп, ал өндіріс және химиялық шығындар жер астындағы суларға ағып, нәтижесінде тағам өнімдеріне түседі. Сонымен қатар, өсімдік өнімдері химиялық тыңайтқыштар, гербицидтер, инсектицидтердің көмегімен өндіріледі.

Ауыл шаруашылығында қолданылатын химикаттар - адам ағзасында олар ақырын, прогрессивті түрде ағзалар мен жасушаларды бұзады, бұл әр түрлі ауруларға, яғни ерте картаю мен мезгілсіз өлімге әкеледі.

Таза көкөністер мен жемістер базарлар және дүкендерде сатылады. Бірақ осы «тазалықтың» бағасы қанша? Дәрумендер, минералдар мен нәрлі заттар әрбір сатыда жоғалады. Химиялық тағамдық қоспалар: консерванттар, жасанды бояғыштар мен хош иістендіргіштер, эмульгаторлар, мутагендер, синтетикалық тәттілегіштер өнімдерге әр түрлі себептер бойынша қосылады. Олар дәмді күшейту, нәрлі құндылығын жақсарту, топырақты баяулатып, сақтау мерзімін ұзарту үшін қолданылады, әзірлеуді жеңілдетіп, өнімдерді қол жетімді етеді. Көптеген канцерогендік бояғыштар затбелгідегі ескертусіз көрсеткішпен қосылады [3, 7 б.].

Саудаға шығарылған мұндай тауардың халық шошынатын екі түрлі қаупі бар. Біріншісі гендік модификациялау болса, екіншісі Қытайдан әкелінген көкөністер. Гендік модификациялау ұғымына өсімдік түрін биотехнологиялық жолмен кездесетін түрлі кедергілерге, яғни суыққа, ыстыққа төзімді, кеміргіштерге қарсы улы заттар қосып тез өсіп шығатындай етіп жасау. Аталмыш терминнің ғылым саласына енгеніне біраз уақыт болып қалса да, оның айналасындағы даулы мәселелер әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Ғылымның бұл саласы бүгінде тек жануарларға қатысты емес, адамдарға азық-түлікті де жасап шығаруды қолға алды. Мәселен, әрбір өсімдікке, оның сақталу мерзіміне байланысты әртүрлі жәндіктер мен жан-жануарлардың гендерін қосады: топ-томпақ көздің жауын алар қып-қызыл қызанаққа акуланың азу тісін, ал картопқа мұсылмандар харам санайтын доңыздың, жалтыраған қап-қатты алмаға шаянның гені енеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай жолмен алынған азық-түліктердің адам ағзасына зияндығы жөнінде Ресей ғалымдары дәлелдеген. Ал гендік өзгерісек ұшыраған бұл азықты саудаға шығаруды өз кезегінде Қытай мемлекеті мықтап қолға алған [4, 45 б.].

Картоптың адам ағзасына тигізер пайдасы мен зияны бүгінгі тақырыптың негізгі арқауы болмақ. Картоптың құрамында: С, В1, В2, В6, В9, РР, К дәрумендерінің бай көзі, кальций, темір, магний, натрий және фосфор бар. Ал ең басым бөлігін 75% - су құрайды. Картоп ең қолжетімді тауарлардың бірі болып табылады. Оны кез келген уақытта сатып алуға болады, ешқандай арнайы шаралар керек емес, тек құрғақ жерде сақтау керек. Картоптың ағзаңызға берер пайдасын білу дұрыс деген ойдамыз. Ал, картоптың зияны қандай? Картоптың зияндылығы – оның құрамында көмірсулар мен жасұнықтың көп болуында. Бұлар өз кезегінде адам ағзасында қанттың мөлшерін көбейтіп жібереді.

Мандариннің отаны – Оңтүстік-Шығыс Азия елдері: Үндіқытай, Қытай, Жапония мемлекеттері. Ерте заманда Қытайдағы бай, ауқатты адамдарға «мандарин» деген лауазым берілгендіктен, «Мандарин» сөзі пайда болған екен.

Сондай-ақ, Үнді мұхитындағы Маврикия аралының бұрынғы атауы Мандарин болғандықтан, жеміс атауы да осы аралға байланысты шыққан деген тұжырымдар бар. Қалай болғанда да, мандарин - аз уақыт өтпей жұртшылықтың ең сүйікті жемістерінің біріне айнала шықты. Бүгінде ол апельсиннен кейінгі екінші орында тұр. Жемісінің шырынында 7,4% қант, 0,8 — 0,9% қышқыл, С және Р витаминдері, ал қабығының құрамында біріктіргіш заттар, көп мөлшерде эфир майы бар. Мандариннің эфирлі майы көңіл-күйді көтереді. Мандаринді көлемі бойынша үш категорияға бөледі (мм):

1 категория- 60 және одан көп;

2 категория-60 төмен 54 дейін;

3 категория-54 төмен 38 дейін [5, 25 б.].

Жемістер мен көкөністердің сапасы келесі көрсеткіштермен бағаланады: органолептикалық, физика-химиялық, қауіпсіздік және микробиологиялық.

Зерттеу жұмысын жүргізу алдымен өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін анықтаудан басталады. Органолептикалық әдістің артықшылығы оның қарапайымдылығы, қолжетімділігі және тұтынушылардың көмегімен анықтала алынуы.

Мандарин өнімінің органолептикалық көрсеткіштері ГОСТ 4428-82, картоп ГОСТ 7176-85 стандартында көрсетілген талаптар мен нормасы және талдау нәтижесі 1және 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Мандарин өнімінің органолептикалық көрсеткіштерінің нәтижесі

Көрсеткіштер атауы	ГОСТ 4428-82 бойынша сипаттамасы	Талдау барысында алынған нәтиже, Үлгі №1 (Мароккандық)	Талдау барысында алынған нәтиже, Үлгі №2 (Пәкістандық)
Сыртқы түрі	Балғын, таза, зиянкестер және аурулармен зақымданбауы.	Балғын, таза, зиянкестермен зақымдалғаны байқалмады, ұстаған кезде жұмсақ.	Балғын, таза, зиянкестермен зақымданбаған, ұстаған кезде тығыздау.
Иісі мен дәмі	Балғын мандаринге тән иіс пен дәм, бөгде иіс пен дәмсіз.	Иісі өзіне тән, бөгде иіс пен дәмсіз, дәмі қышқылдау, сүйекті.	Иісі өзіне тән, бөгде иіс пен дәмсіз, дәмі тәттілеу, сүйекті.
Түсі	Ашық қызғылт-сарыдан қызғылт-сарыға дейін	Қызғылт-сары	Қызғылт-сары

Зерттеу нәтижесінде мандарин өнімінің органолептикалық қасиеттері айқындалды. 2 кестеден көріп отырғандай органолептикалық көрсеткіштердің барлық түрлері бойынша екі үлгі де бір бірінен қалар емес. Ал дәміне келсек мароккандық мандаринге қарағанда пәкістандық мандарин тәттілеу.

Кесте 2. Картоптың органолептикалық көрсеткіштерінің нәтижесі

Көрсеткіштер атауы	ГОСТ 7176-85 бойынша сипаттамасы		Талдау барысында алынған нәтиже
Сыртқы түрі	Ерте піскен	Кешеуілдеп піскен	Түйнектері бүтін, құрғақ, қабығына 1%-дан артық емес топырақ жабысқан, солып қалмаған.
	Түйнектері бүтін, құрғақ, ластанбаған, өсіндісінің болмауы, солып қалмаған.		
	Пішіні және бояуы біртекті немесе әртекті		Пішіні және бояуы біртекті

		Қабығы қалың	Қабығы жұқа
Иісі және дәмі	Өзіне тән, бөгде иіс және дәмсіз		Өзіне тән, бөгде иіссіз және дәмсіз
Өлшемі (Орта Азия аймағы үшін)			Дөңгелек-сопақ, 18 см, 25 см, 15 см, 20 см, 27 см, 17см.
дөңгелек-сопақты сопақ	30 мм	35 мм	
	25 мм	30 мм	

Нәтижесінде «Невский» сұрыпты картоп ГОСТ 7176-85 көрсетілген нормаға сәйкес.

Мандарин және картоп өнімінің физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау

Физика-химиялық көрсеткіштер-бұл азық-түлік өнімдерінің физикалық және химиялық қасиеттерінің көрсеткіші, оларды физикалық және химиялық құралдармен өлшеп, тексереді. Талдаудың физика-химиялық әдістері үлкен сезімталдық және жылдам орындалуымен ерекшеленеді.

Мандарин үлгілерін және картоптың рН анықтау ҚР СТ 1656-2017 стандартына сәйкес рН метр приборын пайдалану арқылы анықталады. Нәтижесі 3-кестеде берілді.

Кесте 3. Мандарин және картоптың рН көрсеткіші

Өнім атауы	рН, %
Мандарин (үлгі №1)	5,9
Мандарин (үлгі №2)	5,7
Картоп	4,9

Мандарин және картоптың рН көрсеткіші ҚР СТ 1656-2017 стандартына сай.

Келесі кезекте өнімнің құрамындағы нитраттың бар-жоғын анықтау. Физика-химиялық көрсеткіштен басқа мандарин және картоптың сапасына сараптау жүргізу кезінде оны қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша талдайды. Ол үшін біз ҚФ АҚ «Ұлттық сараптау және сертификаттау» орталығына барып, сынау зертханасында КО ТР 021/2011 техникалық регламентіне және ГОСТ 29270-95 стандартына сәйкес анықтадық.

Зерттеу жүргізу үшін дайындық.

Талдау үшін үлгі алып, біртекті масса болғанша ұсақтау немесе оның шырынын алу қажет.  $\text{KNO}_3=0,1\text{ моль/дм}^3$  ( $\text{pCNO}_3=1$  бірлігінде),  $\text{KNO}_3=0,01\text{ моль/дм}^3$  ( $\text{pCNO}_3=2$

бірлігінде),  $\text{KNO}_3=0,001\text{ моль/дм}^3$  ( $\text{pCNO}_3=3$  бірлігінде),  $\text{KNO}_3=0,0001\text{ моль/дм}^3$  ( $\text{pCNO}_3=4$

бірлігінде) ерітіндісін дайындау.

Талдауды жүргізу.

Дайындалған мандарин үлгісін үккіш, механикалық, электромеханикалық еттартқыш арқылы ұсақтау. Ал картопты пышақтың көмегімен 0,5-1,0 см болатындай кесіп, еттартқышта ұсақтау. Ұсақталған үлгіден 10 гр алып, стақанға салып үстіне  $50\text{ см}^3$  1%-ды

алюмокалийлі ашудас ерітіндісін құйып, 1 мин аралықта гомогендеу.

Иономер ЭВ-74 приборының көмегімен нитрат-ион концентрациясын өлшеу.

Приборды электр тоғына қосқаннан кейін 1+4 клавишасын басу керек. Жұмысқа дайындалған нитратты электродты дистильденген сумен шайып, фильтрленген қағазбен құрғатып,  $\text{C}(\text{O}_3)=0,0001\text{ моль/дм}^3$  ( $\text{pCNO}_3=4$ ) ерітіндісіне 3-4 мин. батырады.  $\text{pCNO}_3$  өлшеу

кезінде «рХ», ал ізбекті өшіру үшін «t» батырмасын басады. «Калибровка» қолмен баса

отырып, (прибордың орташа шкаласы бойынша) 4ке тең болатындай прибордың тілін апарды. Кейін  $CNO_3=0,0001$  моль/ $\Delta m^3$  концентрациясы бар ерітіндіні алып тастап, электродты дистильденген сумен шаяды. Электродты судың тамшыларынан құрғату үшін фильтрленген қағазбен сүртіп, электродты  $CNO_3=0,01$  моль/ $\Delta m^3$  ( $pCNO_3=2$ ) концентрациясы бар ерітіндіге 3-4 мин. салады.

«Крутизнаны» қолмен баса отырып, (прибордың орташа шкаласы бойынша) 2ге тең болатындай прибордың тілін апарды. Прибордың мөлшерлеуін  $pCNO_3=3$  ерітіндісі бойынша тексереді. Бақылау мәні  $\pm 0,04$   $pCNO_3$  аспауы қажет. Приборды мөлшерлеуді аяқтаған соң, электродты ерітіндіге салып,  $cPNO_3$  бірлігінде көрсеткішті 1 мин. аралықта алады. Сыналатын үлгі мен ерітіндінің температурасы бірдей болу қажет. Алынған  $cPNO_3$  мәнін мг/кг ГОСТ 29270-95 стандартындағы А қосымшасында көрсетілген кесте бойынша айналдырады. Нәтижесі 1-диаграммада көрсетілді.




Диаграмма 1. Картоп өніміндегі нитрат көлемі

Картоп өніміндегі нитрат көлемі  $cPNO_3=3,6$  көрсетті, А қосымшасында көрсетілген кесте бойынша мг/кг-ға айналдырсақ 90 мг/кг.

Ал мандарин құрамында лимон қышқылы болғандықтан нитраттар болмайды. Лимон қышқылы мен нитрат (зиянды заттар) еш жағдайда үйлесе алмайды.

Зерттеу жұмысты қорыта келе, қазіргі кезде елімізге азық-түлік өнімдерінің 60% астамы алыс-жақын шетелден тасымалдайды. Соның ішінде жемістер мен көкөністер көп жағдайда Қытай мен Өзбекстаннан келетінін бәріміз білеміз. Осы тұста өз халқымыз жемістер мен көкөністерге сұранысын өзіміз қанағаттандыра алмаймыз ба деген сауал туады. Қандай жағдайда өсірілген беймәлім жемістер мен көкөністерді сатып алғанша, өзіміздің бақшаларымызда өсірілген жемісті неге алмасқа?! Шыны керек, қалың жұрт сауда жасағанда сатып алар жемісінің құрты жоқ, сырты бүтін және бағасы қолжетімді болғанына назар аударады. Ал сол сырты тегіс, шірімейтін алманың қандай құпия жатқанын ешқайсымыз ойланбаймызда. Сол себепті, әсіресе жаз мезгілінде «жабайы» сауда орындарында сатылатын көкөніс пен жеміс-жидектің сапасын жіті қадағалау қажет. Рұқсат қағазы жоқ, әкелінген тауарының да құжаты жоқ сауда жасаушылармен күресті күшейткен абзал. Сонымен қатар санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мамандарын көбейткен жөн. Сонда зертханалық тексерулерді жиі өткізуге де мүмкіндік болады [6,75 б.].

Зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша, «Kinnow» атты Пәкістандық және «Клементина» атты Марокканды мандариндері және «Невский» сұрыпты картоп нормативтік құжаттардың барлық талаптарын қанағаттандырды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 31 қаңтар 2017 URL: <http://www.akorda.kz>
2. Мақажанова Х.Х. Тағам биотехнологиясы: оқулық, Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2012. - 208с.
3. Пивоваров В. И. Основные направления обеспечения продовольственной безопасности населения / В. И. Пивоваров // Пищевая промышленность.-2010.-№ 1.- с. 35.
4. Абрамов Р. Осторожно: генетически-модифицированные продукты /Р.Абрамов// Управление качеством.-2009.-№ 9.-с. 62.
5. Коновалов К. Л. Натуральные продукты для здорового питания – органик-продукты / К. Л. Коновалов, М. Т. Шулбаева, Т. А. Штернис // Пищевая промышленность. -2010. - № 3. - с.127.
6. Мұратқызы Қ. Азық-түлік қауіпсіздігі-ғаламдық мәселе // Ж. Қазақ газеттері. Алматы, 2011.-114 б.

**Әбдіраш Г.И., Сакенова И.С.** ТПП -21к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: оқытушы, магистр Абзалбек М.С.

### **ҰЛТТЫҚ СҮТҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМ - ҚҰРТТЫ БАЙЫТУ**

ҚР президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: "Қазақстан-2050" Стратегиясында: «Үшінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер. Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек.»,-делінген.

Дүниежүзі бойынша түрік асханасы бірінші бестіктің ішіне кіреді. Түрік халқының дөнер-кәуәп; шербет және басқа тағамдары Түркия мен Қазақстанда ғана емес, Еуропа, Америка, ТМД мемлекеттеріне таралып, кеңінен қолданылады. Осыған орай біз қазақ ұлттық тағамының тағамдық құндылығын зерттеп, дүние жүзілік тағам өндірісіне шығарғымыз келеді [1].

Мақсаты : қазақтың ұлттық тағамы құрттың емдік-профилактикалық қасиетін жан-жақты зерттеп, оны арттырудың жолдарын қарастыру және технологиясын ұсыну.

Осы мақсатты орындау үшін келесі міндеттер орындалады.

- құрттың пайдалы қасиетін, химиялық құрамын зерттеу;
- қышқылды сүзбені алу үшін, пайдалы ашытқы микроорганизмді таңдау;
- құрттың құрамын байыту жолдарын қарастыру;
- компоненттердің өзара әсерлесуін анықтау;
- ұлттық құрт өнімнің рецептурасын құрастыру және өндірудің технологиялық сұлбасын анықтау.

Қазіргі уақытта Қазақстанда азық-түлік сапасына деген талап үлкен. Азық-түлікті өндіру барысында оның экологиялық тазалығы, қауіпсіздігі, пайдалануға ыңғайлы болуына көп көңіл бөлінуде. Сүт өндірісі дүние жүзінде соңғы 30 жыл ішінде едәуір көбейді. Сүт өнімдерін анықтайтын негізгі факторлар: аймақтық ерекшеліктер, әртүрлі категориядағы халықтық тамақтанудың үйлесімді талабы. Сүт өнімдерін пайдаланудың жалпы балансы үлкендер үшін - 20 %, балалар үшін 50 – 60 % дейін болады.

Сүт өндірісі дүние жүзінде соңғы 30 жыл ішінде едәуір көбейді. Сүт өнімдерін анықтайтын негізгі факторлар: аймақтық ерекшеліктер, әртүрлі категориядағы халықтық тамақтанудың үйлесімді талабы. Сүт өнімдерін пайдаланудың жалпы балансы үлкендер үшін - 20 %, балалар үшін 50 – 60 % дейін болады.

Сүт өнімдері арасында сүйікті және кең қолданылатын өнім - сүт қыш-қылды өнім болып табылады. Өз кезегінде ұлттық тағам құрт деп жүргеніміз де, осы сүттің ашытылған қышқылды өнімдерінен алынады.

Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамының өте көне түрінің бірі - құрт.

Құртты пісіріліп майы алынған айранды қайнату арқылы дайындайды. Қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт қайнатқышпен әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып, араластырып отырады. Әбден қойытылған құртты кенеп қапқа құйып, іліп қояды. Сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, сығып немесе алақанда айналдырып тақташаға, шиге, өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай, біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударып отырады. Осындай әдіспен қайнатып, кептіріп алынған құрт жыл бо-йына, кейде екі-үш жылға дейін сақтала береді. Құрттың құрамы тағамдық биологиялық қоспалар мен мақтауы күшті түрлі дәрумендерден құралған. 100 г сүзбенің қуаты 227 кк болса, құрттікі – 370,1кк. 100 грамм құртта 3 грамға жуық ақуыз, 3,2 грамм кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар. 100 грамм құрттан ағзаға 60-қа жуық килокалория беріледі. Сондай-ақ «кепкен құртты мүжіген баланың тісі сау, сүйегі берік болады» дейді дәрігерлер.

Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамының өте көне түрінің бірі. Құрт ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланылады [2].

Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Құрт ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланылады. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып, тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт деген түрлерге бөлінеді.

Құрттың құрамы тағамдық биологиялық қоспалар мен мақтауы күшті түрлі дәрумендерден құралған. 100 грамм құртта – 370,1ккал. 100 грамм құртта 3 грамға жуық ақуыз, 3,2 грамм кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар. Құрттың емдік – профилактикалық қасиетің арттыру үшін құрттың құрамына түрлі витаминдерден құралған жемістерді және кокос ұнтағын қостық. Соның ішінде алма, құлпынай, банан, апельсин жемістерін қолдандық.

Құртты дайындаудың бірнеше түрі бар. Сиыр сүтінен дайындалатын құртты жасау әдісі:

Белгілі бір мөлшердегі сүт өнімін 85-90°С температурада пісіреді. Пісірілген сүт 35-40°С температурада суытылады. Суытылған сүтке 20 г ұйытқы қосып, 6-7 сағат ұйытылады. Ашыған айранды қазанға құйып, түбі күйіп кетпес үшін, әлсін-әлсін қазанның түбін араластырып отырамыз. Араластыра отыра, 5 г тұз қосылады, өйткені тұз қосылған айранның сарысуы тез бөлінеді. Әбден қоюланған айранды матадан тігілген қалтаға (дорбаға) құйып, бір тәулікке іліп қоямыз. Құрғатылған өнімге белгілі бір мөлшерде ас тұзын қосып, әбден араластырып, мөлшері 20-26° г домалақ пішінді түр (форма) береміз. Тақтаға жайылған құртты әр күн сайын аударып, 2-3 күн кептіріледі.

Құлпынай – жарықсүйгіш өсімдік. Жидегі қызыл түсті, хош иісті болып келеді. Сұрпына қарай ерте көктемде, жазда, күзде жеміс береді. Қыс бойы дәрумен жетіспей әлсіреп шығатын ағзаға аса пайдалы. Құрамындағы көміртектер қан құрамындағы қантты көтермейтіндіктен, сахар диабетіне шалдыққан адамдарға жеуге рұқсат берілген. Құлпынай дәрумендерге аса бай. Құрамындағы С дәруменінің мөлшері цитрус өсімдіктеріне қарағанда анағұрлым көп.

Банан депрессиямен күресуде көмектеседі. Оның құрамында триптофана заты бар. Бұл триптофаннан қуаныш гормоны серотонин синтезделеді. Банан әлемдегі аллергия тудырмайтын жалғыз ғана жеміс. Тіпті жас нәрестелерде де банан ешқандай гиперсезімталдық яғни аллергия көріністерін бермейді, сүйектерді қатайтады. Банан

арқасында ағзадағы кальций жиналып тұрады. Қалыпты жағдайда ағзадан кальций сынды пайдалы минералдар зәрмен сыртқа шығып кетіп отырады. Ал банан әсерінен керісінше кальций жиналып, сүйектерді қатайтуға қатысады [3].

Апельсиннің құрамына қант, лимон, аскорбин қышқылдары, С, В1, В2, В6, Р, А витаминдері, пектинді және азотты заттар, көмірсулар, өзектер, фитонцидтер және минералды заттар бар. Апельсиннің қабығының құрамында 2% -ға дейін эфир майы болады. Апельсин жемісі аспаздықта, парфюмерияда және медицинада кеңінен қолданылады. Организмдегі зат алмасу үдерісін жақсартып, бауыр және жүрек сырқаты бар адамдарға пайдалы.

Қорытындылай келе, қазіргі кездегі азық-түлік өндірісіндегі басты тенденция – тұтынушылардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын денсаулыққа пайдалы ингредиенттері бар өнімдердің кең ассортиментін жасау болып табылады. Күн сайын тұтынушылар тағамдық қоспалары аз қосылған, барынша табиғи өнімді пайдалануды таңдап отыр. Сол себепті өзара сыйымды, барынша қолжетімді табиғи шикізаттық компоненттерді – витаминдермен байытылған құрт тағамы, осы талаптарға барынша жауап береді деп ойлаймыз.

Себебі, витаминдермен байытылған құрт, әсіресе, балаларға, аяғы ауыр және бала емізетін әйелдерге өте пайдалы, өйткені ол сүйектің жетілуіне, қанның жақсаруына, жүрек қызметі мен жүйке жүйесіне қажетті кальций және фосфор тұздарына бай болып келеді.

Ұсынысымыз – алынған жетілдірілген құрт өнімінің технологиясын өндіріске енгізіп, халықты табиғи өніммен қамтамасыз ету. Біз білетін құртты әлемдік деңгейде дамытып, нарыққа шығара отыра «FRUIT-KURT» брендин қалыптастырамыз деген сеніміміз мол.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: "Қазақстан-2050" Стратегиясы
2. Мақажанова Х.Х., Төлемісова Ж.К., Есқалиева Г.А., Адманова Г.Б. Мал кешендерінен бөлініп алынған сүт қышқылы бактериялары және оларды сүт өнімдеріне пайдалану//Жаршы. №4. - 2003. - Б. 45
3. Мақажанова Х.Х., Төлемісова Ж.К., Есқалиева Г.А., Адманова Г.Б. Сүт және сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін жетілдіру жолдары// Жаршы. №8. - 2002. – Б. 42-44

**Байғали А.М.**, С-12 қ/қ тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Ерубәева Д.Ш.

### **ӨНДІРІСТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ**

Әрқайсысымыз тауарды әрдайым қолданғаннан кейін өзімізді тұтынушы деп санай аламыз. Тауарларды сатып алу және қызметтерді төлеу барысында біз күн сайын өнірушілермен, кәсіпкерлермен тығыз қарым-қатынас орнатамыз. Өндірушілер, дайындаушылар және сатушылар арасындағы қарым-қатынаста тұтынушы әрдайым алдымен субъект ретінде әрекет етеді, заңды түрде аз қорғалған болып табылады. Бұл жағдайда тұтынушы әрдайым тауардың сапасы, қауіпсіздігі туралы ақпаратты күзіретті бағалауға мүмкіндігі бола бермейді. ҚР белгіленген Заңнаманың маңызды міндеттерінің бірі - дүкен сөрелерінде жатқан өнімдердің сапасын бақылау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Менің ойымша, мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі азық-түлікті өндіру мен сақтауға қойылатын тиісті талаптардың әділетсіз орындалуына әкеледі. Сондықтан да, техникалық реттеу туралы заңнаманы жетілдіру, дамыту мәселесі өзекті болып келеді.

Тұтынушылардың азық – түліктің сапасын анықтауда оның құрамы, сапасы және өндірушінің (дайындаушы) тауардың қаптамасына қатысты деректерін білдіруі міндетті. Тұтынушылар тауарды қолданар кезде тек өндірушінің адалдығына ғана сенуге мәжбүр



болады, өйткені «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заңнамаға сәйкес тұтынушыларға ақпарат берудің мазмұны мен әдісін анықтайтын деректер көрсетілмеген. Қазіргі таңда, өндірушілер (орындайшылар, сатушылар) тұтынушыларға өз мүдделеріне сай ақпарат береді. Тұтыну қаптамасында оралған және Қазақстан Республикасының территориясында сатылатын Отандық және шетелдік өнімдері туралы ақпарат беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілердің арасында ҚР СТ «Тамақ өнімдері. Тұтынушыларға арналған ақпарат. Жалпы талаптар» атты стандарттарын атап өтуге болады. Атап өткен ҚР СТ стандарты тамақ өнімдері туралы ақпаратқа қойылатын талаптары белгілейтін нормативті құжат. Ақпарат анық және оңай оқылуы керек. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіруші, дайындаушы қолданатын тамақ өнімдеріне қатысты ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтауға болатын критерийлер жоқ. Тамақ сапасының маңызды компоненті болып жарамдылық мерзімі саналады. Көптеген өндірушілер тауарларды стаудан ең көп пайда табуға тырысып, жалған және анық бүлінген тамақты сатуға барады. Көп пайда түсіру үшін, әділетсіз саудагерлер көбінесе адам денсаулығына зиян әсер тигізетін улы химикаттарды және басқа зиянды заттарды пайдаланады [1]. Осылайша, бұзылған ет калий перманганатыны, сірке суы мен бояулардың көмегімен жаңаға, сода ерітіндісімен түрлі ағартқыштармен тауық етін, шірік балықты хош иістендіргіш заттармен және т.б пайдаланады. Танымал акциялар үнемі супермаркеттерде, аяқталған немесе қазірдің өзінде жарамдылық мерзімінің аяқталған тауарларды төмен бағамен ұсынылады. Сондай-ақ, жарамдылық мерзімі аяқталған немесе мерзімі өткен тауарларға жаңа этикетка жапсырылады. Және де мұндай мысалдар өмірде өте көп кездеседі. Қазпотребнадзордың айтуынша, айналымдағы сатудың 50% -дан астам тауарлар қауіпсіздік және сапа стандарттарына сәйкес келмейді. Азық-түлік сапасы мәселесі Қазақстанның бір аймағынан екіншісіне тез бұзылатын өнімдерді ұзақ мерзімді жеткізу есебінен туындауы мүмкін. Мемлекеттің жекелеген өңірлері арасындағы қашықтықты ескере отырып, белгілі бір тауарларды жеткізу бірнеше аптаға созылады, өйткені өндірушілер мен сатушылар арасындағы қатынастарда, әдетте, бірнеше жеткізушілер қатысады. Тиісінше, дүкендер сөрелерінде бұл өнім бір айда болуы мүмкін. Мұның бәрі, әрине, тұтынылатын өнімнің сапасына әсер етеді. Осындай проблеманы болдырмау үшін тұтынушыларды тікелей жеткізумен айналысатын ірі «корпорацияларды» құру қажет.

Импортты жүзеге асыратын экспорттаушы елдердің саны елімізге тамақ өнімдері жағынан жыл сайын өсіп келеді. Қабылдау осы өнімдерге екі есе артық:

1. Бір жағынан, импортталатын азық-түлік өнімдері дүкендер мен базарлардың сөрелерінде түрлі өнімдерді ұсынады;

2. Екінші жағынан, кейбір өнімдер Отандық тауар өндірушілер үшін айтарлықтай бәсекелестік болып табылады, олардың өнімдері көп жағдайда шетелдерден төмен.

Импорттық азық-түлік өнімдері ұлттық өндірісі ұқсас өнімдеріне қарағанда жиі арзан. Бұл шетелдік өндірушілердің технологиялық базасы тамақтану, тауарлардың төмен құны және жоғары дәмдік сипаттамаларына байланысты. Сондай-ақ, шетелден шыққан азық-түлік өнімдерін сатып алуға ниетті азаматтар арасында оның жоғары сапасына қатысты келесі үрдісті байқауға болады. Мұның бәрі азық-түлік импортының ұлғаюына әсер етеді, өйткені «сұраныс болса, ұсыныстар болады» [2].

Осылайша, азық-түліктің нашар сападағы проблемалары:

1. Азық-түлік өнімдерінің сапасына қойылатын талаптарды реттеу саласындағы заңнамадағы кемшіліктер;

2. Тауарларды өндіру мен сақтауға қойылатын талаптарды бұза отырып, мемлекеттік органдардың әділетсіздігі;

3. Сондай-ақ, өндірушілердің, жеткізушілердің және сатушылардың өз қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, тауарлардың сапасына қатысты абайсыздық, абайсыздық көзқарасы боып талады.

ДСҰ контекстінде біздің шекараларымыз тауарларды импорттау үшін ашық, олар іс жүзінде тексерілмейді. Төмен сапалы азық-түлік – бұл уақыт бомбасымен теңестіруге

болады. Нашар тамақтанудың салдарынан организмдегі өзгерістер баяу жүреді, иммунитетті әлсіретіп, созылмалы ауруларды күшейтеді, нәтижесінде көптеген ауруларды тудыратын қауіп факторына айналады, ал аурудың нақты себебі - өте қиын. Қала тұрғындарының салауатты тамақтануына қолы жетпейді. Үлкен қалаларда өнімдердің импорты 80% -ға жетеді. «Сен бергенді жеу» қағидасы қазіргі кезде қолданыста. «Бүгінгі таңда өнім сапасын қабылдамау және қауіпсіздікке ғана назар аудармау әрекеттері бар. Азық-түліктің сапасы адам өмірінің сапасы мен оның денсаулығында шешуші рөл болып табылады. Бүгінгі күні азаматтардың денсаулығын қорғау бойынша мемлекеттік және қоғамдық бақылау шараларын анықтау қажет. Менің ойымша, өндірушілер бүгінгі күні бірдей емес. «Тауарлардың сапасын жақсартуға ұмтылатындар және кез-келген бағаны арзандатуға тырысқандар» деп бөліп қараға болады. Осының нәтижесінде тауарлардың сапасы, керісінше, төмендейді. Мемлекеттің рөлі статистикалық тұрғыда бұзушылықтарды түзетуге емес, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды үнемі қамтамасыз етуге бағытталған. Контрафактың өнімдерін өнірудің алдын-алу өте қиын. Отандық шұжық өнімдерінің нарығы 75% -ға жуық жалған өнімдерден тұрады. Сапаны бақылау комитетінің қорытындысы бойынша, сиыр еті мен шошқа етінің арзан алмастырғыштары арқылы, соя және коллаген протеині, құс еті мен жануарлардың терілері арқылы жасалған. Әділетсіз өндірушілер олардың «ет» өнімдерінде целлюлоза, крахмал, су сақтайтын өнімдердің құрамында көрсетпестен пайдаланады. Ең жалған болып кездесетін сүт өнімдері. Бұл өнім тұтынушылардың денсаулығына, ұзақ өміріне және әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер ететін маңызды өнім болып табылады [3].

«Қауіпсіздік» термині өте жалпы анықтама болып табылады. Егер сіз қауіпсіздікке ғана назар аударатын болсаңыз, жақын арада тағам дәміне де, сыртқы көріністе де үйрену мүмкін емес болады. Нарықтағы әділетсіз бәсекелестікпен жұмыс істемейтін адамдарды тоқтатып қалу керек. Бүгінгі күні органикалық (экологиялық) өнімдер - халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығының кепілі. Халықаралық талаптарға сәйкес, органикалық ауылшаруашылық өнімдерін өндіруде тек кен орнынан есептегішке дейін өнімнің бүкіл өмірлік циклы бақыланады. Адам денсаулығына зиян келтіретін барлық нәрселерді - химиялық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын, ГМО-ны, антибиотиктерді, өсу гормондарын, тағамдық қоспаларды қолдануға тыйым салынады. Органикалық ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын бақылау механизмі өте маңызды, ол заңға сәйкес қажет. Бүкіл әлемде сапаны бақылау жүйесі тәуелсіз сертификаттау жүйелерінің көмегімен құрылды, бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан бақыланады. Органикалық (экологиялық) өнімдер - бұл денсаулығын сақтаудың жасына немесе басқа да себептерге байланысты сау тамақтануды қажет ететін миллиондаған тұтынушылар үшін азық-түлік болып табылады. Енді олардың заңды құқығы ешқандай жағдайда жүзеге асырылмайды. Сондай-ақ экологиялық таза азық-түлікті өз еркімен тамақтануды қалайтындардың мүдделерін қорғау қажет [4].

Азық-түлік сапасы мәселесі әрдайым өзекті болып отырған жоқ. Отандық тұрғындардың кейбір азық-түлік өнімдерінде бөтен заттарды анықтауға болатынына таң қалмайды. Сары май, ірімшік және сүт сияқты өнімдер стандартқа сай емес, жиі азық-түлік қоспалары мен стандартты емес ингредиенттері кездесетін өнімдер. Сондай-ақ, «Е» тобына, консерванттар және т.б кіреді. Мұндай стандартты емес өнімдер тек адам денсаулығына нұқсан келтіріп қана қоймай, адамның өміріне зиян келтіреді.

Мемлекеттік деңгейде азық-түлік өнімдерінің сапасын жақсарту мәселесі қазір басымдыққа ие екендігі сөзсіз. Қазіргі таңда, аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ғылым, бизнес және аймақтық биліктің үйлескен әрекеттері арқылы ғана инновациялық дамуды қамтамасыз ете аламыз. Азық-түлік өнімінің сапасын жақсартуды іске асырудың маңызды бағыттары келесілер бойынша ұйымдастыру жүргізіледі:

- қауіпсіздік мәселелері;
- энергия, азық-түлік және биологиялық құндылықтар мәселелері;
- тұтынушылық қасиеттер саласындағы сұрақтар (сыртқы көрініс, таңбалау және т.б.).

Осылайша, осы мақсатқа жету үшін келесі қажетті шараларды атағым келеді:

- пайдаланылатын шикізатқа байланысты азық-түлік өнімдерінің жекелеген түрлерін бағалауды және сапаны бағалауды қамтамасыз ету;
- «далалықтан есептегішке» өнім сапасын қадағалауға мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық жүйе құру;
- өнімнің шығу тегін айқындауға, өндірілетін дәрілік өнімдерді пайдалануды қадағалауға және өндірудің және айналымның әрбір кезеңіне жауап беретін ұйымдарды айқындауға мүмкіндік беретін ұлттық таңбалау жүйесін құру;
- азық-түлік үшін техникалық регламенттер жүйесінде «регламенттелген индикаторлар тізбесін кеңейту»;
- тағамдық қоспаларды, дәмдеуіштерді және стартерлерді (соның ішінде генетикалық түрлендірілген шикізат пен нанотехнологиялар көмегімен алынған) міндетті ресімдеуді ресейлік нарыққа қабылдау жүйесін жаңғыртуды енгізу.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Липина С.А., Агапова Е.В., Липина А.В. Производство экологически чистых продуктов питания – развитие важнейшего сектора зеленой экономики // Успехи современной науки и образования. 2015. № 5. С. 41-44.
2. Папело В.Н., Ковтун Б.А. Проблемы государственного регулирования устойчивого развития сельских территорий и обеспечения продовольственной безопасности страны // Успехи современной науки и образования. 2016. № 1. С.18-22.
3. Ермаков В.А. «Қазақстан қазіргі дүние әлемінде», Алматы – 2002 ж.
4. Лукьянова А.Н. Качество и безопасность продуктов питания как важнейшая составляющая продовольственной безопасности // Аналитический вестник. 2012. № 16 (500). С. 56.

**Батырбекова А.Н.**, гр С-32с/к, КЭУК

Научный руководитель: Зам.директора по качеству  
ТОО «Натиже» Сут Фабрикасы» Алиева Г.С.

## **АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПИЩЕВОЙ БЕЗОПАСНОСТИ**

Безопасность и качество отечественной пищевой продукции являются определяющими параметрами конкурентоспособности любой страны.

Казахстан гармонизирует требования по качеству и безопасности продуктов питания с Таможенным Союзом и в связи с вступлением во Всемирную Торговую Организацию.

С 1 июля 2013 года вступили в силу основные Технические регламенты Таможенного союза, устанавливающие единые требования к пищевой продукции, к процессам производства, хранения, транспортирования, реализации и утилизации.

Технические регламенты Таможенного союза принимаются в целях защиты жизни и здоровья граждан, охраны окружающей среды, предупреждения действий, вводящих в заблуждение потребителей товаров и услуг.

Основная их цель - в максимально сжатые сроки снять технические барьеры в торговле и обеспечить свободное движение товаров и услуг в пределах территории Таможенного союза, с едиными гармонизированными требованиями к различным товарам, документооборотом и одинаковыми требованиями участников рынка.

С принятием технических регламентов устанавливаются четкие и понятные требования к показателям безопасности пищевой продукции, - правилам и методам их контроля, отбора проб, к проведению государственного надзора и контроля за продукцией на всех стадиях ее оборота, начиная от сырья и до готовой продукции.

На современном этапе проблемы качества и безопасности пищевых продуктов приобретают важное значение. Здоровье каждого человека, его детей, а следовательно и всей нации в целом напрямую зависят от качества и безопасности того с чем человек неизбежно контактирует в течении всей его жизни с момента рождения – социальная и окружающая среда, питьевая вода, пищевые продукты и многие другие факторы.

Молочная отрасль сегодня развивается в сложной экономической и геополитической ситуации. Весьма актуальна проблема с фальсификацией молочной продукции, которая негативно сказывается на конъюнктуре молочного рынка [1].

Что такое молоко? Молоко – это биологическая жидкость, выделяемая молочной железой млекопитающих и предназначена для поддержания жизни и роста новорожденного. Молоко синтезируется клетками эпителиальной ткани молочной железы из питательных веществ, поступающих в молочную железу с кровью. А также улучшает соотношения составных частей пищевого рациона повышая их усвояемость. Она содержит все необходимые для человеческого организма питательные вещества в легкоперевариваемой форме при этом соотношение питательных веществ в молоке является сбалансированным то есть оптимальным для удовлетворения потребности организма в них.

С точки зрения коллоидной химии, молоко представляет собой полидисперсную систему. Дисперсные фазы молока находятся в ионно-молекулярном (минеральные соли, лактоза) коллоидном (белки, фосфат кальция) и грубодисперсном (жир) состоянии. Сырьем в молочной промышленности являются цельное молоко и его отдельные компоненты, в частности жир, белок. Различают истинные компоненты молока которые синтезируются в процессе обмена веществ при секреции молока, и неистинные антибиотики гербициды инсектициды радиоизотопы и др. При переработке молока происходят некоторые изменения состава и свойств составляющихся его компонентов. Поэтому в процессе производства необходимо учитывать количество. Поэтому в процессе производства производство необходимо учитывать количество отдельных компонентов молока, а также характер их изменений под воздействием технологических факторов. В зависимости от назначения молоко оценивают по различным показателям. Если молоко используют как непосредственными показателями большого значения приобретают его физико-химические свойства.

Молоко состоит из воды и сухого остатка, включающего жир, фосфатиды, стерины и другие азотистые вещества, белки, молочный сахар, минеральные соли а также микроэлементы, газы, витамины, ферменты, гормоны.

Требования к качеству молока. По органолептическим показателям коровье молоко должно соответствовать следующим требованиям:

1. Внешний вид и консистенция. Однородная жидкость без осадка. Для молока топленого и повышенной жирности без отстоя сливок.
2. Вкус и запах. Чистые без посторонних, не свойственных свежему молоку привкусов и запахов. Для топленого молока хорошо выраженный привкус высокой пастеризации
3. Цвет. Белый со слегка желтоватым оттенком, для топленого с кремоватым, для не жирного со слегка синеватым оттенком [2].

Наиболее часто выявляются следующие виды фальсификации молочной продукции:

- Замена молочного жира;
- Добавление крахмалов, каррагенов, фосфатов, стабилизаторов, консервантов, и т.д.;
- Занижение содержания жира, белка или завышение содержания сахара относительно содержания информации на этикетке и т.д.

Современная наука позволяет и предполагает использование многих химических веществ, антибиотиков, медицинских и ветеринарных препаратов в области производства, обработки, хранения пищевых продуктов с самого начала всей производственной цепи.

Однако вместе с безусловной пользой применения современных методов в сфере пищевой промышленности, существует так же и определенная опасность использования некоторых веществ при производстве продукции.

Поэтому актуальным вопросам сегодня остается проблема наличия кондоминатов в пищевых продуктах.

По оценкам Всемирной организации здравоохранения, наибольший «вклад» в химическую нагрузку на организм человека вносят продукты питания: различные вещества, поступаая в организм с едой, могут накапливаться в соответствующих органах-мишенях и при определенных условиях оказывать негативное воздействие на здоровье.

В соответствии с документами международных организаций в области качества и безопасности питания такие вещества считаются «кондоминатами» - вещества, непреднамеренно загрязняющие продовольственное сырье и пищевые продукты на любой стадии производства продукции.

Контаминация пищевых продуктов может происходить на любом этапе их производства, хранения и реализации.

Под безопасностью продовольственного сырья и пищевых продуктов понимают совокупность их свойств, при которых они не являются вредными и не представляют опасности для жизни и здоровья нынешнего и будущего поколений при обычных условиях использования. Поэтому совершенствование методических подходов при осуществлении надзора за показателями безопасности пищевых продуктов, изучение возможного негативного влияния малых доз чужеродных химических веществ на здоровье населения, оценка вклада пищевых продуктов в общую химическую нагрузку — важная научная и практическая задача.

В нашей стране разработан и применяется на практике ряд нормативных документов, которые содержат требования к безопасности продуктов питания, к ним относятся технические регламенты, ГОСТы, методические указания и рекомендации. Все перечисленные документы регулярно пересматриваются, совершенствуются, обновляются с учетом новых требований и достижений современной медицины.

Современные лабораторные методы исследования пищевых продуктов позволяют выявить наличие в них контаминантов, например антибиотиков.

Сегодня исследование образцов только конечной продукции не является эффективным. Для обеспечения безопасности пищевых продуктов важно учитывать все этапы производства продукции.

В мониторинге качества и безопасности продуктов питания сегодня особое внимание уделяется обнаружению остатков антибиотиков, метаболитов лекарственных средств, стимуляторов роста, вредных красителей и т.д.

Для реализации этой цели лаборатории оснащаются высокотехнологичным оборудованием, отвечающим мировым требованиям экспертизы.

Поскольку мы интегрируемся в глобальный рынок, то, конечно, должны придерживаться международных стандартов, которые вошли в перечень обязательных требований для любой страны и позволяют отследить процесс производства продукции от поставщика до момента выхода, вплоть до упаковки.

1) Актуальным вопросом является то, что у ТОО «Нэтиже» нет отложенной системы контроля. Здесь не обойтись без помощи государства, только оно способно отследить всю цепочку. Конечно, государство сегодня начало выявлять фальсификаты в продуктах питания, но должного контроля за производством не наблюдается.

Достаточно проверить поступление на предприятия сырья для производства и картина станет сразу же ясна, т. к. по поступлению сырья можно сразу же увидеть какие ингредиенты использует производство: жиры, стабилизаторы, консерванты и т.д., которые могут нанести вред живому организму.

Только проведя контроль на таком уровне мы получим желаемой результат, не только проверяя готовый продукт. Покупая продукты, одежду, мебель, игрушки своим детям, мы будем уверены в их безопасности.

3) Актуальными вопросами формирования национальной системы безопасности являются оценка и управление биологическими рисками природного или преднамеренного характера [3].

Для повышения эффективности противодействия возрастающим биологическим опасностям требуется построение системы биологической безопасности, основанной на высоких информационных, диагностических и профилактических технологиях, методах современной молекулярной биологии, способных выявлять и оценивать характер существующих и потенциальных биологических угроз.

Только с внедрением в практику инновационных технологий- реально совершенствование системы биологической безопасности, адекватное современным рискам и угрозам международного значения.

4) Важнейшим способом обеспечения населения качественными и безопасными продуктами питания может стать развитие в Казахстане нового направления – органического (экологического) сельского хозяйства. Для обеспечения продовольственной безопасности и повышения конкурентоспособности продукции, должны решаться вопросы о новых, совершенно различных направлениях развития экологического сельского хозяйства и применения технологий ГМО.

На современном этапе экологизацию сельского хозяйства необходимо рассматривать как стратегическое направление для обеспечения продовольственной безопасности Казахстана. Это наше будущее, наша перспектива. И не только для того, чтобы обеспечить внутренний рынок, это наш экспортный потенциал [4].

5) В пищевом секторе есть слабое звено – это продукты детского питания. Одним из главных приоритетов государственной политики в интересах детей является обеспечение детского населения полноценным питанием с первых дней жизни. Качественное и сбалансированное детское питание - залог здоровья нации.

Сохраняется необходимость расширения номенклатуры производимой молочной продукции, в том числе специализированной детской кисломолочной, обогащенной макро- и микроэлементами, витаминами, бифидобактериями и ацидофильной палочкой.

6) Актуальны вопросы производства пищевых продуктов, содержащих генетически-модифицированные организмы (ГМО).

В настоящее время в мире организовано широкомасштабное производство пищевой продукции, полученной из генетически модифицированных организмов (ГМО).

Получение ГМО связано со «встраиванием» чужого гена в ДНК других растений или животных с целью изменения свойств или параметров последних. Например, получение растений, устойчивых к заморозкам, или к насекомым, или к пестицидам и др [5].

Самый главный аргумент «за» трансгенные продукты заключается в том, что численность населения Земли постоянно растет и «продовольственная проблема» становится все более актуальной. Все «обычные» возможности увеличить продовольственный потенциал в мире фактически исчерпаны, поэтому необходимы принципиально новые подходы и технологии в отношении пополнения запасов пищевых продуктов, и в частности использование генной инженерии. Использование методов генной инженерии позволяет увеличить производство сельскохозяйственной продукции и наладить масштабное и дешевое производство пищевых продуктов, а значит, сделать их более доступными для широкого потребления.

7) Актуальны также проблемы нехватки молока – сырья для производства молочной продукции.

Данная проблема усложняет выпуск продуктов здорового питания. Значительную часть сухого молока предприятия Казахстана вынуждены покупать из-за рубежа, качество которого не всегда удовлетворяет казахстанских потребителей.

### **Список литературы:**

1. Варибрус В.И., Жук Ю.Т., Руш В.А. Товароведение продовольственных товаров – М.: Экономика 1996
2. Алексеева Н.Ю., Аристова В.П., Патратий А.П. и др. Состав и свойства молока как сырья для молочной промышленности: Справочник – М.: Агропромиздат 2000
3. <http://kazpatent.kz/ru/news/>
4. <http://msd.com.ua/spravochnik-texnologa-molochnogo-proizvodstva/>
5. <http://www.medpulse.ru/>

**Бекболатова А.Б.,** С-32к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: «ҰССО» АҚ ҚФ оқу-әдістемелік  
секторының бастығы Закирова Н.А.

## **МАТА САПАСЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауда Президент жүзеге асыруы тиіс 10 негізгі бағытты айқындаған. Бірінші кезекте Елбасы: Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы керектігіне тоқталған. Заманауи технологияларды құрылыс саласында да пайдалану аса маңызды. Бұл халықтың баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Президент мәлімдемесінде қаржы секторын қайта жаңарту қажеттілігі айтылды. Бұл қадам еліміздегі банк секторын жандандырады. Нұрсұлтан Назарбаев адами капиталдың сапасын арттыруды да сөз етті. «Халыққа сапалы білім алуы үшін, сапалы медициналық қызмет көрсетуі үшін барлық жағдай жасалуы керек», - деді Президент. Тиімді мемлекеттік басқару, Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі - Жолдаудағы негізгі басымдықтар [1].

Матаны жасанды талшықтар мен жіптердің табиғи жоғары молекулярлық қосылыстардан (әдетте шыршадан алынатын целлюлозадан) жасайды. Оларға вискозды, мысты аммиак талшықтар мен жіптер, ацетатты(негізінен триацетатты)жіптер жатады. Мұнайды, газ бен көмірді қайта өңдеу арқылы алынатын синтетикалық полимерден талшықтар мен жіптер жасалады.

Солардың ішінде ең көп тарағандары:

- полиамид талшықтары мен жіптері(капрон, анид),
- полиэфир(лавсан),
- полиакрилонитриль(нитрон),
- поливинилхлорид(хлорин),
- полиолефин (полипропилен, полиэтилен) талшықтары мен жіптері.

Полиамид талшықтары немесе капрон талшықтары жоғары молекулалық зат капрон смоласынан шығарылады. Олар шамамен 200 аминокапрон звеноларынан тұрады. Капрон смоласы алынатын бастапқы өнім капролакта деп аталады. Оны әр түрлі оңай қосылыстардан: фенолдан, аниленнен, циклогексаннан алуға болады.

Таза капролакта кристалдық ақ зат, қалыпты қысымда қайнау температурасы 258С, балқу температурасы 69-71С. Барлық дерлік еріткіштерде ериді. Капрон амид байланысы деп аталатын байланыстары бар полиамид талшықтары тобына жатқызылады.

Капрон талшығы өте бағалы механикалық қасиеттерімен белгілі және кеңінен қолданылады. Бір қатар техникалық мақсаттардан басқа, ол әр түрлі тігін және трикотаж бұйымдарын: шұлық және басқалар, сонымен қатар, балық аулауға қажетті заттар, жасанды талшық және т. б. даярлау үшін қолданылады. Капрон талшығы мақтанікінен екі есе берік, суда ісінбейді, қара күйеге желінбейді. Одан жасалған жасалған бұйымдарды өтектемесе де болады: тез кеуіп, олар фабрикада берілген бастапқы қалпына келеді. Капроннан иірілген жіп табиғи жібек жіптен 15-20 есе иілгіш. Капрон пластмасса түрінде де пайдаланылады, одан механизмдер үшін тетіктер жасайды. Капрон талшығы негізінде алынған маталардың

кемшілігі, олардың ылғал сіңіре алмайтындығы. Соның салдарынан терінің тершеңдік ауруы және аллергиялық реакция туындайды.

Капрон жіптері вискоз жібегінің жіптерінен 4 есе жеңіл, олардың беріктігі 2-3есе көп. Бұл капроннан, парашют ашылғанда кенеттен жұлқуда үзілмейтін, жеңіл парашют маталарын жасауға мүмкіндік береді. Капрон талшығынан істелген корд аса беріктігімен белгілі.

Егер автомобиль немесе велосипед шинасын кессе, сонда резинаға престелген иірілген жіптер көрінеді. Осы корд. Кордтан ленталар жасайды және оларды шикі резинамен сіңіреді. Әр шина осындай резиналанған ленталар қатарынан тұрады; олар бір біріне крест тәрізді салынған корд, темір бетондағы темір қарқас секілді резинада байланыстырғыш қаңқа болып табылады. Капрон талшығының кемшілігі қышқыл әрекетіне онша төзе алмайды, оның макромолекулалары амидтік байланыс тұсынан гидролизге ұшырайды.

Эластик үлпілдек, аса созылғыш, талшық, одан іш киім, ұйық, шұлық, трикотаж бұйымдары жасалады. Мэронның да қасиеті соған ұқсас, бірақ эластиктен созылғыштығы нашарлау.

Анид адипин қышқылы мен гексаметилен диаминнен өндіріледі, технологиясы капронды өндіргенмен бірдей. Қасиеттері де капронға ұқсас, бірақ оған қарағанда жылуға төзімді және созылғыш келеді. Механикалық тоқымалар, әсіресе корд, текстиль т. б. бұйымдарды даярлауда кеңінен қолданылады. Анидті АҚШта нейлон, Жапонияда пропилон, Англияда найлон деп аталады.

Энант амиэнант қышқылынан алынады. Көп қасиеттері капронға ұқсас, бірақ жарыққа және жылуға берік. Бұдан корд, штапель жиырылмайтын тоқыма т. б. шығарылады.

Лавсан талшығы — өте берік, жарық пен қызуға төзімді, тозбайтын материал. Ол — жақсы диэлектрик, орташа қышқылдар мен сілтілер (концентрациясы аз) әсеріне төзімді. Одан тоқыма бұйымдарын, киімдер, қаптама маталар жасайды. Матасы жұмарланбайтын, берік, тозуға төзімді болады. Сондай-ақ техникаға қажетті арқан, таспалар, сүзгі маталар, т. б. заттарды да жасайды.

Жүн мата. Бірыңғай жүнен немесе басқа талшықтар қосылып арлас тоқылған маталар. Жүн маталар таза (6-10%ғана өзге талшық қосылған) және жартылай жүн мата болып бөлінеді. Жартылай жүн матаға жасанды және синтет. талшықтар көбірек қосылған. Бұл оның сапасын арттырады (тез тозбайды, мыжылмайды, т. б. ). Мата жібінің иірілу әдісіне және түріне қарай жүн мата мәуіті, шұға және аралас мата болып жіктеледі. Жүн матаны өндіру процесі күрделі де алуан түрлі. Жүн матаны өндірудің өзіне ғана тән амалы шұға басқыш машинада жүргізілетін процесс. Мұнда сабынды және тұзды т. б. жылы ерітіндіге малынған мата мех. өңдеуден өтеді, арнаулы дәрі дәрмек сіңіріліп су өтпейтін, умаждалмайтын, күйе жемейтіндей сапаға келтіріледі [2].

Қазақстанда жүн иіріп, одан мата, киім тоқу ежелгі дәуірден дамыған. Ал өндірістік жолмен тоқылған алғашқы жүн мата 1910 жылы құрылған Қарғалы шұға ф-касында шығарылады. Онда 1913 жылы 110 мың метр шұға мата өндірілген. Одан кейінгі жылдары Семей шұға мата комбинаты, Қостанай костюмдік мата комбинаты, Семей мәуіті иіру ф-касы, т. б. ірі өндіріс орындары салынды. Қазақстанда 1975 жылы 40 млн. метр жүн мата тоқылды. 1991 жылы жүн мата өндіру 31098 мың шаршы метрге жетсе, 2000 жылы жүн мата өндіру 259 мың шаршы метр болды.

Жүнде майлы заттар көп болады. Мыс. , арқармеринос қойдың жүнінде 30%-ға дейін май мен шайыр бар. Осылардан арылту үшін жүн жуғыш машинаның арнаулы ыдысына су құйылып, оған көмір қышқыл сода, калийлі сабын және аммиак қосылып, әбден араластырылады. Бұл құрамның салмағы жуылатын жүн салмағының алты пайызына жетуге, ал судың темп. 550С тан аспауы тиіс. Мұнан жоғары болса, жүннің реңі кетуі мүмкін. Жүннің иісін кетіру үшін көмір қышқыл газбен өңделеді. Жүн өңдеу кәсіпорындарында экстракциялық әдіспен жұмыс істейтін жаңа машиналар қолданылады. Бұл әдістің ерекшелігі жүн жабық бөлме де хлорлы көмір қышқыл газбен өңделеді.



Осы процесс нәтижесінде жүндегі май мен шайырдың 70%-ы кетеді, жүн ажарланып, биязылығы артады. Жүннен алынған май техника мен медицинада кеңінен қолданылады. Жүн сорттау кезінде жүннің дайындау стандартына сәйкес сапасы бағаланады. Жүн сорттау процесі жүнді алғашқы өңдеу кәсіпорындарында атқарылады. Дайындау стандарты бойынша жүн қалыпты, шөпті, тікенек шөпті және ақаулы болып бөлінеді. Егер жүндегі шөп қалдықтары мен жүннің мөлшері жалпы жүннің он пайызынан аспаса, қалыпты жүн, егер бұл мөлшерден артса, шөпті не тікенекті жүн деп атайды. Кейбір жүн ажарсыз, түсі оңған, талшығы осал болады. Мұндай кемістік он пайыздан асса, онда ақау жүн болып есептеледі.

Киімнің сапасы көптеген факторларға байланысты болады. Ең жоғары маңызға киімнің сапасын құрылымдауға тікелей қатысатын факторлар ие: бастапқы материалдардың сапасы, бұйымды жобалау, технологиялық өңдеу.

Маталардың, трикотаждардың, мата емес денелердің және көптеген материалдардың сапасы, олардың қасиеттері (эстетикалық, гигиеналық, беріктіктік) көпшілік жағдайда сәйкес алынатын киімдер қасиеттерін анықтап береді. Материалдарға киімдердің функционалдық арнаулы бойынша сәйкестігі, тұтынушылар жасы және бет пердесі, сонымен қатар моданың бағытына байланысты болады. Материалдардың гигиеналық қасиеттерінің кешені киім астылық кеңістік микроклиматының жағдайына әсер етеді, белгілі болғандай, адамның өзін сезінуіне және жұмыс істеуге қабілеттілігіне әсер етеді.

Материалдардың серпімді-эластикалық қасиеттеріне, қаттылығына, деформациялануына, қалыптану қабілетіне қажетті көлемді-кеңістіктік формасын құру мүмкіндігі және оның эксплуатациялаудағы тұрақтылығына байланысты болады.

Киімдерді жобалау процесінде оның көлемдік-кеңістіктік формасы және композициясы, конструктивтік шешімі, шамаланушы өлшемдерің, қосылу тәсілдері және жеке бөлшектерінің өзара байланыстылығы және бұйым түйіндерінің өзара әсерлесуі анықталады. Осы сатыда сонымен қатар киімнің тек қана көркемдік –эстетикалық қасиеттері құрылымданып қана қоймай, сонымен бірге, осының сапасының маңызды көрсеткіштері, атап айтсақ экономикалық және технологиялық қамтамасыз етіледі. Соңғылары, киім өнеркәсіптік өндірісінің экономикалық мақсаттылығын анықтап береді.

Киімдерді технологиялық өңдеуде сапасына үлкен әсерін тигізеді. Бөлшектердің және түйіндердің қосылу сапасы, ылғалды-жылулық өңдеу және соңғы біржола безендіру негізінен киімнің сапа көрсеткіштерін, оны фигураға отырғызу сапасын, тозуға төзімділігін және т.б. анықтап береді. Бұйымды технологиялық өңдеу процесінде қажетті көлемдік формаға және тауарлық түрге ие болады. Технологиялық өңдеу процесінде қалыптанатын киім сапасы едәуір дәрежеде қолданылатын технологиялық жабдықтардың (машиналар, жартылай автоматтар, пресстер және т.б.) жағдайына және сапасына, атқарушылардың еңбегінің сапасына байланысты болады [3].

Киімдердің сапасын сақтау үшін бұйымды бумалау және маркілеу, оларды сақтау шарттары, тасымалдау, тарату және эксплуатациялау маңызы жоғары.

Киім сапасы көрсеткіштері және қасиеттерінің классификациясы. Киімнің сапасы және кез келген тауар сапасы олардың жарамдылығын, арнаулына байланысты белгілі бір тұтынушылық талаптарын қанағаттандыруына негіз болатын қасиеттер жиынтығының сипаттамасы болып табылады. Сапа – тұтыну процесінде көрінетін әртүрлі қасиеттердің кешеннен тұратын және пайдалылығын сипаттайтын киімнің күрделі сипаттамасы.

Арнаулы көрсеткіштері (функционалды) бұйымның арнаулының, жасының және тұтынушы көзқарасына моданың сәйкестігін қосады.

Эстетикалық көрсеткіштер тобына келесілер кіреді: модельдердің стильдік өрнектелуі, басқаша айтқанда моданың формасы, қаптамасы, конструктивтік және декоративтік сәнінің, түстік өрнегінің, материалының, безендірілуінің, және т.б. сәйкестігі; композициялық шешімінің мақсаттылығы (модельдің архитектурасы); модельдер конструкциясының формасымен материал қасиетін өрнектелу рационалдылығы; жаңышылдығы, модельдің айқындылығы және оригиналдылығы; барлық ашық элементтерінің безендірілуінің белгіленуі; көркемдік-техникалық безендірілуі және буманың сапасы.

Эргономикалық көрсеткіштеріне келесілер жатқызылады: бұйым конструкциясының өлшемдерінің және формасының адам денесіне сәйкестігі (балансы, бұйымның отыру сапасы).

Престеу – ылғалданған мата престің екі үтіктеу бетінің арасында қысылатын кезіндегі әдіс.

Булап үтіктеу – матаға қысым буланатын үрленген манекенде және ыстық беттің көмегінсіз буланып булау көмегімен іске асырылады.

Тігін өндірісінде электроқыздырғышты түтікті немесе спираль тәрізді үтіктерді қолданады, яғни тігістерді біркелкі қыздырумен, матаға жақсы жылу беру және электроэнергиясын үнемдеуді қамтиды.

Бұйымды оң бетінен арнайы үтіктегіш мата арқылы немесе ішкі жағынан матасыз үтіктейді. Арнайы үтіктегіш мата ретінде жоғары температураға және ылғалға төзімді зығыр, қатқыл немесе ағартылған мата қолданылады. Түкті маталар (барқыт, плюш және т.б.) инелі бетті заттармен арнайы мата арқылы үтіктеген дұрыс. Олар негізгі матаның үтіктелуін қамтиды, ал түгі болса инелер арасында орналасады.

Электрлі үтіктерден басқа электробулы және булы үтіктер, сонымен қатар қызыдырылған бетті үтіктегіш үстелдер қолданылады. Электробулы үтіктің ТЭН-ді термоөзгерткіші бар. Бу үтіктің бу жібергіш камерасына бу генераторынан резиналы шланг арқылы келеді. Бұл бу сонымен қатар матаны булау үшін қолданылады, сондықтан үтік табанында арнайы тесіктері бар.

Престің жұмыс органы – жоғарғы және төменгі престеуші әр түрлі пішінді және өлшемді (әр түрлі операциялар үшін) жастықшалар болып табылады. Төменгі жастықша бетін қатты немесе жұмсақ аралық матамен, ал жоғарғысын – торлы аралық матамен арнайы мата ретінде қаптайды.

Булы қызу ылғалды мата буымен қосылады. Мұндай қыздырғышты пресстер жоғарғы сапалы ылғалды жылулық өндеуді қамтиды, бірақ пресстеу немесе бұйымды кептіруі (30-60с) бар. Булы пресстерді қолданудың тиімділігі буды сорғанда, яғни өндеу уақыты шамалы екі есеге қысқарғанда жоғарылайды. Өндеу уақытының қысқартылуы сонымен қатар құрама электробулы қызуды қолдануда болуы мүмкін [4].

Тігін бұйымдарына негізгі материалдарды таңдау және оларды ұтымды қолдану ең маңызды, сондықтан материалдардың қасиеттерін, құрылысын, олардың ассортиментін және сапасын білу қажет.

Тігін өнеркәсібінің мамандары ең алдымен, тігін бұйымдарына арналған тоқыма материалдарына қойылатын талаптарды, қасиеттерінің көрсеткіштерін анықтай және нақты тігін бұйымдарына арналған материалдардың бағалануын білуі керек. Суретші-модельер, құрастырушы, және технолог тоқыма материалдарымен жұмыс істегенде, оның қасиеттерін біліп қана қоймай, киімге таңдалған материалдарды өндегенде, бұйымды дайындау кезінде материал қасиетін өзгеруінің және осы өзгерісті бұйымның нақты пішімін немесе силуэтін жасауда қолдануды терең білу қажет. Тұтыну деңгейі бойынша жеңіл өнеркәсіп азық-түлік тауарларынан кейін екінші орында тұр, бұл оның маңыздылығын білдіреді. Жеңіл өнеркәсіптің экономикалық және стратегиялық қауіпсіздікті, еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтуды және оның өмір сүру деңгейін жаңа геосаяси жағдайларға көтеруді қамтамасыз етудегі маңызды ролін ескере отырып, әлемнің ірі елдері саланы дамытуға айрықша назар аударады және оған айтарлықтай инвестициялық қолдау көрсетеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту нықтап қолға алынған. Бұл жолда көптеген жұмыстар жасалуда. Жоғарғы оқу орындарында жеңіл өнеркәсіп саласының мамандарын даярлауда. Және болашақ мамандарға мемлекет тарапынан көптеген гранттар бөлінуде. Сонымен қатар кәсіпкерлерге де жағдай жасалуда... Көптеген несие жағдайларн ұйымдастырып ісінің өрге домалауына барынша көмек көрсетілуде. Елімізде жыл сайын сән үйлері, тігін цехтары мен кішірім шеберханалардың саны артуда.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Никитина Е.Д. Талғатбекова А.Ж. Киімді конструкциялау.- Астана,2010 – 54б.
3. Асанова А. Тастанбекова Г. Киімді конструкциялау және тігу технологиясы.-Астана, 2013 – 143б.
4. Сатыбалдинова Б.С., Сәлімбаева М.А. Тігін өндірісінің технологиясы. - Астана, 2012. – 75б.

**Беспаева А.Қ.**, С-32к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: ф-м.ғ.к., доцент Карагаева М.Б.

## **КОМПЬЮТЕРЛЕРДІҢ САПА ДЕҢГЕЙІН КВАЛИМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН БАҒАЛАУ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаудың басты бағыты – әлеуметтік дамудың барлық салаларына енетін экономиканың жалпы цифрландырылуы. Қоғам цифрлы дәуірге еніп жатқандықтан киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығы да артып келеді. «Wanna Cry», «BadRabbit» секілді вирустық бағдарламалар таралып кетті. Осыған байланысты ешкімнің сақтандырылмағанын да естен шығармаған жөн. Сол себепті үлкен компаниялар мен банктер шығынға батып отыр. Ал оларды ақпараттық қауіпсіздік пен криптография саласындағы жас мамандар анықтайды. Осыған байланысты ақпараттық қорғау және тиісті мамандарды даярлау маңызды болып отыр [1].

Компьютер, ЭЕМ (электрондық есептеуіш машина) - есептеулерді жүргізуге, және ақпаратты алдын ала белгіленген алгоритм бойынша қабылдау, қайта өңдеу, сақтау және нәтиже шығару үшін арналған машина. Компьютер дәуірінің бастапқы кезеңдерінде компьютердің негізгі қызметі -есептеу деп саналатын. Қазіргі кезде олардың негізгі қызметі - басқару болып табылады.

«Компьютер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда есептеуіш , есептеуге арналған құрылғы дегенді білдіреді. Компьютерлер есептеу операцияларының қатарларын адамның қатысуынсыз, алдын ала көрсетілген нұсқаулық – бағдарлама бойынша жүргізуге мүмкіндік береді.

Алғашында ағылшын тілінде бұл сөз механикалық құрылғыларды қолданбай немесе қолдана отырып, арифметикалық есептеулер жүргізетін адамға қатысты айтылған. Содан кейін бұл сөз машиналарға қатысты айтылатын болды, бірақ, қазіргі заманғы компьютерлер м атематикаментікелей байланысты емес мәселелермен де айналысады.

Компьютер сөзінің анықтамасы алғаш рет 1897 жылы ағылшындық Оксфорд сөздігінде пайда болған болатын. Бұл сөздікте компьютер механикалық есептеуіш құрылғы ретінде көрсетілген. 1946 жылы бұл сөздікте цифрлық компьютер, аналогтық есептеуіш машинасы және электронды компьютер түсініктерінің мағынасы ажыратылып көрсетілді.

Есептеуіш техниканың қазіргі тарихының негізі 1943 жылы «Марк-1» машинасының дүниеге келуінен бастап қаланды. Компьютерлердің алдыңғы буындары шамдық есептеуіш машиналар болатын, олардың орнын транзисторлы электронды есептеуіш машиналар (ЭЕМ), содан кейін – интегралды сызбалар пайдаланылатын электронды есептеуіш машиналар және ең ақырында, қазіргі таңда аса үлкен интеграциялық деңгейлі сызбалар пайдаланылатын ЭЕМ басты.

Негізгі принциптері: Өзінің алдына қойылған тапсырманы орындау үшін компьютер механикалық бөліктердің орын ауыстырылуын, электрондардың, фотондардың, кванттық бөлшектердің ағынын немесе басқа да жақсы зерттелген физикалық құбылыс әсерлерін қолданады. Көбімізге компьютерлердің ең көп таралған түрі — дербес компьютер жақсы таныс.

Компьютер архитектурасы алға қойылған мәселені, зерттеліп отырған физикалық құбылысты максималды айқын көрсетіп, модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, электрондық ағындар бөгеттер салу кезіндегі су ағынының үлгісі ретінде қолданылуы мүмкін. Осылай құрастырылған аналогтық компьютерлер XX ғасырдың 60-жылдары көп болғанымен, қазір сирек кездеседі.

Қазіргі заманғы компьютерлердің басым бөлігінде алға қойылған мәселе әуелі математикалық терминдерде сипатталады, бұл кезде барлық қажетті ақпарат екілік жүйеде (бір және ноль ретінде) көрсетіледі, содан кейін оны өңдеу үшін қарапайым логика алгебрасы қолданылады. Іс жүзінде барлық математикалық есептерді бульдік операциялар жиынына айналдыруға болатындықтан, жылдам жұмыс жасайтын электронды компьютерді математикалық есептердің, сонымен қатар, ақпаратты басқару есептерінің көпшілігін шешу үшін қолдануға болады.

Бірақ, компьютерлер кез келген математикалық есепті шеше алмайды. Компьютер шеше алмайтын есептерді ағылшын математигі Алан Тьюринг сипаттаған болатын.

Орындалған есеп нәтижесі пайдаланушыға әр түрлі енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен көрсетіледі, мысалы, лампалық индикаторлар, мониторлар, принтерлер және т.б.

Компьютер - жай ғана машина, ол өзі көрсетіп тұрған сөздерді «түсінбейді» және өз бетінше «ойламайды». Компьютер тек қана бағдарламада көрсетілген сызықтар мен түстерді енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен механикалық түрде көрсетеді. Адам миы экрандағы көріністі қабылдап, оған белгілі бір мән береді [2].

Компьютер атауы - есептеу желісінде компьютерді (есептеу машинасын) шатастырмай табуға мүмкіндік беретін, ұзындығы 15 латын символынан аспайтын бірегей (өте сирек кездесетін) атау. Ол басқа есептеу машинасының немесе есептеу машиналары бірлестігінің атауларымен дөп келмеуі керек және оның құрамында бос орын болмауы тиісті.

Компьютер буындары - сәулеті мен элементтік негізінің түрлері бойынша біріктірілген, тарихи қалыптасқан компьютер топтары. Олар бір-бірінен элементтік негізі, құрылмалы-технологиялық орындалуы, логикалық ұйымдастырылуы, техникалық сипаттамалары, программалық жасақтамалары және пайдаланушы тарапынан компьютермен қатынас құру дәрежесі бойынша ажыратылады.

Шыққан компьютерлер буынға бөлінеді. Қазір компьютерлердің алты буыны белгілі деп айтуға болады. Жалпы, компьютерді буынға бөлу шарты, ол негізінен компьютерлердің элементтер базасының өзгеруіне, өзінің құрамына кіретін құрылғылардың түрлері мен қасиеттерінің өзгеруіне және компьютерлер арқылы шығарылатын есептердің жаңа (сандық емес) топтарының пайда болуына тәуелді.

Егер есептеуіш құрылғылардың 1900 жылдан бастап даму тарихына көз жүгіртетін болсақ, машиналардың жұмыс өнімділігі әрбір 18-24 айда екі есеге өсіп отырғанын байқаймыз. Бұл ерекшелікті алғаш рет 1965 жылы «Intel» компаниясының басшыларының бірі Гордон Е. Мур сипаттаған болатын. Компьютерлер көлеміні кішірею процессі де осындай жылдамдықпен жүріп келеді. Алғашқы электрондық есептеуіш машиналар көптеген тонна салмағы бар, бірнеше бөлмеде орналасқан үлкен құрылғылар болатын. Олардың қымбат екені сонша, оларды тек үкіметтер мен үлкен зерттеу ұйымдары ғана пайдалана алатын еді. Олармен салыстырғанда, қазіргі заманғы компьютерлер біршама қуатты, кішкентай және арзан болып табылады. Компьютер (ағылшынша: computer — «есептегіш»), ЭЕМ (электрондық есептеуіш машина) — есептеулерді жүргізуге, және ақпаратты алдын ала белгіленген алгоритм бойынша қабылдау, қайта өңдеу, сақтау және нәтиже шығару үшін арналған машина. Компьютер дәуірінің бастапқы кезеңдерінде компьютердің негізгі қызметі — есептеу деп саналатын. Қазіргі кезде олардың негізгі қызметі — басқару болып табылады.

Қазіргі заманғы компьютерлердің басым бөлігінде алға қойылған мәселе әуелі математикалық терминдерде сипатталады, бұл кезде барлық қажетті ақпарат екілік жүйеде (бір және ноль ретінде) көрсетіледі, содан кейін оны өңдеу үшін қарапайым логика алгебрасы қолданылады. Іс жүзінде барлық математикалық есептерді бульдік операциялар жиынына айналдыруға болатындықтан, жылдам жұмыс жасайтын электронды компьютерді

математикалық есептердің, сонымен қатар, ақпаратты басқару есептерінің көпшілігін шешу үшін қолдануға болады.

Бірақ, компьютерлер кез келген математикалық есепті шеше алмайды. Компьютер шеше алмайтын есептерді ағылшын математигі Алан Тьюринг сипаттаған болатын [3].

Орындалған есеп нәтижесі пайдаланушыға әр түрлі енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен көрсетіледі, мысалы, лампалық индикаторлар, мониторлар, принтерлер және т.б.

Компьютердің құрылысы. Жүйелік блок - дербес компьютердің ең негізгі құрылғысы. Жүйелік блоктың ішінде жүйелік тақша(аналық плата), процессор, оперативті жады, қатқыл диск, қоректендіру блогы, видеокарта секілді көптеген маңызды құрылғылар орналасады. Жүйелік блоктың алдыңғы панелінде қосу (Power) және қайта жүктеу (Reset) батырмасы, компакт-диск мен дискетаны оқитын дискжетектер және қызыл-жасыл жарық индикаторлары орналасады. Жүйелік блоктың артқы жағында негізгі (монитор, пернетақта, тышқан) және қосымша құрылғыларды (принтер, модем, сканер, микрофон) қосатын порттар мен кірістік құрылғылар орналасқан.

Дисплей (монитор) – компьютердің экранына ақпаратты шығаратын құрылғы. Сыртқы пішіні бойынша дисплей кәдімгі түрлі түсті теледидарға ұқсайды, сондықтан оны жиі телевизиялық техникадағыдай монитор деп те атайды.

Пернетақта – компьютердің жұмысын басқара отырып, қажетті ақпаратты енгізу үшін қолданылатын құрылғы. Ол әріптің және цифр пернелерінің көмегімен компьютерге кез келген ақпаратты енгізуге мүмкіндік береді. Қазіргі компьютерлердің пернетақтасында 101 немесе 105 перне, ал оң жақ жоғарғы бұрышында жұмыс режимі туралы ақпарат беріп отыратын 3 жарық индикаторы орналасады.

Тінтуір, кейде тышқан – «графикалық» басқару құрылғысы. Тінтуірді кілемшенің үстімен жылжитқанда, экрандағы тышқанның нұсқағышы да сонымен қатар қозғалып, қажетті объектілерді таңдауға мүмкіндік береді. Тінтуірдің екі (немесе үш) батырмасының бірін баса отырып объектілермен көптеген операцияларды орындауға болады. Батырмалардың ортасында орналасқан доңғалақшаны айналдырып, экранға тұтасымен сыймай тұрған мәтінді, суретті немесе web-парақты жоғары-төмен жылжытуға болады.

Принтер - ақпаратты қағазға басып шығаратын құрылғы. Принтердің бірнеше түрі: матрицалық, сия бүріккіш, лазерлік, сублимационалдық, жарық диодты (LED) принтерлер бар.

Сканер - қағаздағы мәтін мен суретті компьютерге автоматты түрде енгізу үшін қолданылады. Сканер кескінді (суретті, т.б.) машина кодына ауыстырып, компьютердің жадына жазады. Сканердің жұмысының принципі былай: жарық сәулесі жол-жолмен жазық суретті сканерлейді, оның жұмыс принципі электрондық сәуленің дисплей экранын сканерлеуіне ұқсайды. Сканерлер қара-ақ түсті немесе түрлі түсті болады.

Өнім сапасының деңгейін бағалаудың кешенді әдісі. Күрделі өнімнің техникалық деңгейін бағалау үшін дара көрсеткіштердің көп санын есепке алуға тура келеді, бұл әр түрлі бағаланатын өнім сапасының деңгейі туралы шешімнің қабылдануын қиынға соқтырады. Бұл жағдайларда қабылданатын шешімдер бойынша ұсыныстардың негізделуі бір санмен беріледі, ол таңдалған дара көрсеткіштерді бір кешенді көрсеткішке біріктіру нәтижесінде алынады, бұл өнім сапасының деңгейін бағалаудың кешенді әдісін анықтайды .

Сапаның кешенді көрсеткіші бірнеше талаптарға жауап беру керек:

- қайта ұсынушылық – олар бойынша оның сапасы бағаланатын, бұйымның барлық негізгі сипаттамаларының ұсынылғандығы;

- бір сарындылық – қалған көрсеткіштердің белгіленген мәндері кезінде сапаның дара көрсеткіштерінің кез-келгенінің өзгеруі кезінде бұйым сапасының кешенді көрсеткішінің өзгеруі;

- вариацияланатын параметрлерге сыншылдық (сезімталдық). Бұл талап сапаның кешенді көрсеткіші дара көрсеткіштердің әрқайсысының өзгеруіне келісімді әсер ету керек екендігінен тұрады. Кешенді көрсеткіш барлық дара көрсеткіштерді бағалау функциясы болып табылады, ал оның сезімталдығы бұл функцияның бірінші туындысымен анықталады.

Кешенді көрсеткіштің мәні қандай да бір дара көрсеткіш рұқсат етілетін шектен шыққан жағдайларда әсіресе сезімтал болу керек. Сонымен бірге сапаның кешенді көрсеткіші өзінің сандық мәнін едәуір азайту керек;

- нормаланғандық – кешенді көрсеткіштің сандық мәні сапаның салыстырмалы көрсеткіштерінің аса көп және аса аз мәндері арасында тұрады. Нормалау сипатындағы осы талап кешенді көрсеткішті өлшеу шкаласының ауқымын алдын ала анықтайды;

- сапаны кешенді бағалау нәтижелерінің салыстырымдылығы оларды есептеу әдістерінің бірдейлігімен қамтамасыз етіледі, олардың дара көрсеткіштері өлшемсіз шамалармен өрнектелуі керек.

Орташа өлшенген көрсеткіштің кемшілігі -

салмақтылық коэффициенттерінің субъективтілігі.

Дыбысты жақсарту - компьютерде дыбыс көлемін ұлғайту не оның сапасы мен жиіліктік сипаттамаларын жақсарту болып табылады. Көбінесе ноутбукта тыныш дыбысты жақсарту қажет. Кейде үндеткіштердің кернеуі болған кезде жиілікті түзету қажет болуы мүмкін. Дегенмен, бірқатар жағдайларда, мәселе дыбыстық картаны немесе дыбыс шығаратын жабдықты ауыстыруды қажет ететін аппараттық құрал-жабдықтардың бұзылуына байланысты.

Мәзірде алдымен микшерді тексеріңіз. Ол бүкіл жүйенің дыбыс деңгейіне және кейбір жеке бағдарламаларға тікелей жауап береді. Плеердегі тыныш дыбыс мультимедиа үшін дыбыс көлемінің жүйелік көлемнен төмен екендігінің нәтижесі болып табылады.

Операциялық жүйені орнатқан кезде бастапқы дыбыс конфигурациясы және қажетті драйверлерді орнату керек. Кейде дыбыстық карта сіздің операциялық жүйеңізден кейін босатылған немесе Windows драйверлері дұрыс орнатылмаған болады. Ол үшін «Басқару панелі» - «Жүйе» - «Құрылғы менеджері» ашыңыз.

Дыбысты дұрыс ойнату үшін драйверлерді қайта орнатқаннан кейін кодек пакетін орнату қажет. K-Lite кодектерінің мүлдем тегін жиынтығын қолдануға болады.

Қажетті бағдарламаларды орнатқаннан кейін, дыбыстың көбеюін едәуір жақсарту алатын әр түрлі әсерлерді орнатуға бет бұрамыз [4].

Қорытындылай келсек, компьютердің тарихымен, оның құрылысымен таныстым және компьютердің сапа көрсеткіштеріне квалиметриялық тәсілдер арқылы бағалау жүргіздім. Компьютер сапасының әрі қарай даму жолдарын қарастырдым.

Сапа белгілі бір материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы. Беріктік, төзімділік, өнімділік, көркемдік, эстетикалық т.б. көрсеткіштермен сипатталады.

Сапаны айқындайтын қасиеттер абсолюттік, салыстырмалы немесе үлестік болуы мүмкін және субъективтік, объективтік немесе сараптамалық жолдармен (мысалы, квалиметриялық құралмен) өлшенеді. Техникалық тәсілдері: шикізатты, материалдарды, операцияларды бақылау; дайын өнімді, жабдықты, жаракты, құрал-сайманды, жұмыскерлердің біліктілігін бақылау. Сапа көрсеткіштері, оларды тексеру және келісілген талаптарға сай келуі тәртібі сатушы (дайындаушы) мен сатып алушы (пайдаланушы) арасында жасалған сату, сатып алу шартында көрсетіледі. Сапа өндіруші немесе экспортшы беретін сапа сертификатымен де куәландырылуы мүмкін. Импортталған өнімге мемлекеттік инспекциялар немесе басқа бір уәкілетті органдар оның ақпараттандырылған қасиеттерге сай келетінін, қауіпсіз екендігін куәландыратын сапа сертификатын береді.

Компьютерлердің сапа деңгейін квалиметриялық әдістермен бағалауымен таныстым.

Олар әртүрлі және құрылысы қиын болады. Компьютер жүйелік блоктан, дисплей, пернетақтадан, тінтуір (тышқан), принтер және сканердан тұрады.

Қазіргі заманда компьютердің адам өміріндегі, әр түрлі салаларда, қоғамдағы маңызы зор.

Сапа квалиметрияда өлшенеді және сандық бағаланады, квалиметрияның пайда болуының негізін құрайды. Сапа түсінігінің мағынасы Отандық экономиканың бірқатар мәселелерін шешумен және сапаны есепке алумен байланысты айқындалады.

Өнім сапасы пайдалану бағытына сәйкес белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген қасиеттер жиыны. Өнім сапасының бірлік көрсеткіші қасиеттердің біреуіне ғана қатысты өнім сапасының көрсеткіші. Өнім сапасының кешендік көрсеткіші қасиеттердің бірнешеуіне қатысты өнім сапасының көрсеткіші. Өнім сапасының интегралды көрсеткіші өнімді тұтыну мен пайдаланудың тиімділігін, оның тұтыну немесе қолдану бойынша салмақтық шығындарының қатынасын көрсететін өнім сапасының кешенді көрсеткіші.

Өнімнің бәсекелік қабілетін бағалау оны пайдаланудың жолдары мен түрлеріне байланысты анықталады: егер мақсат ұқсас тауарлар қатарындағы берілген тауардың орнын анықтау болса, онда маңызды параметрлер бойынша оларды тікелей салыстыру арқылы; егер зерттеу мақсаты тауарды нақты бір нарықта өткізу болашағын бағалау болса, онда талдауда жуық арада нарыққа шығатын бұйымдар жайлы мәліметтерді қосатын стандарттар мен заңдылықтардың өзгерісі жайлы ақпарат пайдалануы керек.

Өнім сапасы оның қасиеттерінің жиынтығының талаптарға сай болуы дәрежесімен анықталады.

Қасиеттер - өнімді дайындау, бағалау, қолдану немесе тұтыну кезінде көрінетін объективті ерекшеліктер. Өнімнің қасиеттері қарапайым және күрделі болып екіге бөлінеді. Қарапайым қасиет - өнімнің бір объективті ерекшелігін сипаттайды (түсі, қаттылығы, автомобильдің орташа ресурсы), күрделі қасиет - өнімнің бірнеше объективті ерекшеліктері, демек қарапайым қасиеттердің жиынтығы (мысалы: сыртқы түр түсі, көлемі, пішіні) жатады.

Қасиеттерді шартты түрде негізгі және қосалқы деп бөледі. Негізгі қасиеттер - өнімнің өзінің қолдану мақсатына сәйкестігін сипаттайды (жиһаз үшін оның ыңғайлылығы, сыртқы түрінің әдемі болуы). Қосалқы қасиеттер – негізгі қасиеттерді күшейтеді немесе азайтады (мысалы, жиһаз үшін оның массасы). Қасиеттердің өлшем бірліктері ретінде өнімнің сипаттамаларында көрінетін сапа көрсеткіштері алынады.

Өнім сапасының көрсеткіштері – жасау, қолдану немесе тұтыну шарттарының белгілі біреуінде қаралатын өнімнің бір немесе бірнеше қасиеттерінің мөлшерлік сипаттамасы.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту жөніндегі оқу-әдістемелік құрал. 2010.-30б.
3. Хамханова Д.Н. Квалиметрия негіздері. Оқу құралы – Алматы: Білім, 2013.-142 б.
4. Жетесова Г.С., Жүнісова А.Ш. Квалиметрия негіздері. Оқу құралы - Алматы, 2011.-131б.

**Ботаева Л.Ж.**, ТПП-21к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: х.ғ.к., аға оқытушы Исабаева Г.М.

### **ҒАСЫР ДЕРТІНЕ АЙНАЛҒАН ҚАНТ ДИАБЕТІ**

XXI ғасыр технология мен ғылым дамыған заманда көптеген адамдар аз қозғала бастады. Қазіргі экология нашарлаған заманда адамдар көптеген ауруларға шалдығып жатыр. Дұрыс тамақтанбау, аз қозғалыс артық салмаққа әкеліп соғады. Артық салмақ ағзадағы зат алмасу процессін бұзады. Зат алмасу бұзылу асқазан ауруларына әкеліп соғады.

Қазіргі таңда қант диабеті ғасыр дертіне айналып отыр. Дүние жүзі ғасыр дертімен күресуде. Дүние жүзі бойынша 20-79 жас аралығы бойынша 285 млн. адам ауырады. Оның 80-90% қант диабеті 2 тип бойынша ауыратындар. 2030 ж. қант диабеті дертіне шалдығатындар саны 438 млн. адамға жетіледі деп күтілуде.

Қант диабеті — бұл созылмалы полиэтиологиялық ауру. Қант диабетімен Индия, Греция, Египет және Римнің көне дәрігерлері күрескен болатын. Бірақ, XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана бұл дерттің шығу мәселесін тапты. Оның барлығы ұйқы безінің өте аз мөлшерде инсулин бөлуінен екені анықталды. Ал инсулин ағзаға керекті мөлшерде бөлінбесе, клеткаларға энергияның көзі болып табылатын глюкоза бара алмайды. Қант диабетін анықтауда орыс ғалымы Л.В.Соболеваның еңбегі ерекше. Ол эксперименталды жолмен қант диабетіне әкелетін негізгі себептердің бірі ұйқы безінің арнайы зат бөлетін клеткаларының зақымдалуынан екенін зерттеп көрсетеді. Кейін бұл арнайы затқа инсулин деген ат берілді.

Кейінгі зерттеулер қант диабеті 2 типте болатын көрсетті. Олар: инсулинге тәуелді және инсулинге тәуелсіз [1].

Инсулинге тәуелді (1 тип) қант диабетінде ең алдымен ұйқы безінің В-клеткалары зақымдалуының нәтижесінде инсулин мүлде бөлінбейді немесе өте аз мөлшерде бөлінуімен сипатталады. Бұл өз кезегінде клеткаларға глюкозаның керекті мөлшерінде жетпеуіне алып келеді. Диабеттің бұл түрі 40 жасқа дейінгі адамдарда көп кездеседі.

Инсулинге тәуелсіз (2 тип) түріне көбіне 50-60 жастан бастап шалдығады. Қарт адамдарда денсаулығына байланысты инсулин аз мөлшерде бөлінеді. Сонымен қатар диабеттің бұл түріне артық салмақ бар адамдар шалдығады.

Қант диабетінен емделу диета ұстану және ағзадағы қант мөлшерін қалыпта ұстауға арналған препараттарды қабылдауға негізделген. Бұл аурумен күресте витаминдер, минералды заттар және аминқышқылдарды қажетті мөлшерде қабылдау үлкен рөл атқарады.

Адам салмағының 10-15%-ға артуы бұл семіздіктің I сатысы болып саналады. Осының салдарынан көптеген адамадар түрлі диеталарға отырады. Ал кейбір адамдар мүлдем тамақтан бас тартады. Тіпті, кейбір адамдар артық салмаққа қарсы көптеген белгісіз препараттар қабылдайды.

Артық салмақтың жиналуына көптеген факторлар әсер етеді. Солардың бірі дұрыс тамақтанбау. Біз күнделікті өмірде тазартылған, көмірсулы тағамдарды көп мөлшерде қабылдаймыз. Ал жеміс жидектер мен көкөністерді аз мөлшерде қабылдаймыз. Қант диабетіне шалдыққан адамдарға әсіресе тазартылған өнеркәсіптік өнімдерді пайдалануға мүлдем болмайды. Мысалы: қант, ақ күріш, ақ нан, барлық кондитерлік өнімдер, макарондар, тәтті сусындар, кофе, шығарылған шәй, алкоголь. Артық мөлшерде жануарлардан және өсімдіктерден алынатын майлар және сүт тағамдарын пайдалану қайғылы жағдайларға әкеліп соғу мүмкін.

Қарап отырсақ қант диабетіне шалдыққан адамдарға көптеген тағамдарды жеуге болмайды. Бірақ, мойындауымыз керек барлығымыз тәтті әрі дәмді тамақтанғанды жақсы көреміз. Ал, қант диабетіне шалдыққан адамдарға 1 г артық қант мөлшері қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін. Кейде тәттілерді көргенде өзімізді-өзіміз ұстай алмай жатамыз.

Бұл өмірде кез-келген нәрсенің шешімі бар. Біз қант диабетіне шалдыққан адамдарға тағы бір мүмкіндік сыйлағымыз келеді. Бүгінгі таңда біз жаңа жобамен жұмыс істеп жатырмыз. Біздің жобамыздың арқасында қант диабетіне шалдыққан адамдар өздерін бұрынғыдай тәттіден шектемейтін болады. Еш қорықпай тәтті тағамдарды жей алатын болады [2].

Біздің жобамыз жаңа заман талабына сай кондитерлік дүкен ашу болып табылады. Бұл кондитерлік дүкеннің ерекшелігі: осы кондитерлік дүкеннен шыққан тағамдардың құрамына жоғары сұрыпты ұн және қызылша қанты қосылмайды. Құрамына қант қосылмағанына қарамастан бұл кондитерлік тағамдар өте тәтті болады. Және де қант диабетіне шалдыққан адамдардың ағзасындағы қант мөлшерін көтермейді, керісінше қант мөлшерін қалыпқа келтіреді.

Кондитерлік тәттілерді қалайша ұн және қант қоспай дайындауға болады? Сонымен қоса ерекше тәтті әрі дәмді дәмін қалай сақтап қалуға болады? Жоғарғы сұрыпты ұнның



орына біз екінші сұрыпты немесе сұлы жармасынан жасалған ұндарды аламыз. Сонымен қатар жүгеріден жасалған және т.б ұндарды пайдаланамыз. Тек жоғарғы сұрыпты ұндарды қолданбаймыз. Себебі жоғарға сұрыпты ұн тазартылған ұндардың қатарына жатқандықтан пайдасына қарағанда зияны көбірек болады.

Ал, қантты қазіргі таңда көптеген адамдарға әйгілі тәттілендіргішпен (сахарозаменитель) алмастыруға болады. Ең қауіпсіз және әлем бойынша денсаулық сақтау органдары мақұлдаған тәттілендіргіштердің бірі стевияны пайдаланамыз.

Стевия тұрақты ақ қанттың жалғыз баламасы емес. Бірақ, оны дұрыс деп санауға болатын өнімдердің арасында көшбасшы деп атауға болады. Бұл кішкентай бұта сияқты Хризантема отбасының шөбі [3].

Стевияның отаны-Бразилия. Уақыт өте келе ол планетаның басқа аймақтарына бейімделді.

Оның жапырақтары стевииозидтерден тұрады. Ол-тәттілендіргіштерден үш жүз есе асатын қант тәтті деңгейде. Сондай-ақ, эфир майлары, таниндер, дәрумендер түрлі (С, Е, В, F) болып табылады және элементтері (темір, мырыш, калий, хром, магний, селен, фосфор және т.б. құрамында бар. Бұл бос көмірсулар емес, сондықтан стевия қант алмастырады.

Осыған қарамастан, стевия іс жүзінде нөлдік калориялық құндылыққа ие.. 18 ккалға ие қырыққабат пен құлпынайды басып озды.

Эндокринологтар қант диабетінде стевияны ішіп қана қоймай, сонымен қатар қалыпты жағдайда қабылдау қажеттігін айтады.

Бұл өнімді шай немесе кофеге күнделікті қосу ас қорытуға оң әсер етеді, дене белсенділігін арттырады, ақыл-ой жұмысын ынталандырады. Ғалымдар соңғы зерттеулерінде стевия алкогольдік сусындарға арналған азық-түлікті азайтуға көмектесетінін дәлелдеді.

Бұл өнімді дерлік әрбір дәріханада сатып алуға болады. Ол ақ ұнтақ ретінде сатылады, ол қантты алмастыра алады.

Бұл бағалы өнім адам ағзасына емдік әсер ете алады. Мысалы, ол қан қысымын, холестерин деңгейін төмендетіп, қалыпқа келтіруі мүмкін. Шөптердің қабынуға қарсы қасиеттері мұны ауруға шалдығудың алдын алу және дененің қорғанысын нығайту үшін суық мезгілдерде таңдауға мүмкіндік береді. Стевия респираторлық жүйеде қабыну үрдісін бұзады, ас қорыту процестерін қалыпқа келтіреді. Витаминдер қоймасы бола отырып, стевия тамақтанбаудың нәтижесінде пайда болуы мүмкін авитаминозды жояды. Адамдар денені пайдалы заттармен және витаминдермен қанықтыру қажет болғанда қыста пайдалы. Шөп метаболизм процестерін реттейді, салмақ жоғалуына ықпал етеді, тәбет жоғарылатады, осылайша, жұмсақ диуретикалық әсерге ие. Стевия терінің тітіркенуі, безеу және бөртпелерді тұрақты пайдалану арқылы жоғалады. Регенеративті әсер байқалады. Онкопрофилактикаға арналған шөпті қолданыңыз, ол Қалқанша безінің, бауырдың, аурудың ауруларын емдеуде қолайлы. Қазір көптеген адамдар депрессиядан зардап шегеді. Стевия күні бойы жақсы көңіл-күй сыйлайды [4].

Осылайша біз кондитерлік өнімдердің құрамындағы заттарды пайдалы заттармен алмастыра отырып, пайдалы затқа айналдырамыз. Осы әдіспен дайындалған кондитерлік өнімдер қант диабетіне шалдыққан адамдарға ғана емес, сонымен қатар артық салмақтан құтыла алмай жүрген немесе өз дене бітімін бір қалыпта сақтағысы келген кез-келген адам қабылдай алады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Муратова Н. Диабет – это не приговор! <http://health.org.ru/items/diabet-ne>
2. Мураталина А.Н. Сахарный диабет в мегаполисе: частота, качество лечения, осложнения (на примере г. Алматы), автореферат на соискание степени к.м.н., Алматы, 2010.
3. Дедов И.И., Шестакова М.В., Аметов А.С. и др. Проект «Консенсуса совета экспертов Российской ассоциации эндокринологов (РАЭ) по инициации и интенсификации

сахароснижающей терапии сахарного диабета 2 типа» // Сахарный диабет - №1 - 2011, стр. 98-108.

4. Базарбекова Р.Б., Зельцер М.Е., Абубакирова Ш.С., Досанова А.К. «Консенсус по диагностике и лечению сахарного диабет», Алматы, 2011.

**Далибаева Л.Ж.**, группа ТПП-11НП  
Научный руководитель: к.т.н., профессор Какенов К.С.

## **СОВРЕМЕННЫЕ СОСТОЯНИЕ МУКОМОЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Наиболее важной составной частью национальной экономики, где производится жизненно важная для общества продукция и сосредоточен огромный экономический потенциал, является агропромышленный комплекс. Развитие его, в решающей мере, определяет состояние всех отраслей экономики, уровень продовольственной безопасности государства и социально-экономическую обстановку в обществе.

Сегодня все большее число стран ставят вопросы обеспечения продовольственной безопасности во главу угла текущей политики. Это далеко не случайно, ведь в условиях, когда над планетой все чаще нависает угроза техногенных катастроф, грозящая серьезными экологическими последствиями, именно продовольственная безопасность становится действенным инструментом, позволяющим обеспечивать гарантированное развитие общества [1].

Конкурентоспособное развитие сельского хозяйства является тем звеном стратегии, которое создаст основу для устойчивого развития всего народного хозяйства и Казахстан относится к числу стран, обладающих конкурентными преимуществами на мировом рынке. В своем выступлении Глава государства Нурсултан Назарбаев отметил, что Казахстану необходимо реализовать комплекс задач по десяти направлениям, и одно из них развитие сельского хозяйства. Будут внедряться механизмы господдержки розничной торговли без посредников, создан единый зерновой холдинг, создана государственная система гарантирования и страхования займов для снижения рисков частных инвестиций в аграрное производство [2].

Казахстанский экспорт агропродовольственных товаров составляют преимущественно продукты растительного происхождения, доля которых в общем экспорте республики с 1995г. колеблется от 4 до 9,6%. Причем объем экспорта складывается в основном за счет зерна, на которое в экспорте агропродовольственной продукции приходится более 70%.

Казахстан обладает значительным потенциалом по экспорту зерна и муки. Ежегодно Казахстан в среднем реализует на экспорт 6-8 млн. тонн пшеницы, в том числе порядка 2 млн. тонн муки, что в пересчете на пшеницу составляет 2,8 млн. тонн. Основными направлениями экспорта казахстанского зерна и муки остаются страны СНГ, Европейского Союза, Ближнего Востока и Северной Африки [3].

Вот уже четыре года подряд Казахстан не отдает мировую пальму первенства в экспорте муки. Однако мукомолы республики переживают сейчас не самые лучшие времена. Эта отрасль вступила в стадию стагнации, и сейчас накопившиеся проблемы стали вполне очевидны и осязаемы.

Таблица 1. Оценка зерновых в мире млн.тонн

	2007/2008	2008/2009	2009/2010	2010/2011	2011/2012 (прогноз)
Производство	1698	1802	1799	1748	1808
Горговля	240	250	240	243	244
Потребление	1676	1735	1770	1791	1824

Переходящие запасы	304	371	400	358	342
--------------------	-----	-----	-----	-----	-----

Примечание: пшеница и кормовое зерно; страны-экспортеры - Аргентина, Австралия, Канада, Евросоюз, Казахстан, Россия, Украина, США.

По прогнозу экспертов международной организации Сора-Cogesa, в этом году производство зерновых в странах Евросоюза составит 283 млн. тонн. Однако из-за неблагоприятных погодных условий его качество будет снижено. Производство мягкой пшеницы оценивается на уровне 128 млн. тонн, кукурузы - 64,8 млн. тонн. Как ожидают эксперты, в следующем году общая посевная площадь под зерновые в странах ЕС составит 55,75 млн. га, а производство останется на уровне 2011 года (табл. 1).

Начиная с 2000 года, у нас, в принципе, повторяется тот же самый процесс, что когда-то мы наблюдали в сильной европейской стране. По статистике, на начало нового столетия число мукомольных и хлебоперерабатывающих предприятий в республике доходило до 2 100 единиц. Сегодня в Казахстане только 650 мельниц. Всего в 2011 году в Республике Казахстан посевные площади всех сельскохозяйственных культур составили 21,2 млн. га, из них зерновые были посеяны на 16,2 млн. га, в том числе пшеница - на площади 13,8 млн. га (табл. 2) [4].

По производству зерновых Казахстан занимает третье место в СНГ, после России и Украины, а по экспорту входит в десятку ведущих экспортеров и занимает 6 место. По мнению большинства экспертов, каждое из трех государств занимает свою нишу на мировом рынке пшеницы. Украина, в большинстве своем, экспортирует фуражную пшеницу, Россия - пшеницу 4-го класса. Казахская же пшеница высокого класса используется в качестве улучшителя.

На сегодня Казахстан занимает лидирующие позиции в экспорте муки. Из 10,8 млн. т мирового экспорта муки на республику приходится 23,9%. Для Казахстана экспорт муки - это, практически, одна из составляющих производства, потому что доля этого вида экспорт ориентированной продукции достаточно велика [3].

Общая установленная мощность этих предприятий неуклонно растет, - и мы на сегодняшний день готовы переработать порядка 10-12 млн. тонн зерна в год. При этом страна продает на внешние рынки всего 8 млн. тонн зерна. То есть весь экспортный поток, мы можем поставлять уже в переработанном виде. По информации президента Союза зерно переработчиков и хлебопеков Казахстана (СЗХК), из года в год растет как производство, так и экспорт муки из Казахстана.

По данным областных Управлений сельского хозяйства Республики Казахстан, в нашей стране уборка зерновых была завершена 5 ноября 2011 года. Общая уборочная площадь под зерновыми культурами составила 16,2 млн. га. Всего намолочено 29,7 млн. тонн зерна при средней урожайности 18,5 ц/га, что на 9,5 ц/га больше уровня прошлого года.

Особого внимания заслуживают объемы внутреннего потребления муки в республике. Если верить статистике, то они достаточно нестабильны. Однако, по утверждению экспертов рынка, это не отражает реальной картины в отрасли, скорее, здесь имеют место недостатки существующей системы статистического учета.

В целом, по оценке Союза зерно переработчиков и хлебопеков Казахстана, внутреннее потребление муки в нашей стране составляет около 1,8 млн тонн в год.

Казахстан с момента обретения независимости стал активно развивать свою зерноперерабатывающую промышленность. И сегодня, мукомольная отрасль - это, по сути, образец эффективного и поступательно развития конкретного направления пищевой промышленности в условиях, когда рынок данного продукта востребован и, в то же время, внутреннее законодательство позволяет этому сектору активно развиваться.

В Республике Казахстан увеличились более чем в 2 раза. Объемы экспорта муки выросли в 13 раз. К тому же, последние 4 года Казахстан удерживает 1 место в мире по объемам экспорта муки, и объемы продолжают неуклонно расти. К примеру, в 2009-м

экспорт по направлению «зерно и мука» практически наполовину состоял из поставок мукомольной промышленности республики. Более того, порядка 80% валютной выручки, получаемой Минсельхозом от экспорта переработанной сельхозпродукции, составляет экспорт муки.

Еще один уникальный факт - сегодня Казахстан потребляет муки меньше, чем продает на внешние рынки. Такого показателя нет ни в одной стране мира. Практически каждая вторая лепешка в Таджикистане и каждая пятая лепешка в Узбекистане выпекается из казахстанской муки.

Однако, несмотря на положительную статистику, мукомольный рынок Казахстана испытывает на сегодняшний день серьезные проблемы. Из года в год у нас действительно активно развивается мельничное производство, - растет производство муки и ее экспорт, тем не менее, уже на протяжении нескольких лет (последние года четыре) мы с тревогой говорим о том, что темпы роста падают и, по большому счету, в отрасли начинается процесс стагнации. Еще три года назад, по словам специалиста, подобные заявления воспринимались скептически, потому что явных внешних признаков проблемы не наблюдалось. На сегодняшний день такая ситуация в отрасли уже ни для кого не является тайной.

Основные направления экспорта казахстанской муки - страны Средней Азии и Афганистан. Небольшая часть продукции отечественной мукомольной промышленности отправляется в Россию, Монголию и Закавказье. Экспорт в Таджикистан, Узбекистан и Афганистан составляет 96-97% от общей доли муки, поставляемой на внешние рынки. А две страны - Узбекистан и Афганистан - вообще занимают львиную часть экспорта - порядка 2 млн. тонн. Вполне понятно, что любые изменения по части импорта в этих странах в отношении нашей муки очень болезненно воспринимаются отраслью в целом, что на сегодняшний день мы и имеем. Уже в прошлом году катализатором этого процесса стало закрытие Россией экспорта зерна и муки. Начиная со второго полугодия, объемы экспортных продаж Республики Казахстан стали падать. И, по нашим оценкам, мы в прошлом году недопоставили на внешние рынки около 400-500 тыс. тонн муки.

И все-таки в прошлом году республика, хоть и незначительно, но увеличила объемы производства по сравнению с 2009 годом. В 2010-м объемы экспорта казахстанской муки выросли только по Туркменистану, однако, это очень малая доля. Такая же тенденция наблюдается и в текущем сезоне. Не зря отмечал президент Союза зерно переработчиков и хлебопеков Казахстана, что экспортный рынок является главной составляющей бизнеса для мукомолов. По информации СЗХК, в связи с сокращением объемов внешней торговли, на сегодняшний день в республике простаивает порядка 30 мельниц, каждая мощностью около 250 тонн в сутки. И стоят они далеко не один месяц [4].

Следует учитывать тот факт, что мельничное производство имеет огромный мультипликативный эффект. «Мукомольная отрасль - это не просто производство муки, здесь работает и железнодорожный транспорт, который должен про везенную продукцию перевезти, как внутри страны, так и за ее пределы. Это и торговля. Это и увеличенное потребление электроэнергии при полной загрузке мощностей и т.д. Поэтому надо отметить, что зернопереработка на сегодняшний день является мощным фактором не только для развития зернового рынка страны, можно говорить о том, что сегодня это - локомотив развития АПК в целом. Из тех 12 млн. тонн зерна, которые выращивают аграрии, мукомолы перерабатывают почти половину, причем, мы покупаем это зерно по рыночным ценам в течение всего года, иными словами, обеспечиваем рынки сбыта».

Экспорт муки стал локомотивом для всей мукомольной промышленности, которая, несмотря на насыщенность мельничных мощностей в республике, продолжает активно развиваться. Идет активное наращивание мельничных мощностей экспорт ориентированными мукомольными компаниями. В то же время, идет резкое сокращение общего количества мельниц за счет ухода с рынка маломощных мельниц, выполнивших, по существу, свою историческую задачу насыщения и становления мельничного рынка в стране.

В заключении хотелось бы предложить, что зерноперерабатывающей отрасли необходимо придать статус «национального приоритета» и разработать долгосрочную программу по ее развитию и поддержке.

#### **Список литературы:**

1. Современное состояние и инвестиционная привлекательность сельского хозяйства Казахстана, Аналитическая группа клуба политологов «Южный Кавказ» Интернет ресурс: Режим доступа <http://club.xronika.az/analitika/126-современное-sostoyanie-i-investicionnaya.ml>.
2. Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев выступил на совместном заседании палат Парламента с Посланием народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана». Интернет ресурс: Режим доступа -[http://www.zakon.kz/top\\_news/4470015-ezhegodnoe-poslanie-prezidenta-rk.html](http://www.zakon.kz/top_news/4470015-ezhegodnoe-poslanie-prezidenta-rk.html)
3. «Рейтинговое агентство Регионального финансового центра города Алматы», Анализ растениеводства РК, Интернет ресурс: Режим доступа - <http://www.rfcaratings.kz>
4. В чьих руках хлебная колода? Итоги уборочной кампании 2011 года. Интернет ресурс: Режим доступа -<http://www.agroalem.kz/article/market/page,3,442-v-chih-rukah-hlebnaya-koloda-itogi-uborochnoy-kampanii-2011-goda.html>.

**Ертаева А.С.**, С-32к тобының студенті  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жар Ж.Ж.

### **ЖҮЗІМ ШАРАПТАРЫНЫҢ САПА ДЕҢГЕЙІН ЭКСПЕРТТІК ӘДІСТЕРМЕН БАҒАЛАУ**

Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді. Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік. Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет. Қазіргі кезде көптеген елдер осындай міндетті орындауға ұмтылуда. Өсімнің жаңа моделіне көшу тәсілі әр жерде әр түрлі екеніне сенімдімін. Біз өзіміздің мықты тұстарымызды пайдаланып, Тәуелсіздігіміздің 25 жылында бірге қалыптастырған әлеуетімізді жоғалтып алмауымыз керек қой. Қазақстанның Бірінші жаңғыруы бәріміздің есімізде. 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды қалай бастағанымыз жадымызда тұр. Сол кезде біздің буын іргетасынан бастап қолға алып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрды. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды. Біздің бәріміз бірлесіп, сол кезде елімізді күйреуге, азамат соғысына, экономикалық күйзеліске ұшыратпағанымыз мен үшін өте маңызды. Қазақстан бұл кезеңде аз шығын шығарып, зор жетістіктерге қол жеткізді. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Оның нәтижелі болғаны дау тудырмайды. Еліміз экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтан шығып, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді.

Қазақстан Республикасының жүзім шаруашылығы - республиканың оңтүстігінде орналасқан және олар тек суармалы. Жүзім шаруашылығы өндірістік жолмен Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстарында ғана жүргізіледі.

Бұл облыстарда жүзімнің өнімі ауарайына байланысты ол гектарына 45-85 центнер аралығында өнім алады. Жүзім өсіру шаруашылығының 45% Алматы облысында орналасқан. Осы шаруашылықтарда шампан және асханалық ақ шарап өндіруге арналған Рислинг рейнекей, Кульджинский және Ркацители сортты жүзімдер өсіріледі. Бұл

сорттардан қышқылдығы жоғары шарап материалдары дайындалса, Қара Пино, Кабарне, Алиготе сорттарынан жеңіл шарап материалдары өндіріледі. Ал Ленгерлік Мускат сортынан шарап өндіруге шикізат дайындайды.

Шымкент облысында Ркацители, Саперави, Тербаш, Қара Майский, қызғыл, көкшіл және Ленгрия мускат атты сорттар өсіріледі. Бұл жүзімдерден маркалы десертті және күшті шараптар өндіріледі.

Қазіргі уақытта жүзімді өндірісте өңдеудің көлемі 120-160 мың тонна, ал одан алынатын шарап материалдары 9-11 млн. дал. Республика бойынша жүзімді өндіру және жинау көлемі 20-30 мың тонна. Жоғарғы деңгейде өнім шығаруды кәсіпорын 1984 жылы толық қамтиды. 1985 жылдан бастап алкогольге қарсы күрестің әсерінен шампан өндірісінің көлемі 3 есе, шарап - 10 есе және коньяк - 4 есе азайды.

1489 жылдан бастап шарап өндіру өндірісі қайта күшіне кіре бастады оған себеп өндіреске қосымша ақ арақ жасау технологиясы енгізілді және коньяк өндіруге арналған спиртті алу қондырғылары орнатылды.

Соңғы жылдары өндіріс мамандарының күшімен рынок талаптарын тұрақты жаңарту және кеңейту үшін жаңа ассортиментті өнімдер шығарылып олардың дизайндары мен өндіру технологиялары жаңартылды. Тек соңғы жылдың ішінде түрлі шампан түрі және газдандырылған шарап шығарылады. Олар:

- маркалы жүзім шарабының 4 түрі
- маркалы ақ арақтың 4 түрі
- маркалы коньяқтың 4 түрі

“Бахус” ашық акционерлік қоғамында өндірілетін өнімдер патентпен қорғалған, бәсеке лестік қабілеті жоғары, тұтынушылар арасында сұранысы жоғары [1].

«Бахус» - Қазақстан бойынша нағыз шампан шығаратын бірден-бір кәсіпорын. Компания өндіретін коньяктардың маркалары республика көлеміне танымал. КВВК “Батыр” - 10 жылдық конья спирттерінің арнайы тезнологиясы бойынша өндірілген, жоғары сапалы өнім. КВВК “Қаһарман” 50 жылдық емен бөшекелерде сақталған 8 жылдық коньяк спирттерінің негізінде жасалған. 3 жұлдызды “Қазақстанский” коньягі 3 жылдық коньякті спирт арқылы классикалық технологиямен өңделген. Ал алкогольсіз энергетикалық және градусы әлсіз «С-Яу» сусындары, «Шардоне», «Мерло», «Саперави classic» сұрыпты шараптары, «Dostar Premium» арағы нарыққа өнімнің жаңа түрлерін шығару жобасы аясында дүниеге келді. ААҚ “Бахус” кәсіпорыны өндіретін “Қадарка” шарабын қабылдау тәртібі, үлгілер алу және сынау әдістері “МемСт Р 511144-98 Шарап материалдары және жүзімдік, жемістік, шампандық, көпіргіш, газдалған шараптар” белгіленеді. Өнімді партиямен қабылдайды. Партия деген бір атаулы, бір купаж, тираж, акторфорда өндірілген, сапа көрсеткіштері біркелкі және сапасын күәландіретін бір құжаты бар өнімнің кезкелген саны. Өнімнің тандаулы үлгідегі әр бір бірлігі: теміржолдық цистерна, автоцистерна; бөшке, жәшікте болмасын - орауының сақталғанын және дұрыс таңбаланғанын анықтау мақсатында тексерілуі керек. Алынған және қосылған шарап үлгілерін көлденен, қаранғы жерде, шампандық және көпіргіш шараптарды -8-16°С; жартылай тәтті және жартылай құрғақ шараптарды - минус 2 - + 8°С сақтайды. Сынақ әдістері арқылы этилдық спирт мөлшерін; қант, ұшынқы қышқыл, қолданылған экстракт, темір, қолай, қорғасын, титіренетін қышқылдар, бос және жалпы күкірт қышқылының мөлшерлерін, құбыраға толық құйылуын анықтайды. Қолданылған экстракты жүзімдік, жемістік шараптарда және шарап материалдарында анықтайды. Әдіс пикнометр арқылы шарап және шарап материалының салыстырмалы тығыздылығы және олардың дисстилянттарының салыстырмалы тығыздылығы анықтауы негізделген. Шарап және шарап материалының экстрактінің жалпы мәні біле отырып, қолданылған экстракт концентрациясын есептеуге болады.

Ұшынқы қышқылдар /МемСт 13193-73/ жүзімдік, жемістік шараптарда және шарап материалдарында анықтайды. Әдіс сыналатын үлгіден ұшынқы қышқылдарды су буымен арықарай фенолфталеин индикаторы қатысуымен натрий гидроокисі ерітіндісін титрлеуге негізінделген.

Титрленетін қышқылдар МемСт 14252-73 жүзімдік, жемістік шараптарда және шарап материалдарында анықталады. Әдістің мәнін индикатор немесе потенциометр арқылы анықталатын нейтралды орта жасау үшін натрий сілтісінің ерітіндісі көмегімен шарап және шарап материалдарының белгілі көлемін титрлеу белгілейді [2].

Бос және жалпы күкірттік қышқылыны мөлшерлерін жүзімдік, жемістік шараптарда және шарап материалдарында МемСт 14351-73 негізінде анықтайды. Өнімдегі күкірт қышқылының қоспалары сілті әсерінен ыдырайды, соның нәтижесінде пайда болған бос күкірттік қышқылы, крахмал /индикатор/ арқылы йодпен күкірт қышқылына айналады.

Органолептикалық көрсеткіштерін бағалау.

Әр түрлі шараптың органолептикалық көрсеткіштеріне қойылатын талаптар әр түрлі болады. Мысалы асханалық қызыл шараптың бояуы үрдісті, сортына байланысты хош иісті, жеңіл дәмді, орташа қышқыл болуы керек. Дегустация кезінде шараптың тұнықтылығы, түсі, хош иістілігі, дәмі, типтілігі ескеріледі және де ол 10 балдық шкаламен бағаланады.

Жоғарыда көрсетілгендей шарап өнімдерінің сапасын бағалау 10 балдық жүйемен жүргізіледі. Орта балл екінші ондық сан дәлдігінде комиссия мүшелері орта арифметикалық есеппен бағаланады.

Шарап өнімдерінің үлгілерін дәмін татуға сыйымдылығы 0,5дм<sup>3</sup> 3 бөтелке немесе сыйымдылығы 0,7дм<sup>3</sup> 2 бөтелке әкеледі.

Отандық өнімдердің үлгілері мына құжаттармен бірге жүреді

- талдау жасау мақсаты көрсетілген өндірушінің жолдама хаты :

- зерттелетін өнімнің күші бар нормативті құжаты :

- үлгі алу актісі, онда үлгі алу уақыты, уәкілетті тұлғалардың қолы :

- өнім партиясына немесе үлгі берілген сапа жөніндегі құжат (сәйкестік сертификаты):

өнім туралы қысқаша толықтырушы сипаттама (рецепті, технология ерекшелігі, сапасын жақсарту үшін қоспалардың қосылған жылы) [3].

Әр түрлі өнімге арналған шарап материалдарын дайындау, технологиялық нұсқаулар талабына сәйкес жүзімді өңдеу арқылы өндіріледі. Жүзімді өңдеу бағытына байланысты төмендегі үздіксіз шамалар түрлері пайдаланады: ақ шарапқа, шарап материалын дайындайтын - ВПЛ - 10, ВПЛ - 20М3, ВПЛ - 30Е3 және ВПЛ - 50 сағатына 10,20,30,50 т, ал асханалық қызыл шарап дайындайтын - ВПСК - 10А сағатына 10 т өндіреді.

Үздіксіз линияның құрамына кіретін технологиялық жабдықтардың негізгі бөлігі болып дробилка жатады . Олар екі топқа бөлінеді : біріншісіне жоғарғы сапалы асханалық ақ шарап және шампан материалдарына жүзімді өңдеуге арналған дробилка жатады, екіншісіне қызыл шарапты өндіруге арналған жүзімдері өңдеуге арналған дробилка жатады. Бұл қондырғылардың айырмашылығы жүзімді тез арада қарқынды ұсату осы технология бойынша алынған шырында жалпы және амин азоты, динолды заттардың мөлшері жоғары болады .

Шарап өндірісінде жүзімді техникалық жетілген мерзімде жинайды, яғни шараптың қажетті сортын алу үшін жүзімде белгі қант және қышқыл мөлшері белгілі болатын уақытта. Жүзімнің техникалық сорттары екі үлкен топқа бөлінеді:

- әмбебап;

- арнайы.

Әмбебап жүзім сорттарын кезкелген шарап өндіруге қолданады. Ал, арнайы сорттар белгілі бір шараптар түрін өндіруге қолданылады.

Жүзімдік шараптар өндіру технологиясы келесідей негізгі кезеңдерден тұрады: жүзім суслосын алу; суслонның ашуы; шарапты өңдеу және жетілдіру.

Жүзім жиналғаннан кейін 4 са.ат аралығында өнделуі керек. Келіп түскен жүзім шырының алуға шалдығады. Жүзім шырынын алу механикалық қысым арқылы іске асырылады. Неғұрлым қысым көп болса жүзімнен алынатын шырынның сапасы химиялық құрамы мен органолептикалық көрсеткіші жағынан төмен болады.

Ағушылар 1т жүзімнен 50 дал шырын алуды қамтамасыз етуі тиіс. Өндірілген шырында қосындылар мөлшері 80г/л, фенолды заттармен байытылу 0,2г/л аспауы керек. Шырынның ағуы тез жел қақпай өтуі тиіс.

Өз бетімен аққан шырынды алған соң, сығындыдан бірінші фракциялы шырын алынады, қалған сығындыны пресске жібереді. Осы жағдайда шырынның түсімі 25-30 дал, сығылған заттың ылғалдылығы 55-56% болады.

Ағынды және жаныштаудан соң алынған шырындарды жүзімнен басқада заттар көп мөлшерде болуы мүмкін. Ашыту процессінің дұрыс жүруі үшін шырынды түссіздендіру қажет. Осы себептен шырынды резервуарларға құйып түссіздендіру процесстері тез жүру үшін шырынға адсорбент, флокулянт препораттарын қосады. Шырын қышқылданып кетпес үшін оны 12-14С дейін суытады және күкірт ангидридін қосады (100мг/л).

ВНИИВ и В “Магарич” зерттеу институтында шырынды тез арада түссіздендіру қондырғысы жасалынған. Қондырғының технологиялық схемасы бойынша шырынға бетонит, ферментті препараттар, күкірт ангидридін, флокулянттарды үздіксіз енгізу қарастырылған .

Шырынды және сығындыны ферменттеу.

Шырында гидролитикалық және тотығу реакциялары өтеді. Тотығу процесстері полифенолоксидаз, пероксидаз, аскорбиноксидаз, оксидаз қышқылдарының әсерінен өтеді. Тотығу процесстеріне бірінші иленетін және бояғыш заттар ұшырайды, сол себептен тотығу тұрақтану ортасы жоғарлайды.

Шырынның және шарап материалдарының қышқылдығын тұрақтандыру.

Шараптың өзіне тән дәміне, оның микробтық ауруларға, лайланып кетуі негізінен қышқылдығына байланысты. Қышқылдықты төмендететін ашытқыларға *Schizosaccharomycetes* түрі жатады, олар алма қышқылын ашыту қасиеті бар, ал қышқылдықты төмендететін бактерияларға сүт қышқылы бактериялары жатады, олар алма қышқылын сүт қышқылына және көмір қышқыл газға айналдырады [4].

Жүзім шырынының ашуы.

Таза мәдени ашытқылар – спиртті ашу процесін қоздырады және шарап өндірістерінде кеңінен қолданылады.

Спиртті ашу процесінде глюкозадан екі негізгі өнім алынады ол – этил спирті және көмір қышқыл газ жәнеде екінші аралық өнімдер – глицирин, янтарь қышқылы, сірке қышқылы, ацетальдегид, лимон қышқылы, эфирлер алынады.

Ақ шараптар алу технологиясы барысында қандайда жүзім қолданылмасады, қызыл әдіске қарағандағы айырмашылығы, жүзім қабығындағы бояуыш және экстрактивті заттардың суслоға көп мөлшерде түсіп кетпеуін қарастырады.

Өнделген және жетілдірілген шараптық материалдар тұтыну барысында толығымен тұтынушы сұраныстарын қанағаттандыру үшін эгализация, ассамблирование, купаждау қолданылады.

Эгализация - біркелкі қылу мақсатында бір сортты жас шараптарды араластыру.

Ассамблирование - әртүрлі аймақта өсірілген жүзімнен даярланған шараптың ұсақ партияларын біріктіру.

Жетілу мерзімі біткенсон дайын шарапты құбыраларға құяды.

Табиғи шараптарды суслодағы қант спирт қоспай жартылай немесе толығымен ашыту нәтижесінде алады. Қантты толығымен ашыту барысында құрғақ шараптар өндіріледі.

Құрғақ ақ табиғи шараптар нәзік букетімен және дәмімен сипатталады. Бұл келесідей шараптар: "Рислинг", "Алиготе", "Пино", "Фетяска", "Цинандали", "Гурджаани".

Технологиялық ерекшелігі: жүзім суслосын мезгада гребеньдерімен бірге батпақтық ыдыстарда /квеври/ жерге көміп ашытады /гребень – жүзімнің бөлшектері, механикалық негізі/. Тәулігіне 3-4 рет сусломен мезганы араластырады. Ашыту аяқталған соң резервуардарды толықтырып, шараптық материалды мезгада 3 ай жетілдіреді. Жетілу процесінде шарап ағарады, оны мезгадан бөледі. Маркалы шараптарды өндіргенде өзiағатын фракцияларды қолданады. Кахетиндік типінің түрлері Тибаани, Телави, Кахети, Шуамта.



Шараптардың сарғаюы толықтырылмаған бөшкелерде шарапты ұзақ жетілдіру барысында *Saccharomyces oviformis* ашытқылары шақыратын тотығу нәтижесінде болады.

Қызыл құрғақ шараптар қаныққан қызыл түсті, толық шымшылдау дәмді, жемістік әр сортқа тән хош иісті болады. Қызыл құрғақ шараптар түрлері: Оксамит Украины, Негру де Пуркарь, Кварель, Напареули, Мукузани, Матраса және т.б.

Табиғи жартылай құрғақ және жартылай тәтті шараптарды суслонның немесе мезганың қанттарын құрғақ шарап материалдарын спирт қоспай суслоны консервілеп барып, купаждау арқылы жартылай ашыту нәтижесінде өндіреді. Бұл шараптар – биологиялық тараптан тұрақсыз, өйткені онда микроорганизмдер тез дамиды, шарап ашып кетеді.

Жартылай құрғақ және жартылай тәтті шараптарды алу технологиясының ерекшеліктері: Технологиялық үрдіс барысында және құмыраға күйғаннан кейін пайда болатын қант және спирт мөлшерін қажетті нормаға жеткізген соң ашыту үрдісін тоқтату. Ақ, қызғылт, қызыл жүзім сорттары 20-22% қанттылығымен қолданылады. Ашытуды сульфитациялау /күкірт қосу/, термикалық өндеу /жылу немесе суық арқылы/, төмен температура ұстап тұру тоқтатуға болады.

Ақ жартылай құрғақ және жартылай тәтті шараптарды "пайдалы шірік" /*Botrytis cinerea* саңырауқұлақтары/ әсеріне шалдыққан жүзім сорттарын өндеу арқылы алады.

Арнайы шараптар - күшті, десерттік және ликерлік шараптар; әзірлеу барысында жүзімдік суслға ашыту барысында немесе купажаға екінші рет өңделген шарапқа спирт және басқа ингредиенттер қосады.

Күшті шараптарға портвейн, мадера, херес, марсала кіреді. Десерттікке токия типтік, мускаттік, кагор шараптары жатады. Мықты десерттік шараптар өндіргенде қант мөлшері өті жоғары 24-26% жүзім сорттарын қолданады. Соңғы нәтижелер алу мақсатында әртүрлі тәсілдер қолданады. Тәсілдер ашыту үрдісін белгілі уақытта доғару немесе бастаумен байланысты. Десерттік шараптар әзірлегенде спиртеді спиртомректификатпен қоса мистельмен жүргізеді [5].

Сапа - саяси - экономикалық категория. Осы сапа ұлттық экономиканы бекітудің негізгі шарты болып табылады.

Кәсіпорын және ұйым деңгейінде сапа мәселелерін дұрыс шешудің құралы болып ИСО 9000 сериялы стандарттарына сәйкес сапа жүйесін енгізу табылады. Осы сәйкестікті белгілейтін сертификат өндірілетін өнімнің бәсекелестік қабілеттілігінің нарық жағдайларында аса қажетті шарт болып табылады.

Менің көзқарасым бойынша, квалиметрияның дамуы және оны ары қарай жетілдіруді дұрыс ұйымдастыру біз үшін өзекті міндеттердің бірі.

Бәсекелестік- нәзік механизм, ол нарық жағдайларының әр түрлі өзгертулеріне әсер етеді, ұйымның жаңа нарық жағдайларына ыңғайлануын реттейді.

Жүзім шарабын эксперттік сараптау кезінде үш әдіс-тәсіл қолданылды. Жұптау, рангтеу және де конкордация. Әр тәсілде бес немесе жеті сарапшыдан болды. Әр сарапшы өзінің эксперттік бағасын берді. Осы курстық жұмысты қорыта келгенде кез келген арақ, ликер, шарап т.б адам денсаулығына, өміріне өте қауіпті.

Қазіргі кезде елімізде мемлекет және аймақтық басшыларының, өндірушілердің және өнімді жеткізіп берушілердің, халықтың өнімнің және қызмет көрсетудің сапасын жоғарлатудың ортақ қызығушылығы бар. «Сапа» түсінігі қызметтің барлық түріне таралған.

Сапа менеджментінің теория жэне тэжірибесі дамуының жаңа кезеңі ИСО 9000 сериялы стандарттарын жаңартумен байланысты. Сапа жүйесі үнемі жаңарылуы керек. Сапа жүйесі үшін талап етілетін үрдістерді, олардың реттілігін және өзара байланысын анықтау қажет.

ИСО 9000:2000 стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесінің құжаттарына: сапа саласында саясат және мақсаттар туралы құжатты түрде толтырылған өтініштер; сапаны басқару үрдістерін жоспарлау және жүзеге асыру үшін басшылық, сонымен қатар осы үрдістерді басқару. Жаңа стандарттарда ресурстар менеджментіне, инфроқұрылымға; өндірістік ортаға талаптар; өнімнің өмірлік кезеңдері ескерілген.

Өндіруші мен тұтынушылар арасында сапа түсінігі өзара байланысты. Өндіруші өнімді тұтынудың барлық кезеңінде сапа тралы қамқорлық білдіру қажет.

Басшы әкімшілік экономика жағдайында сапа өндіруші тарапынан білінеді. Ал нарық экономикасында сапа тұтынушы тарапынан қарастырылады.

«Бахус» ашық акционерлік қоғамында өндірілетін өнімдер патентпен қорғалған, бәсекелестік қабілеті жоғары, тұтынушылар арасында сұранысы жоғары.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. 2017 жылғы 31 қаңтар.
2. Кишковский З.Н., Мержаниан Технология вина. Москва, 2010-254 б.
3. Катарьян Т.Г. Винное производство Москва. Пищепромиздат, 2010-56 б.
4. Фомин В.Н. Квалиметрия. Сапаны басқару. Сертификация. 2012-383 б.
5. Асембаева М.Қ. Квалиметрия. Оқу құралы. Алматы, 2013-54 б.

**Жарылғапова М.Е.**, Ст-11к тобы, ҚҚЭУ ЭБҚ колледжі  
Ғылыми жетекшісі: химия пәнінің оқытушысы Макжанова А.Б

### **САПАЛЫ НАНДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ?**

Дұрыс тамақтану мәселесі қоғамның барлық салалары үшін маңызды болып табылады: тамақтану дененің физиологиялық функцияларын бақылаудағы негізгі факторлардың бірі және алдын-алуда маңызды фактор болып табылады, ал кейбір жағдайларда емдеудің маңызды компоненті [1, 26.]. Бұл жағдай жан-жақты және жүйелі жалпы салауатты тамақтану және денсаулық сақтау ағымдағы проблемаларды шешуге қабілетті мамандар санының кеңейту талап етеді, және сол уақытта, сапасын бақылау және азық-түлік қауіпсіздігі білімін, тауартану және презентация консалтинг ие. Осы кәсіби салада жоғары білікті кадрларды даярлау мәселесі біздің аймақтың және тұтастай алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен маңызға ие.

Нан «Бүкіл басшы» болған. Енді нанға деген көзқарас өзгеше: кейбір диетологтар нан жеуге тыйым салады, кейбір диетологтар бидай нанын рационанынан алып тастауға кеңес береді. Нанның пайдасы ма зияны көп пе?

Нан негізінен құнды болып табылады, себебі ол бізді шайнауға мәжбүр етеді. Біздің дәуірде іс жүзінде жердегі тағам сатып алғаннан өте бағалы және оның пайдалы қасиеттерінің тізімінде тағы да пайда болады: целлюлоза - тағамдық талшықтар, ол сыпырғыш секілді, ішектегі заттардың артығын жояды. Айтпақшы, талшығы да жақсы, өйткені ол ауызды жақсы тазалайды, сондықтан нандысоңына дейін жемеген жөн, тағамның соңында бір «тістелген жерін» қалдырып, жақсылап шайнаңыз. Мысалы, нан – көптеген пайдалы аминқышқылдар бар өсімдік ақуызының маңызды көзі болып табылады. Сонымен бірге, күніне 3-4 рет тұтыну кез-келген артықшылықты азайтады. Тым көп нан денсаулықты бұзады. Дәрігерлер нанның ешқашан ет өнімдерімен араласпауы керек деген ойда. Дегенмен, егер сіз қытырлақ қайнатқышты кефирмен немесе көкөніспен ірімшікке айналдырсаңыз, бұл сіздің асқазаныңыз үшін шынайы сыйлық болады.

Нандағы май өте аз, бірақ пайдалы көкөніс көмірсулар көп, әсіресе қоспалармен байытылған нан - кептірілген жемістер, жаңғақтар, тұқымдар мен кебек. Нансыз диетаға отыратындар, екінші күні-ақ, мазасызданып жатқаны байқалады. Өйткені, нанның мол мөлшері бар В дәруменінің болмауы денеге «бақыт гормонын» шығаруға мүмкіндік бермейді [2, 36.].

Лецитин, метаболизм процестерін қалыпқа келтіретін зат, сондай-ақ бидай кебек және соя ұнын қосатын нан, атеросклероз, семіру, бауыр ауруы және жүйке таусылуы үшін

пайдалануға ұсынылады. Қырыққабат қыртысының рецептіне емдік нанның кейбір түрлерін қосқанда қалқанша безі мен жүрек-тамыр жүйесі ауруларына арналған өте тиімді өнім болып табылады. Қарт адамдар үшін ұнтақталған астық пен кебек бар диеталық нандарда қолданған жөн.

Зерттеушілер нанның қабығындағы антиоксиданттардың көпшілігін анықтады, және ол нанның бүкіл сынығынан гөрі әлдеқайда көп пайда әкеледі. Кебекпен сапалы бидай ұны, керісінше, салмақ проблемасымен күресуге көмектесетін өнімдердің бірі болып табылады. Таңертең нанды тамақтану әсіресе пайдалы, сондықтан классикалық ағылшын таңғы ас - апельсин шырыны бар тосттар - күннің басында тамаша тамақ деп санауға болады. Сонымен қатар, кептірілген нан мүлдем жаңа және жұмсақ қарағанда организммен жақсы сіңеді.

Нанды диетадан толығымен алып тастау мүмкін емес. Толыққандылыққа бейім адамдар үшін, ең алдымен, тәттілерден бас тарту керек, ал нан саны күніне 2-3 бөлікпен шектелуі мүмкін [3, 4б.]

Нан сапасын қалай таңдауға болады? Дүкенде нанды таңдап, сыртқы келбетін, қыртыстың және қыртыстың күйін, иісі мен дәмін байқаңыз.

Ауыр және жабысқақ нан денсаулыққа қауіпті. Тұтастай алғанда, нанға қарап дәмін көруге деген ықылас тудыруы қажет. Мысалы, кесілген нан (нарезной бастон) алтын түстес біркелкі, күйіп кетпеген және де тиянақты кесілген болуы керек. Егер наннан күдіктенетіндей иіс шықса, мысалы, өткір ашытқы иісі шықса бұл нанды сатып алудан бас тартқан жақсырақ болар еді өйткені өндіріс технологиясы дұрыс емес екендігі айдан анық.

Жиі супермаркеттерде ыстық нан және тез дайындалатын нандар сатылатын шағын наубайханалар таба аласыз. Мұндай дәмді және ауыз суаратын нан ұннан емес, дайын қоспалардан дайындалған. Араластырылған нан элита ретінде жіктеледі, ол нәзік дәмге ие және астық, кебек және тұқымдарды қосу есебінен қоректік құнды арттырады. Дайын қоспалардың технологиясы нанды бір сағатта пісіруге, сапасыз ұнды түзетуге мүмкіндік береді.

Мен зерттеу жүргізген кезде оқушылардан, сатып алушылардан және дүкен сатушыларынан сауалнама алдым.

#### Кесте 1. Дүкен сатушыларының сауалнамасы

Сатушыларға қойылған сұрақтар	Жауаптары
Нанды қайдан алып келеді?	Әр түрлі наубайханалардан
Қаншалықты жиі жеткізеді?	Күн сайын
Қандай нанның түрін көп алады?	Сарыарқа нан
Тәулікте қанша нан қалады?	Әрқалай, кейде қалады, кейде қалмайды

#### Кесте 2. Сатып алушыларға қойылған сұрақтар

Сұрақтар	Студенттер	Жұмыскерлер	Зейнеткерлер
Қаншалықты нанды жиі пайдаланасыз?	Күніне 2-рет	Күніне 5 рет	Күніне 3-4 рет
Қай нанның түрі ұнайды?	Тығыз	Жеткілікті	Жеткілікті
Нанды өздеріңіз пісіресіз бе?	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Үйде тұрған нан көгерді ме?	Жоқ	Иә, кейде	Жоқ

#### Кесте 3. Студенттерге қойылған сұрақтар

Сұрақтар	Жауаптары
Қаншалықты нанды жиі пайдаланасыз?	Аптасына 1рет- 4, күніне 1 рет- 3, күніне 2-3рет - 10

Қай нанның түрі ұнайды?	Батон-4, Тәтті-6, қара нан-3, ақ нан-6
Үйде тұрған нан көгереді ме?	Жоқ-14, ия-4, кейде-1
Нанды өздеріңіз пісіресіз бе?	Жоқ-15, ия-2, кейде-2

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Энциклопедиясы "Қазақ Энциклопедиясы", 6 том.
2. <http://5ballov.qip.ru/referats/preview/101757>.
3. <http://portfolio.1september.ru/work>.

**Жарылғасын Н.Н.**, С-12ск тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекшісі – х.ғ.к., доцент Каримова Б.Н.

### **КҮНБАҒЫС МАЙЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, АДАМ ӨМІРІНЕ ӘКЕЛЕТІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ**

Тағамдық майлар - қай ұлттың тағамдарын алсақ та майсыз жасалмайды. Себебі, май барлық азықтардың негізгі нәрі, ең негізгі құнары. Майлар жоғары каллориялы тамақ өнімдері болып табылады. Организмде 1г май тотыққанда 37,7 кДж немесе 0,3 ккал энергия бөлінеді. Майлар жылу бөлүмен қатар маңызды физиологиялық мәнге ие. Майлар адам организміне қажетті май қышқылдарын, дәрумендер, фосфатидтер және басқа заттар алады. Биологиялық жағынан өсімдік майлары құнды болып саналады, олардың құрамында қаныққан май қышқылдары және арахидон болады. Бұл май қышқылдары атеросклероз ауруын тудыратын заттардың түзілуін тежейді. Майлар жеткіліксіз мөлшерде қабылданса, организмнің суықпен инфекциялық ауруға қарсы тұру қабілеті төмендейді. Майлар тамақ өнімдерін аспаздық өндеуде маңызды орын алады. Көптеген майлар ыдырамайды, жанып кетпей қыздырудың өте жоғары температурасы (200-300) ұстап тұрады, ароматты және бояғыш заттарды жақсы ерітеді. Осыған байланысты дәмді, хош иісті және сыртқы түрі әдемі тағамдар алуға болады, май ең күшті энергия көзі. Қазіргі таңда дүкен сөрелерінде күнбағыс майының түр-түрі бар. Таңдау – өз еркімізде. Бірақ оның сапасын, қалай жасалғанын бәріміз біле бермейміз. Осы сұрақ бойынша келесі мәселелерді қарастырсақ:

1. Күнбағыс майының дайындалуы
2. Рафинадталған және рафинадталмаған күнбағыс майларының айырмашылығы неде?
3. Берілген күнбағыс майларының құрамын анықтап, сапалысын анықтау
4. Студенттердің арасында сауалнама жүргізу

Күнбағыс майы арнайы фабрикаларда дайындалады және де келесі этаптардан тұрады:

- Күнбағыс дәндерінің егінің арнайы комбайн жинау. Сағат сайын комбайн 5 тонна күнбағыс дәндерін жинайды;
- 5 тонна күнбағыс дәндері зауытқа жеткізіліп, әр жерінен сынақ үшін үлгі алады;
- Үлгі ретінде алынған күнбағыс дәндері лабораторияға жеткізіледі. Лабораторияда дәндерді сынап, қанша пйыз күнбағыс майы шығатынын анықтауға болады;
- Күнбағыс дәндерін арнайы аппараттарға түсіреді;
- Құбырлар арқылы дәндерді виброситаға жеткізеді, ол дәндердің арасынан ірі коқыстарды алып шығады;
- Дәндерді тазалау;
- Пресстеу аппаратымен дәндерді сығу арқылы май алады;
- Үлгі алу;
- Қоспалардан тазарту, рафинаттау және майды фильтрлеу. Бұл процесстер май түссіз болғанша жүреді. Фильтр ретінде ағартқыш блшық немесе диотомин қолданады.

- Зауытта сағат сайын 50 тонна күнбағыс дәндерінн 20 мың бөтелке күнбағыс майын алады

Күнбағыс дәндерінен сығымдау немесе экстракциялау арқылы алынады. Тазалау әдісіне байланысты ол рафинатталған, гидратталған, рафинатталмаған болып бөлінеді. Рафинатталмаған және гидратталған майды жоғары, бірінші, екінші сортқа бөледі. Рафинатталған май сортқа бөлінбейді.

Механикалық тазалау - майды тұндыру, фильтрлеу немесе центрифугалау арқылы бөгде қоспалардан тазартылады. Механикалық тазалаудан ғана өткен майды рафинадталған деп атайды.

Рафинадталған күнбағыс майы – түрлі қоспалардан тазартылған, түссіз болып келеді және майдың бұл түрінің жарамдылық мерзімі ұзақ болады.

Рафинадталған майдан маргарин, майонез, аспаз майын, консервіленген тағамдарды дайындауға болады.

Тазартылмаған майда күнбағыс тұқымдарына тән иісі мен дәмі болады. Салаттар жасғанда қоспа ретінде қолданылады. Тазартылмаған майды қолдануға болмайды, өйткені оның дәмі жағымсыз болады, сонымен қатар ағзаға зиян келтіруі мүмкін, себебі канцерогенді заттардың белгілі бір мөлшерін шығарады.

Тазартылмаған күнбағыс майы адамға қажетті май қышқылдары, витаминдер мен минералдардан тұрады. Оны пайдалану тері ауруларының қаупін азайтады, балаларда кездесетін рахит ауруының алдын-алуға көмектеседі. Сонымен қатар, оның көмегімен сіз артық холестеринді ағзадан алып тастай аласыз, қан тамырларын тазартып, мидың қан айналымын қалыпқа келтіруге болады.

Рафинадталмаған майды қолданғану майдың нормадан асып кетуіне әкелуі мүмкін, ұсынылатын тәуліктік доза күніне 2-3 ас қасықтан артық емес. Бұған қоса, осы өнімнің жоғары калориялығы диетаны ұстанатын адамдарға жарамайды. Күнбағыс майымен қайтадан қуыру зиянды заттардың булануына ықпал етеді.

Тазартылмаған күнбағыс майы майлы өнім болып табылады және құрамында 99,9% май бар, онда белок немесе көмірсулар жоқ. Құрамында зиянды компоненттер мен түрлі тағамдық қоспалар жоқ. Өсімдік майының қоректік құндылығы - организмнің клеткаларды емдеуге және нығайтуға қажет майлы қышқылдардың болуы. Рафинадталмаған өсімдік майының құрамында магний, кальций, темір, йод және мырыш бар, бірақ бұл минералдардың мөлшері аз.

Қазақстан Республикасының территориясында Күнбағыс майын жасап шығару бойынша арнайы құжат: ГОСТ 1129-2013 Мемлекетаралық стандарт. Күнбағыс майы. Техникалық шарт 01.06.2015 жылдан бастап енгізілді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <http://ansya.ru/health/tama-nimderi-ndirisini-tehnologiyasi-2/pg-7.html>
2. <https://womanadvice.ru/nerafinirovannoe-podsolnechnoe-maslo-polza-i-vred>
3. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31682115](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31682115)

**Кабыкенов Н.К.**, С-32к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жар Ж.Ж.

### **ШАЙ ӨНІМІНІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. Біз осы мақсатқа қарай табандылықпен ілгерілей береміз. Жаһандық бәсекелестіктің өсуі және әлемдегі тұрақсыздық жағдайында, 2012 жылы халқыма ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиясының өзектілігі арта түседі. Біз қиындықтарды уақтылы болжай алдық. «Нұрлы жол» экономикалық саясатының және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының

нәтижесінде осынау қиын, жаһандық трансформацияның алғашқы кезеңінен лайықты өтіп келеміз. Тек 2014-2016 жылдар аралығында біз экономиканы қолдауға қосымша 1,7 триллион теңге жұмсадық. Мұның барлығы экономикалық өсімді және бизнесті қолдауға, 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, 2017 жылы біз ішкі жалпы өнімнің 1% өсімін қамтамасыз еттік. Бұл қазіргі күрделі жағдайда айтарлықтай маңызды. Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз [1].

Шай үлгісін ақ қағаз бетіне төгіп оның салмағының біртектілігін, түсін, оралғандығын, саманың ірілігін, сабақтары мен шаңын, алтын типсаның болуын анықтаймын.

Шайдың да алғаш шыққан жері Қытай деп білінеді. Аңыз бойынша б.з.д. 2500 жылдары Қытай императоры Шен Йонг гигиена ретінде суды қайнатып ыстықтай ішкен екен. Жаздың ыстық күнінде қайнаған суына кездейсоқ екі-үш түйір жапырақ түседі. Император ыстығын басып, өзін сергіткен бұл сусынды қатты ұнатқан екен деседі. 758 жылы философ Лу Йу шай қалай өсіріліп өңделетінін, қалай демделетінін қаламға алып «Шай қаруы» атты кітап жазған. Жапондар шайды «Ча-но-йо» атты рәсіммен ұсынатын болған. Какузо атты ақындары шайнама атты еңбегінде шайды құдайдың берген ниғметі ретінде мақтап жазған. Еуропаға шайды Венециялық саудагерлер алып барған. Шайды кеңінен саудалағандар болса 1560 жылдардан бастап Португалиялық саудагерлер болды. Өте бағалы болғандықтан тек дәріханаларда сатылып, тек байлар ғана іше алатын. Ағылшындар Үндістан мен Цейлондағы коллонияларында шай өсіріп Қытайдың монополиясына бәсекелеп нарықты қолдарына түсірді.

Шайдың екі түрі танымал: қара шай және көк шай. Қара шай көп өңдеулерден өтеді. Алдымен ыстық ауа арқылы жартылай құрғатылады. Кейін жапырақтар сығылып сөлі шығарылады. Онан соң ферментациядан өтеді. Салдарында түсі қараяды. Кейін жапырақтары бұталарынан тазаланады. Көк шайдың өңделуі қысқа. Жапырақтары бұталардан ажыратылған соң ферментацияға алынады. Көк шайдың түсі ашық түсті және қышқылды болады. Зәр айдаушы қасиеті бар. Қара шай нәзіктеу келеді, жарық өткізбейтін ыдыста сақтау керек. Жеміс-жидек және гүл негіздерімен хош иістендірілген шайлар да бар. Ең мәшһүрі бергамут майымен өңделіп дайындалған шай.

Қара шайдың сапа деңгейін бағалаудың мақсаттары:

- Қара шайдың өнімін бағалау;
- Қара шайдың қауіпсіздік деңгейі;
- Қара шай экологиялығының деңгейі;
- Қара шай сапасының тұрақталағы;
- Қара шайдың сапа деңгейін бағалаудың ең негізгі мақсаттарына осылар жатады.

Шайдағы кофеин мидағы капиллярларды кеңейтіп, мидағы қысым азаяды, бас ауруы да осы себепті тоқтап, адам рахаттанады. Біздің еліміз шай тұтынудан Үндістаннан кейін 2-ші орын алады. Шай ішу дәстүрі ежелгі Қытай елінен бастау алады. Аңыз бойынша желмен ұшып келген бірнеше шай жапырағы қытай императоры үшін дайындалып жатқан ыдыстағы қайнаған суға түсіп кетеді (б.з.д.VI ғасыр ). Сусын өзінің дәмімен және қош иісімен билеушіні қатты қызықтырады. Сол күннен бастап ол өзінің қол астындағыларға шай демдеп, оны ішуді бұйырады.

Ал Ресейге шай 1638 жылы келіпті. Орыс елшісі Стариков Мәскеу патшасына Монғол ханның сыйлыққа берген шайын әкеліп береді. Алғашқыда патша бұндай сыйлыққа қатты ашуланыпты. Бірақ кейін жаңа сусын патшаның көңілінен шығады.

Шай Жапонияға XII ғасырда Қытайдан келіпті. Жалпы шайды батыста «ти» десе, шығыста «шай» деп атайды. Шай (Thea) – шай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаштар мен бұталар туысының бір түрі болып саналады. Оның жапырағынан шай дайындалады. Шайдың жабайы өсетін екі түрі бар. Олар: Қытай шайы (екі түр тармағы (қытай және жапон) бар) Оңтүстік – Шығыс Азияның таулы аймақтарында өсетін, 3 м бұта, ассам шайы (бірнеше түр тармағы (ассам, лушан, нага, хилл, манипурий, бирма, шан, юань т.б.) бар) Үндістанның Ассам ормандарында өсетін, биіктігі 10 – 15 метрлік ағаш. Бұл екі шайдың табиғи гибриді -

цейлон шайы деп аталады. Оның да екі түрі бар. Олар жер шарының тропиктік және субтропиктік аймақтарында өсіріліп, өнім алынады. ТМД елдерінде Әзербайжан, Грузия, Ресейдің Краснодар өлкесі мен Грузия жерлерінде қытай шайының негізінде шайдың бірнеше сұрыптары өсіріледі. Шай ағашы 100 жылдай өмір сүріп, 70 жылдай өнім береді.

Шай - жас жапырақтардан, бұрлерден өндіріледі. Алғашқы өнім–бірінші вегетациядан кейін жиналады. Шай өнімдерінің ішінен (барлығы төртеу болады) ең бағалысы бірінші және екінші бұрлері. Бірінші өнім,әдетте,ақпан айынан бастап сәуір айы бойы жиналады.

Шайдың ғылыми атауы – Қытай Камелиясы. Шай бұтасы күй –талғамайтын өсімдік,бірақ жер қыртысы мен климаттық жағдайлардың өзгерісін жылдам сезінеді. Ботаникалық сипаттамасы сәйкес шай бұтасы – тамырлы, өзекті, көпжылдық, мәңгі жасыл бұталы өсімдік. Жапырақтары кезектесе орналасқан, қалемше тәріздес, жылтыр, шеттері өткір тісті , ұзындығы 7 сантиметрге дейін, ені 4 сантиметр,үстіңгі жағы – қою–жасыл,төменгі жағы–ашық жасыл түсті болады.

XIX ғасырдың ортасында *Nemileia vastatrix* вирусына орай Цейлонда шай пайда болды. Бұрын Шри-Ланкада тек кофе өсірілген, ал вирус барлық плантацияларды жойып жіберді. Сол кезде плантаторлар стратегиялық шешім қабылдады: осы плантациялар орнында басқа дақылдар өсіру керек. Бұл шешімді шотландтық Джеймс Тейлор қабылдады – нақ осы кезден бастап цейлон шайының тарихы басталады.

Барлық арал бойынша жағдайдың бірдей болғандықтан цейлон шайының сұрыптары үнді шайына қарағанда неғұрлым біркелкі. Дүкенге келіп түсетін Цейлон шайы – бұл көбіне үздік сұрыптардың қоспалары, араластырма. Оның үстіне Шри-Ланкаға келген әр саяхаткерге «шай жинаушы» ойынын ойнау ұсынылады. Өз ролыне жақсы ену үшін саяхаткер таң атқаннан қолына себетті алып, плантацияларды кезіп жүріп шай жинау керек. Бірақ Шри-Ланка аралының кәсіби шай жинаушылары – әйел адамдар, оларға иіс сулар мен опа-далаптық бояуларды пайдалануға тыйым салынған, олар құнды шайдың нәзік жапырақтарын зақымдамас үшін тырнақтарын ұзын етіп өсіреді. Шай жылдам бүлінетін өнім болғандықтан аралдағы барлық шай фабрикалары плантацияға жақын жерде орналасқан. Шайдың ең үздік сұрыптары тату бөлмесінде ұсынылады – сіз олардың әрқайсысын тата аласыз. Бірегей дайындалған тұндырма «тостағандағы өбіс» деп аталады.

Шай — сергіткіш, жанды жадыратып, шөлді қандыратын сусын. Шайдың отаны Қытай елі болып табылады. Ертеректе, 4 мың жылдай бұрын, Қытайда шайды дәрі ретінде пайдаланған. Кейіннен емдік сусын ретінде пайдаланады. Ол кездегі шай мен қазіргі шайдың айырмашылықтары баршылық. Мысалы, ол кезде шай жабайы өсімдік болатын, ал қазіргі шайлар мәдени өсімдікке жатады.

Шай түрлері. Шай – бүкіл ғаламда кең таралған сусындардың бірі болып саналады. Шай минералды заттарға бай. Шайдың құрамында 20 жуық аминқышқылы табылған, ал оның құрамында барлық алмастырылмайтын заттар: көмірсутектер, пектиндік заттар, органикалық қышқылдар, эфир майлары және басқа да биологиялық белсенді заттар шай хош иісінің қатысушылары болып табылады. Шай өндіру - біздің эрамызға дейін бірнеше ғасырлар бұрын Қытай елінде бастау алған. Қазіргі уақатта шайды 20 астам әлем елдерінде істеп шығарылады, бірақ Азия континентінің : Индия, Қытай, Шри Ланка, Жапония, Индонезия елдері негізгі істеп шығарылатын елдер болып саналады. Жиында жаңадан көрінген екі-үш жоғарғы жапырақтары бар өркендер мен гүлдемеген бұршіктерді жинайды.

Қытай шайы. Бір кесе қайнатылған суға бір шай қасық көк шай қажет. Жылытылған ыдысқа, құрғақ шай салынады, үстіне ыстық су құйылып, 3 минут өткен соң алдын-ала жылытылған фарфор ыдысқа аударып құяды. Қытай шайын ыстықтай сораптап ішеді. Оған қант, басқа да тәтті заттар қосылмайды.

Жапон шайы. Оны әзірлеуге ½ литр қай-натылған су, 1,2 шай қасық құрғақ шай қажет. Арнайы ыдысқа салынып ұнтақталған шай алдын-ала жылытылған ыдысқа салынады. Оның үстіне 60 градусқа дейін ысытылған қайнаған су құйып, қою шай дайындалады. Сонда бұл шайдың хош иісі бұрқырайды.

Ағылшын шайы. Бір кесеге бір шай қасық шай, оған қоса шайнекке осыншама шай, қайнаған су, сүт, қант қажет. Шайға қайнатылған су қосып, 5 минут ұстайды. Сосын ыстық ыдысқа аударып құяды. Жақсылап жылытылған кесеге сүт құйып (көлемі  $\frac{1}{4}$  деңгейінде) шай тұнбасын қосады.

Көк шай – бұл атау Күн көзіне кептірілген соң берілген. Шайды дұрыс демдеу өте маңызды. Егер ыстық суды құярда сәл қателессеңіз, қатты қайнап кетсе немесе қайнамаған болса, дәмі бұзылады деп есептеніз.

Сары шай - өте сирек кездеседі және шайдың ең қымбат түрі. Жылына 300 – 600 келі ғана өндіріледі. Бір ғана жерде, Дунтиху өзені ортасындағы аралда өседі. Өте қатқыл, әсері күшті. Дайындалу процедурасын қытайлықтар өте құпия ұстайды. Адам қуатын тез арада қалпына келтіреді.

Улун шайы – жартылай ферментті, ашық түсті. Жапы-рақты. Бас пен ми жұмысына күш түскенде өте жақсы жәр-демдеседі.

Қызыл шай – (бізше қара шай) – күшті ферменттелген шай. Бұл да көк шайға жатады, бірақ жиналғаннан кейін өте жоғары температурада кептірілген. Қарт адамдарға қуат – күші төмендегенде шипалы.

Гүлді шай – гүлмен дәмін келтірген, жан рақаты үшін ішеді.

Шай – байхоа шайы (үгітілген) және тақта шай (престелген) деп бөлінеді. Байхоа шайы: қара (ең көбірек тарағаны), көк және сарғыш қара, көк шай (қоспасы). Онда ақуыз заттары мен амин қышқылдары (16 пайыздан 25 пайызға дейін), пигменттер (баяғыш заттар 10 пайызға дейін), А1, В1, В2, РР, С тағы да басқа дәрумендер бар. Шайдың сергітетін әсері оның құрамындағы кофеинге байланысты. Оның мөлшері 4 пайызға дейін. Шайдың кофеині кәдімгі кофедегі кофеинге қарағанда әсері біршама жайлы, әрі ағзаға жиналмайды. Шайдағы эфир майы 0,006 – 0,02 пайызға жуық. Ол шайға хош иіс, тіл үйретін дәм береді. Көк шайдағы илік заттардың мөлшері әлдеқайда жоғары, 14 – 15 пайыз орнына 25 пайыз.

Қайнатылған жапырақтың түсін келесі жолмен анықтайды. Қайнатылған жапырақты шайнектің қақпағына салып, оны екі саусақпен сығады болып саналады. Қайнатылған жапырақтың түстері: жасыл, қызыл қоңыр, күңгірт. Соның ішінде қайнатылған жапырақтың ең жақсы түсі-жаңа мыс ақшаның түсі болып саналады.

Қара байхоа шайы кептірілген шай жапырағын түтікке бұрау (кей елдерде шоғырға, бытыраға) тотықтырғыш процесстердің активизациялары мен қайта өңделетін шикізаттың көлемін кішірейту үшін клеткаларды бұзады.

Қара шайдың фабрика сорттары. Қара байхоа шайы құрғақ сұрыптама кезінде шайды жапырақты (ірі) және сынған (майда) деп бөледі. Елендер мен қоқымдарды майда шайларға жатқызуға болады. Жалпы елендер тағам көлемі 15-17%, оны қара кірпіш шай дайындауға қолданады. Шайдың сортын лабораторияларда дәм тату негізінде алғашқы өңдеу специалистері –титестерлер анықтайды. Сонымен қатар өнім сапасы стандарт талаптарына сәйкес физика-химиялық көрсеткіштері есепке алынады: шай құрамындағы ылғалдылық 7 % көп болмауы керек, кофеин – сортына байланысты 2,8-1,8% дейін, танин – 11-8% дейін болу керек.

Көк байхоа шайы. Көк шай алудың технологиялық процесі келесі операциялардан тұрады: булау, кептіру, бұрау және сұрұптау, кептіру, құрғақ сұрыптау.

Химиялық құрамы. Шикізат сапасына байланысты шай жапырағының дымқылдығы 73-81%, құрғақ заттар 19-27 %. Дайын шайда масса дымқылдығы 3-7% шейін төмендейді, ал құрғақ заттардың мөлшері 93-97 % жоғарылайды. Шай шикізатының және дайын шайдың құрамындағы экстрактивті заттар - ең маңызды көрсеткіші болып саналады, оларға танин, ақуыз, қант, пектин, кофеин және тағы басқа суда ерігіш заттар компоненттері жатады. Шай жапырағында олар құрғақ салмақтың 41-58%, ал дайын қара байхоа шайында - 36,2-43,1% құрайды. Шай өсімдігінде кофеин жиналып пайда болады, ол шай жапырағының және шайдың 2-4% құрғақ салмағын құрайды. Шай жапырағының химиялық құрамына тән ерекшелігі құрамындағы жоғарғы ақуыз қоспасының болуы – құрғақ заттар 24,9-29,1%.



Бәрінен артық жаңа шай жапырағында ең аз көлемде альбумин болады. Шай жапырағының жасы үлкейген сайын оның құрамындағы жалпы және ерігіш азот азаяды. Қара шай иісінің құрылуына басты роль атқаратын ақуыз қоспасы – амин қышқылдары.

Шайдың витамин құндылықтары көбінесе полифенол құрамындағы Р- дәрумені белсенділігімен анықталады. Құрамында Р дәрумені бар шайға бүткіл әлем бойынша тең өсімдік жоқ. 1г дайын қара байха шайының құрамында 100 мг Р - белсенді қосулар (10%), ал көк бахоа шайында – 200 мг (20%). Жаңа шай жапырағы аскорбин қышқылдарымен бай, бірақ өңдеу кезінде С-дәрумені азаяды, әсіресе ферменттелген шайларда (қара және қызыл). Әр түрлі 100 г шай түрлеріндегі құрғақ заттардың құрамында (мг): С дәрумені – 10-134, тиамин – 0,03-0,1, рибофлавин – 0,6-1, никотин қышқылы – 5,4-15,2, пантотен қышқылы – 1,4-4. Сонымен бірге К дәрумені мен фолий қышқылы табылған [2].

Шай тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі. С дәрумені жетпеген адамға көк шай ішу қажет. Көк шайды дұрыс пайдалана білген адам ерте қартаймайды. Ол жүрек тамыр ауруларына, әсіресе, қан тасу мен атеросклероз сырқатын емдеуге шипа. Адамдардың ерте қартаюына, әжімнің ерте түсуіне ағзада дәрумендер мен микроэлементтердің аздығы басты себеп екендігі белгілі. Ал көк шай құрамында поливитаминді бұл жағдайда ынталандырушы құрал ретінде емдік, профилактикалық мақсаттарда сәтті қолдануға мүмкіндік мол. Тұнба құрамында алколоидтер мен дәрумендер болғандықтан, оның алкогольге қарсы күші де бар. Қытай, жапон елінде көк шай жоғары бағаға ие.

Шай демдегенде ерекше бап қажет. Аққұманды қайнаған сумен 2-3 қайтара шайып, оған шай (2 стақан суға 1 шай қасық) салып, үстіне қайнап тұрған суды, әуелі аққұманның  $\frac{1}{2}$  мөлшерінде құяды да, сәл-пәл қоя тұрады. Сосын отқа қойып бұқтырып алғаннан кейін, аққұманды бүркеп сүлгімен не арнайы жұмсақ шүберекпен 5-7 минут тұндырады да, толтыра қайнаған су құяды. Егер шай түбіне толық тұнса, оның әзір болғаны деп біліңіз. Бұқтырылған шайды қыздырмайды, қайнатпайды және келесі күні шамбасына шай қосып демдемейді. Шайға ас содасын, күйдірілген қантты қоспайды. Егер шайға жаңадан қайнатылған судың орнына тұрыңқырап қалған жылы суды құйса да дәмі кетеді. Шайды фарфор немесе фаянс шәйнекпен демдейді. Шайды метал шәйнекпен шығарса, ол құсып кетіп, хош иісі мен дәмін жоғалтады. Ыстық шай ағзаға зиян.

Шайды ыстықтай ішуге болмайды. Өйткені ыстық шай кеңірдекке, ас жолы мен асқазанға кері әсер етуі мүмкін. Ұзақ уақыт ыстық шай ішу ішкі органдарды ауруға ұшыратады. Температурасы 62 градустан жоғары шай асқазанды бұзады. Шайдың температурасы 56 градустан аспауға тиіс. Шай дайындау үшін суды ұзақ қайнатқан дұрыс. Болмаса шайдың фенолы, эфирлік компоненттері қышқылданады, шай тұнықтығынан, дәмінің сапасы мен хош иісінен айырылады. Шайды бірнеше рет қайнатып ішуге мүлде болмайды. Әдетте үш-төрт рет қайнатқаннан кейін шай жапырақтарында пайдалы заттардың 50 пайызы, екінші қайнатқанда 30 пайызы қалады. Осылайша, оның құрамындағы пайдалы элементтер біртіндеп азайып, бірнеше рет қайнатқанда ондағы зиянды заттар көбейе түседі [3].

Сондай-ақ бұл сусынды кішкентай шыныаяқпен ішу керек. Сонда шайдың керемет дәмін шын мәнінде сезінуге болады екен.

Қандай кезде шай ішпейді? Шайды көп ішетін елдер арасында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, адам басына шаққанда әр қазақ жылына 1-2 келі шай ішеді екен. Қазақтардың шайды қалай ішетіні туралы ХІХ ғасырдың орта шенінде жапондық зерттеуші М.Киттар «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да талғамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де іше береді» деген екен. Алайда дәрігерлердің кеңесі бойынша оңды-солды шай іше беру денсаулыққа зиян.

1. Аш қарынға суық шай ішпейді. Себебі ол өт пен асқазанға зиян. Керісінше, жылы және ыстық шай бойды сергітіп, сананы сейілтеді. Суық шай бүкіл ағзаны тітіркендіреді.

2. Тағамның алдында шай ішпейді. Өйткені шай сілекейді қышқылдандырып, оның дәмін сезуді қиындатады. Мұндай жағдайда ас қорыту қызметінің протеинді сіңіруі уақытша азайып кетеді.

3. Тамақтан соң бірден шай ішпеген жөн. Ішкіңіз келсе, жарты сағат күтіңіз. Өйткені шай құрамындағы танин, протеин мен темірдің қатқылдануы тағам сіңімділігін төмендете түседі.

4. Дәріні шаймен ішпейді. Себебі шай құрамындағы заттар ыдырағанда пайда болатын таниннің әсерінен дәрі сіңімділігі төмендейді. «Шай дәріні бұзады», — дейді ежелгі қытай ойшылдары [4].

